


Ә.Әбдіраманов

# ГИДРАВЛИКА

Есептер мен жаттығулар жинағы



$$\vec{F}_{av} = \rho D S (\vec{v}_0 \times \vec{\omega})$$

**Әбдіманап ӘБДІРАМАНОВ**

# **ГИДРАВЛИКА**

**ЕСЕПТЕР МЕН ЖАТТЫҒУЛАР ЖИНАҒЫ**

**Өндөлген, толықтырылған  
2-ші басылымы**

**Техникалық жоғарғы оқу орындары білімгерлеріне  
арналған оқу құралы**



**Тараз 2010**

УДК 661 (075)

ББК 30. 123 я 7

Ә 14

Пікір жазғандар:

**Қойбақов С.М.** – техникалық ғылымдардың докторы, профессор.

**Вагапов Р.И.** – техникалық ғылымдардың докторы, профессор.

**Ә 14      Әбдіраманов Ә.**

**Гидравлика. Есептер мен жаттығулар жинағы.**

Тараз: «Сенім», 2010 – 152 б.

**ISBN 978-601-7246-06-8**

Оку құралында сүйықтың тыныштық күйі мен қозғалыстағы ерекшеліктері, гидравикалық кедергілер мен арын шығындары, сүйықтың тесіктер мен қондырмалардан ағып шығуы, құбырлар мен ашық арналардағы сүйық қозғалысы, суағарлар мен гидротехникалық құрылымдардағы ағыс, грунт суларының қозғалысы және гидравикалық құбылыстар мен процестерді модельдеу туралы есептер мен жаттығулар қарастырылған. Өмірде кездесетін әртүрлі ағындардың гидравикалық параметрлерін есептеу тәсілдері берілген. Есептеуге қажетті сұзбалар мен кестелер, есептер мен жаттығуларды шешуге керек болатын тіркемелік материалдар келтірілген.

Оку құралы жоғарғы оку орындарының инженерлік-техникалық мамандықтарының білімгерлеріне арналған. Сондай-ақ су шаруашылық саласында істейтін инженерлер мен техникалық қызметкерлерге де пайдалы.

**УДК 661 (075)**

**ББК 30. 123 я 7**

**ISBN 978-601-7246-06-8**

© Ә.Әбдіраманов, 2010

## **МАЗМҰНЫ**

<b>Алғы сөз .....</b>	<b>4</b>
<b>Өлшем бірліктерінің халықаралық жүйесі (СИ) .....</b>	<b>5</b>
<b>1. Сұйықтар және олардың физикалық қасиеттері .....</b>	<b>6</b>
<b>2. Гидростатикалық қысым .....</b>	<b>12</b>
<b>3. Сұйықтың абсолюттік және салыстырмалы тыныштық күйі...</b>	<b>28</b>
<b>4. Жазық және қисық беттерге түсетін сұйықтың қысым күші...</b>	<b>37</b>
<b>5. Сұйық кинематикасы. Гидродинамика негіздері .....</b>	<b>53</b>
<b>6. Қысқа және ұзын құбырлар. Гидравликалық кедергілер .....</b>	<b>68</b>
<b>және арын шығындары .....</b>	
<b>7. Сұйықтың тесіктер мен қондырмалардан ағып шығуы .....</b>	<b>89</b>
<b>8. Жасанды суеткізгіштер мен ашық арналардағы сұйықтың қозғалысы .....</b>	<b>102</b>
<b>9. Екі қосынды сұйықтар қозғалысы .....</b>	<b>118</b>
<b>10. Грунт суларының қозғалысы .....</b>	<b>130</b>
<b>11. Ұқсастық және өлшемдер теориясы. Құбылыстар мен процестерді модельдеу .....</b>	<b>133</b>
<b>Тіркемелер .....</b>	<b>146</b>
<b>Пайдаланылған әдебиеттер .....</b>	<b>150</b>

## АЛҒЫ СӨЗ

Оқу құралы бакалавриатураның «Су қорлары және суды пайдалану», «Мелиорация, жерді баптау және оны қорғау», «Сүмен қамтамасыз ету және ластанған суды әкету», «Гидротехникалық құрылымдар» және «Құрылыш», мамандықтары білімгерлеріне 2-ші рет, қайта өндөліп, толықтырылып ұсынылып отыр. Оқу қуралын техникалық мамандықтардың басқа түрлеріне де пайдалануға болады.

Есептер мен жаттығулардың жалпы мазмұны Ә. Әбдірамановтың «Гидравлика» оқулығымен және лабораториялық практикумымен (С.Жолдасовпен бірге жазылған) сарындас, бірін-бірі толықтырып түрады, біртұтас білім алуға ынғайлы етіп түзілген.

Оқу қуралына классикалық есептермен қатар тындан қуралған, қазіргі заманың оқыту бағдарламасына сай, есептер мен жаттығулар енгізілген. Мысалы, бұралған ағындар сипаттамаларын есептеу, сұйықтың айналмалы қозғалысына негізделген гидравликалық машиналар мен аппараттардағы процестердің параметрлерін анықтау, жабық және ашық каналдардағы ағынды ұлғілеу (модельдеу), т.б.

Әр тарау, кітаптың бірінші басылымындағыдай, жаттығулардан басталып, сандық есептерге ұласады. Күрделі деген есептерге, олардың шешімі берілген немесе ескертпелер келтірілген. Кітап сонында есептерді шешуге қажетті гидравликалық параметрлер туралы кестелер тіркелген.

Аға оқытушылар: С.Қ.Жолдасов және М.Абдиров, аспиранттар: Қ.Р.Жабагиева, Н.Ә.Әбдіраманов, Е.Тұнғышбаев және магистр Н.Ж.Жоламанов жинақтың 2-ші басылымына жаңа есептер ұсынды.

Кітап материалдарын теріп, суреттерін сызып, баспаға дайындаған Дина Әбдіманапқызы Әбдіраманова.

Оқу қуралына пікір жазған профессорлар С.М. Қойбақов пен Р.И. Вагаповтың ұсыныстары оқу қуралының сапасын арттыруға септігін тигізді. Жоғарыда аты аталған адамдарға ез ризашылығымды білдіремін.

Оқу қуралының мемлекеттік тілде алғаш шығуына байланысты кейбір олқылықтардың болып қалуы мүмкін, сондықтан кітапты пайдаланушылар тарарапынан, кітаптың сапасын арттыруға бағытталған ұсыныстар мен тілектер үлкен ілтиратпен қабыл алынады. Біздің мекен-жайымыз: Тараз қ., Сатпаев көшесі, 28, М.Х.Дулати атындағы ТарМУ, “Су ресурстары” кафедрасы.

*Автор*

## Өлшем бірліктерінің халықараллық жүйесі (СИ)

Бұрынғы Кеңес Одағында, 9867-61 мемлекеттік стандартымен 1963 жылы 1 қаңтардан бастап өлшем бірліктерінің халықараллық жүйесі (латынша SI, қазақша-орысша қысқартылып белгіленуі бойынша СИ) енгізілді.

1. Гидравликалық есептерде, 9867-61 мемлекеттік стандартымен (МеСТ-ГОСТ) енгізілген негізгі алты өлшем бірлігінің үшеуі қолданылады:

ұзындық - өлшем бірлігі метр (м);  
масса - өлшем бірлігі килограмм (кг);  
уақыт - өлшем бірлігі секунд (с).

Қосымша өлшем бірліктерінен гидравликалық есептерде, бұрыштарды өлшеу үшін радиан (рад) қолданылады. Төменде СИ бірліктерінен туындайтын, жиі пайдаланылатын атаулар келтірілген.

Аталуы	Өлшем бірлігі
Аудан	$1m^2$
Көлем	$1m^3$
Жылдамдық	$1m/c$
Үдеу	$1m/c^2$
Бұрыштық жылдамдық	$1рад/c$
Күш	$1H$ (Ньютон)
Қысым, жүктену	$1H/m^2$
Сүйкіткіш серпімділік модулі	$1H/m^2$
Тығыздық	$1кг/m^3$
Үлестік салмақ	$1H/m^3$
Динамикалық тұтқырлық	$1H*c/m^2$
Кинематикалық тұтқырлық	$1m^2/c$
Жұмыс, энергия	$1дж$ ( $1 джоуль = 1H*m$ )
Куат	$1вт$ ( $1ватт = 1дж/c$ )

2. МКГСС біртекті бірліктер жүйесі және СИ халықаралық жүйесі арасындағы, кейбір маңызды қатынастар:

$$\text{куш } P = 1 \text{кГ} = 9,81 \text{Н};$$

$$\text{қысым } p = 1 \frac{\text{кГ}}{\text{см}^2} = 10000 \frac{\text{кГ}}{\text{м}^2} = 98100 \frac{\text{Н}}{\text{м}^2};$$

$$\text{судың үлестік салмағы, } \gamma = \rho g = 1000 \frac{\text{кГ}}{\text{м}^3} = 9810 \frac{\text{Н}}{\text{м}^3};$$

судың тығыздығы,

$$\rho = \frac{\gamma}{g} = \frac{1000}{9,81} \approx 102 \text{кГ} \cdot \frac{\text{с}^2}{\text{м}^4} = \frac{9810 \text{Н}/\text{м}^3}{9,81 \text{м}/\text{с}^2} = 1000 \text{Н} \cdot \frac{\text{с}^2}{\text{м}^4} = 1000 \frac{\text{кг}}{\text{м}^3};$$

$$\text{жұмыс } 1 \text{кГ} \cdot \text{м} = 9,81 \text{Н} \cdot \text{м} = 9,81 \text{Дж};$$

$$\text{қуат } 1 \text{кГ} \cdot 1 \frac{\text{м}}{\text{с}} = 9,81 \text{Н} \cdot \frac{\text{м}}{\text{с}} = 9,81 \frac{\text{Дж}}{\text{с}} = 9,81 \text{Вт}.$$

3. Есептеудерді жүргізгенде кейбір шамалар өте үлкен немесе өте кіші мәндерден тұрады, сондықтан кейде оларды еселік немесе үлестік бірліктер, СИ бірліктері 10 санының дәрежесіне көбейту немесе бөлу жолымен түзіледі. Олардың атауларын, 7663-55 МeСТ-та атап өтілген халықаралық СИ жүйесінде немесе туынды бірліктермен біріктіріп алады.

$$\text{Мысалы, } p \cdot 10^3 \text{ Н} = p \text{ килоньютон} = p \text{ кН}$$

## 1. Сұйықтар және олардың физикалық қасиеттері

### 1.1-жаттығу.

Сұйықтың кинематикалық тұтқырлығының СИ – жүйесіндегі өлшем бірлігі қандай?

$$\text{Жауабы: } [v] = \frac{\text{м}^2}{\text{с}}.$$

## **1.2-жаттығу.**

Сұйықтың динамикалық тұтқырлығының СИ – жүйесіндегі елшем бірлігін келтіріңіз.

$$\text{Жауабы: } [\mu] = Pa \cdot c = \frac{Hc}{m^2}.$$

## **1.3-жаттығу.**

Динамикалық тұтқырлық коэффициенті СГС – жүйесінде қандай формуламен есептелінеді?

**Жауабы:**

$$\mu = \frac{0,0178\rho}{1 + 0,0337t + 0,000221t^2}.$$

## **1.4-жаттығу.**

Ауаның динамикалық тұтқырлық коэффициентін қандай формула арқылы табуға болады?

**Жауабы:**

$$\mu = 17 \sqrt{1 + 0,003665t} (1 + 0,0008t)^2 10^{-6}, \frac{H \cdot c}{m^2}$$

## **1.5-жаттығу.**

Тұтқырлықтың динамикалық коэффициентінің СИ жүйесіндегі елшем бірлігін табыңыз.

**Жауабы:**

Ньютон-Петров теңдеуінен

$$\mu = \frac{F}{S} \frac{dn}{du}, [\mu] = \frac{H}{m^2} \frac{m}{m/c} = \frac{H \cdot c}{m^2} = Pa \cdot c.$$

## **1.6-жаттығу.**

Тұтқырлықтың кинематикалық коэффициентінің СИ жүйесіндегі елшем бірлігін табыңыз.

**Жауабы:**

$$\nu = \frac{\mu}{\rho} \text{ байланыстырылғынан}$$

$$[\nu] = \frac{[\mu]}{[\rho]} = \frac{Pa \cdot c}{\frac{kg}{m^3}} = \frac{m^2}{c}.$$

## 1.7-жаттығу.

Мөлшерлері  $50 \cdot 40 \cdot 20 \text{ см}^3$  мұз бөлігі, температурасы  $T=20^\circ\text{C}$  суға толған ыдыста еркін жүзіп жүр. Мұздың салыстырмалы салмағы 0,9. Егер мұз еритін болса, ыдыстағы су деңгейі өзгерे ме? Өзгерсе, не үшін өзгеретінін түсіндіріп беріңіз.

*Жауабы:*

Иә өзгереді, өйткені мұздың тығыздығы судың тығыздығынан әлдеқайда кем.

## 1.8-жаттығу.

Мелдір цилиндр ыдыста глицерин, су, керосин қалай орналасатынын сызып көрсетіңіз.

### 1.1-есеп.

Су сыйымдылықтың бастапқы су көлемі  $W=2\text{m}^3$ . Су температурасы  $20^\circ\text{C}$ -ден  $40^\circ\text{C}$  дейін көтерілгенде судың көлемі қалай өзгереді?

*Шешімі:*

Судың көлемі көбейеді, оны мына формула бойынша табады

$$\Delta W = \beta_t W \Delta t.$$

Осы температура аралығында  $\beta_t = 0,000285 \text{ 1/град.}$

$$\text{Сондықтан } \Delta W = 0,000285 \cdot 2 \cdot 20 = 0,0114 \text{ m}^3 = 11,4 \text{ л.}$$

### 1.2-есеп.

Қысым  $9,8 \cdot 10^4 \text{ Па-ға}$  көбейгенде су көлемі бастапқы көлемінің  $1/20000$  бөлігіндегі шамага кемиді. Есептеп шығарыңыз.

*Шешімі:*

Судың көлемдік орташа сығыту коэффициенті  $\beta_c \approx 1/2 \cdot 10^{-9} \text{ Pa}^{-1}$ . Су көлемінің бастапқы көлемінен азауы

$$\Delta W = -\beta_c W_0 \Delta P$$

немесе

$$\Delta W \approx -(1/2 \cdot 10^{-9}) W_0 \cdot 10^5 \approx -(1/20000) W_0.$$

### 1.3-есеп.

Температурасы  $10^{\circ}\text{C}$  судың динамикалық және кинематикалық тұтқырлық коэффициенттерін есептеп шығарыңыз.

*Шешімі:*

Динамикалық тұтқырлық коэффициенті СГС – жүйесінде мына формуламен есептелінеді

$$\mu = \frac{0,0178\rho}{(1 + 0,0337t + 0,000221t^2)}$$

немесе

$$\mu = 0,0131 \frac{c}{\text{см} \cdot \text{с}} = 0,00133 \frac{\text{Н} \cdot \text{с}}{\text{м}^2}.$$

$$\nu = \frac{\mu}{\rho} = 0,0131 \frac{\text{см}^2}{\text{с}} = 0,00000131 \frac{\text{м}^2}{\text{с}}.$$

### 1.4-есеп.

Температурасы  $t=10^{\circ}\text{C}$  ауаның динамикалық және кинематикалық тұтқырлық коэффициенттерін есептеп шығарыңыз.

*Шешімі:*

Ауаның динамикалық тұтқырлық коэффициентін мына формула арқылы табуга болады

$$\mu = 17 \sqrt{1 + 0,003665t} (1 + 0,0008t)^2 10^{-6} \frac{\text{Н} \cdot \text{с}}{\text{м}^2}.$$

Жұықтап есептеу үшін одан оңайлау формула ұсынылады

$$\mu = \mu_0 \left[ \frac{(t + 273)}{273} \right]^{\frac{3}{4}} \frac{\text{Н} \cdot \text{с}}{\text{м}^2},$$

$\mu_0$  – температурасы  $0^{\circ}\text{C}$  кезіндегі ауаның динамикалық тұтқырлық коэффициенті,

$$\mu_0 = 17 \cdot 10^{-6} \frac{\text{Н} \cdot \text{с}}{\text{м}^2}.$$

Ал,

$$\mu = \mu_0 \sqrt[4]{(1,036)^3} \approx \mu_0.$$

Ауаның кинематикалық тұтқырлық коэффициенті

$$\nu = \frac{\mu}{\rho} = 0,0000016 \frac{\text{м}^2}{\text{с}}.$$

### 1.5-есеп.

Сонғы екі есепті талдаңыз:

- 1) Судың динамикалық тұтқырлық коэффициентінің ауаның осы көрсеткішіне қатынасы қандай  $\left( \frac{\mu_{cy}}{\mu_{aya}} \right)$ ?

- 2) Ауаның кинематикалық тұтқырлық коэффициентінің судың осы көрсеткішіне қатынасы қандай  $\left( \frac{v_{aya}}{v_{cy}} \right)$  есендін анықтаңыз?

**Жауабы:**

$$\left( \frac{\mu_{cy}}{\mu_{aya}} \right) = 78,23; \quad \left( \frac{v_{aya}}{v_{cy}} \right) = 1,23.$$

Сонымен,

$$\mu_{cy} > \mu_{aya}; \quad v_{aya} > v_{cy}.$$

### 1.6-есеп.

Артық қысымы  $P_{ap}=3900$  Па, температурасы  $t=227^{\circ}\text{C}$  күйіндегі ауаның тығыздығын табыңыз.

**Шешімі:**

Ауаның абсолюттік қысымын анықтаймыз

$$P_{abs} = 98100 + 3900 = 102000 \text{ Па.}$$

Ауаның абсолюттік температурасын табамыз  
 $T = 273+227 = 500 \text{ K.}$

Ауаның тығыздығын күй тендеуін пайдаланып шығарамыз

$$\rho = \frac{P_{abs}}{RT} = \frac{102000}{287 \cdot 500} = 0,71 \frac{\text{kg}}{\text{m}^3}.$$

$$R - \text{газ тұрақтысы}, R = 0,082 \frac{\text{л.а}}{\text{град.моль}} = 287 \frac{\text{Дж}}{\text{кг} \cdot \text{K}}$$

### 1.7-есеп.

Температурасы  $t=20^{\circ}\text{C}$  су мен сынаңтың капиллярлық көтерілу биіктігі қандай болады, егер шыны түтікшениң диаметрі  $d=3$  мм болса?

**Жауабы:**

10 мм, 4,8 мм.

**Ескерту:**  $h = \frac{4\alpha}{\rho gh}$ , а – беттік жиырылу коэффициенті:

$$\alpha_{cy} = 73 \text{дин}/\text{см}; \alpha_{сын} = 540 \text{дин}/\text{см}.$$

### 1.8-есеп.

Теніз суының тығыздығы  $\rho = 104,8 \frac{\text{kГ}\cdot\text{с}^2}{\text{м}^4}$  оның меншікті салмағын анықтаңыз.

**Жауабы:**

$$\gamma = 1028,1 \frac{\text{kГ}}{\text{м}^3} = 10085,7 \frac{\text{Н}}{\text{м}^3}.$$

### 1.9-есеп.

Бес литр мұнайдың салмағы  $G=4,25 \text{kГ}=41,69 \text{Н}$ . Мұнайдың тығыздығын, меншікті салмағын СИ және СГС жүйелерінде табыңыз.

**Жауабы:**

$$\rho = 850 \frac{\text{kг}}{\text{м}^3} = 0,850 \frac{\text{г}}{\text{см}^3};$$

$$\gamma = 8338 \frac{\text{Н}}{\text{м}^3} = 833 \frac{\text{дин}}{\text{см}^3}.$$

### 1.10-есеп.

Температурасы  $t=50^\circ\text{C}$  мұнайдың меншікті салмағы  $\gamma = 9 \cdot 10^3 \frac{\text{Н}}{\text{м}^3}$ , динамикалық тұтқырлығы  $\mu = 5,884 \cdot 10^{-3} \frac{\text{kг}}{\text{м}\cdot\text{с}}$ .

Мұнайдың кинематикалық тұтқырлық коэффициентін табыңыз.

**Жауабы:**

$$\nu = 6,4 \cdot 10^{-6} \frac{\text{м}^2}{\text{с}}.$$

## **2. Гидростатикалық қысым. Пъезометрлік және вакуумметрлік биіктіктер**

### **2.1-жаттығу.**

Су ішіндегі А нүктесіне түсірілген гидростатикалық қысым жоғарыдан төмен қарай  $\rho gh_A$  ( $h_A$ - нүкте терендігі) шамасымен сыйады, ал сол нүктеге гидростатикалық қысым төменинен жоғары қарай қандай шамамен әсер етеді?

**Жауабы:**  $p = \rho gh_A$

**Ескерту:** бұдан және қандай қорытынды жасауга болар еді.

### **2.2-жаттығу.**

Егер элементар сүйық параллелепипед абсолюттік тыныштық күйде болса (инерциялық күштер нөлге тең), оған тек қана ауырлық салмағы ғана әсер етсе, онда сүйықтың тепе-тендік күйінің дифференциалдық тендеулері (Эйлер тендеулері) қандай түрге енер еді?

**Жауабы:**

$$-\frac{\partial p}{\partial x} = 0; \quad -\frac{\partial p}{\partial y} = 0; \quad g - \frac{1}{\rho} \frac{\partial p}{\partial z} = 0.$$

### **2.3-жаттығу.**

Сүйық ішіндегі А, В, С нүктелері  $h_A$ ,  $h_B$ ,  $h_C$  - терендіктерде жатыр делік. Оларға әсер етуші гидростатикалық қысымдар  $P_A = P_0 + \rho gh_A$ ;  $P_B = P_0 + \rho gh_B$ ;  $P_C = P_0 + \rho gh_C$  болар еді ( $P_0$ -судың бетіне түсірілген сыртқы қысым). Осы тұжырымнан қандай заң өзі сұранып тұр?

**Жауабы:**

Паскаль заңы.

### **2.4-жаттығу.**

Гидростатика мәселелерін қарастырганда идеал сүйық немесе шынайы сүйық деп белудің қажеті жоқ, оның мәнісі неде?

**Ескерту:** Идеал сүйық пен шынайы сүйықтың анықтамаларын еске түсіріңіз.

## 2.5-жаттығу.

Еркін тұсу үдеуін  $g \cong 10 \frac{M}{c^2}$  деп санап:

а) бір атмосфералық қысым мен б) бір метр су бағанасының қысымы килопаскальмен есептегендеге қандай шамаларға тең?

**Жауабы:**

а)  $1a = 1 \frac{\kappa\Gamma}{cm^2} = 100 \text{ кПа};$

б)  $1 \text{ м.с.б.} = 10 \text{ кПа}.$

## 2.6-жаттығу.

Жұз метр су бағанасы әсер етіп тұрған ауданға мегапаскальмен (МПа) есептегендеге қандай қысым түсіп тұр?

**Жауабы:** 1 МПа.

## 2.1-есеп.

Сүмен толтырылған ыдыс түбіне түсетін толық гидростатикалық қысымды анықтаңыз. Үйдістың жоғары жағы ашық, еркін бетке атмосфералық қысым әсер етеді. Үйдістағы су терендігі  $h=0,50 \text{ м.}$

Есепті: 1) МКГСС жүйесінде; 2) Халықаралық бірліктер жүйесінде (СИ); 3) жүйелерден тыс механикалық бірліктерде, орындаңыз.

**Шешімі:** Бұл жағдайда  $p_0 = p_a$ , сондықтан толық қысым формуласын төмендегі түрде қолданамыз

$$p = p_a + \rho gh.$$

Толық қысым сонда тең болады:

1) МКГСС жүйесінде

$$p_a = 10000 \frac{\kappa\Gamma}{M^2}; \quad \gamma = 1000 \frac{\kappa\Gamma}{M^3};$$

$$p = 10000 + 1000 \cdot 0,50 = 10500 \frac{\kappa\Gamma}{M^3};$$

2) халықаралық бірліктер жүйесінде (СИ)

$$a) p_a = 9,81 \cdot 10^4 \frac{H}{m^2}; \gamma = 9810 \frac{H}{m^3};$$

$$p = 9,81 \cdot 10^4 + 9810 \cdot 0,5 = 103005 \frac{H}{m^2}.$$

$$b) p_a = 98,1 \frac{\kappa H}{m^2}; \gamma = 9,81 \frac{\kappa H}{m^3};$$

$$p = 98,1 + 9,81 \cdot 0,5 = 103,005 \frac{\kappa H}{m^2};$$

3) жүйелерден тыс механикалық бірліктерде

$$p_a = 1 \frac{\kappa \Gamma}{cm^2} = 1a; \rho g = 0,001 \frac{\kappa \Gamma}{cm^3};$$

$$p = 1 + 0,001 \cdot 50 = 1,05 \frac{\kappa \Gamma}{cm^2} = 1,05a.$$

## 2.2-есеп.

Алдыңғы есеп шарттымен, дәл сол жүйелерде ыдыстың түбіне түскен манометрлік қысымды анықтаңыз.

*Шешімі:*

$$1) p = \rho gh = 1000 \frac{\kappa \Gamma}{m^3} \cdot 0,5m = 500 \frac{\kappa \Gamma}{m^2};$$


$$2a) p = \rho gh = 9810 \frac{H}{m^3} \cdot 0,5m = 4905 \frac{H}{m^2};$$

$$2b) p = \rho gh = 9,81 \frac{\kappa H}{m^3} \cdot 0,5m = 4,905 \frac{\kappa H}{m^2};$$

$$3) p = \rho gh = 0,001 \frac{\kappa \Gamma}{cm^3} \cdot 50cm = 0,05a.$$

## 2.3-есеп.

Жабық ыдыстағы сүйиқтың деңгейімен, пьезометрдегі су бағанасының айырма биіктігін анықтаңыз. Үйдистағы су бетіне  $p_0 = 1,05a$  абсолюттік қысым түсіп тұр (1- сурет).



1-сурет

**Шешімі:** А нүктесі үшін тепе-тендік шартын түземіз. А нүктесіне сол жағынан түскен қысым,

$$p = p_0 + \rho g h_1;$$

оң жағынан түсетін қысым,

$$p = p_a + \rho g h + \rho g h_1.$$

Тендеулердің оң жақтарын теңестірген соң

$$p_0 = p_a + \rho g h.$$

Бұл тендеуді, кез-келген горизонталь кеңістікке орналасқан (мысалы 0-0 жазықтығы, 1- сурет) нүктелер үшін тепе-тендік шартын түзу арқылы да алуға болады. Пьезометрден мән алудың басы ретінде 0-0 жазықтығын қабылдал, жоғарыда алынған тендеуден

пъезометрдегі су бағанасының айырма биіктігін  $h$  табамыз. Биіктік  $h = \frac{P_0 - P_a}{\rho g}$  тең, яғни пъезометр сұйықтың бағаналық биіктігімен көрсетілген манометрлік қысым мәнін өлшейді.

Есептің шарты бойынша

$$p_0 - p_a = 1,05 - 1 = 0,05 \text{ а} = 0,05 \cdot 9,81 \cdot 10^4 \frac{H}{m^2} = 4905 \frac{H}{m^2};$$

$\rho g = \gamma = 9810 \frac{H}{m^3}$  деп қабылдап, айырма биіктікті табамыз,

$$h = \frac{P - P_a}{\rho g} = \frac{4905}{9810} = 0,5 \text{ м.}$$

## 2.4-есеп.

Пъезометр көрсетуі  $h = 0,8 \text{ м}$  (1-сурет) болғандағы  $p_0$  қысымын анықтаңыз. Манометрлік артық қысым неге тең?

**Жауабы:**

$$p_0 = 204048 \frac{H}{m^2} = 20800 \frac{k\Gamma}{m^2};$$


$$p_{ap.} = 7848 \frac{H}{m^2} = 800 \frac{k\Gamma}{m^2}.$$

## 2.5-есеп.

Баллон (түтікше) ішіндегі ауаның абсолюттік қысымы  $p_e = 0,94 \text{ а}$  (2-сурет) болғандағы, вакуумметрдегі судың қаншалықты биіктікке көтерілетінін анықтаңыз. Вакуумметрмен қандай қысым өлшенетінін түсіндіріңіз.

**Шешімі:**

0-0 горизонталь жазықтығына салыстырмалы телеп-тендік шартын түземіз. Іш жағынан әсер ететін гидростатикалық қысым,



2-сурет

$$P_{0-0} = p_e + \rho gh.$$

Сырт жағынан әсер ететін, 0-0 жазықтықтағы гидростатикалық қысым,

$$P_{0-0} = p_a.$$

Жүйе тепе-тендік қалыпта тұратындықтан,

$$p_a = p_e + \rho gh.$$

немесе

$$h = \frac{p_a - p_e}{\rho g}.$$

Сондықтан вакуумметр атмосфераға дейін жетпей тұрған қысымды немесе сұйықтың бағаналық биіктігімен көрсетілген вакуумды елшайді.

Сандық мәндерін қойсақ:

$$p_a - p_e = 1 - 0,94 = 0,06a = 0,06 \cdot 9,81 \cdot 10^4 = 5886 \frac{H}{M^2}.$$

$\gamma = \rho g = 9810 \frac{H}{m^3}$  кезіндегі сұйықтың көтерілу биіктігі

$$h = \frac{5886}{9810} = 0,6m.$$

## 2.6-есеп.

Вакуумметр көрсеткіші  $h = 0,7m$  су болғандағы баллон ішіндегі (2-сурет) абсолюттік қысымды  $p_{abc}$  және вакуумды  $p_{vac}$  анықтаңыз.

*Шешімі:*

Вакуумды анықтау үшін тәмендегі формууланы пайдаланамыз:

$$P_{vac} = P_a - P_e.$$

Мұнда,  $P_e = P_a - \rho gh$  болғандықтан теңдеу мына түрге енеді

$$P_{vac} = P_a - P_a + \rho gh = \rho gh.$$

Сонда,

$$P_{vac} = 9810 \frac{H}{m^2} \cdot 0,7m = 6867 \frac{H}{m^2}$$

немесе

$$P_{vac} = 1000 \frac{k\Gamma}{m^3} \cdot 0,7m = 700 \frac{k\Gamma}{m^2}.$$

Баллон ішіндегі абсолюттік қысым

$$P_{abc} = P_a - \gamma h = 10000 \frac{k\Gamma}{m^2} - 1000 \frac{k\Gamma}{m^3} \cdot 0,7m = 9300 \frac{k\Gamma}{m^2}$$

немесе

$$P_{abc} = 98100 \frac{H}{m^2} - 9810 \frac{H}{m^2} \cdot 0,7m = 91233 \frac{H}{m^2}.$$

## 2.7-есеп.

А баллондағы манометрлік ( $P_A$ ) және абсолюттік қысымды ( $P_{abc}$ ) екі жағдайға есептеніз (3-сурет):

1) баллонда және сол жақтағы түтікшеде – су ( $\gamma = 9810 \text{ Н}/\text{м}^3 = 1000 \text{ кГ}/\text{м}^3$ ), ал оң жақтағы түтікшеде – сынап ( $\gamma_{\text{сын}} = 133416 \text{ Н}/\text{м}^3 = 13600 \text{ кГ}/\text{м}^3$ );

2) баллонда және сол жақтағы түтікшеде – ая (  $\gamma_{\text{ая}} = 12,65 \text{ Н}/\text{м}^3 = 1,29 \text{ кГ}/\text{м}^3$ ), ал оң жақтағы түтікшеде су.

**Анықтау керек:** екінші жағдайда есептеген түтікшедегі манометрлік қысым ауаның қысым бағанасының қанша пайызын күрайды?

**Ескерту:** есепті шешу кезінде  $h_1 = 70$  см,  $h_2 = 50$  см деп қабылдаңыз.


**Жауабы:**

- 1)  $P_A = 59833 \text{ Н/м}^2 = 6100 \text{ кГ/м}^2$ ;  $P_{A,abc} = 157933 \text{ Н/м}^2 = 16100 \text{ кГ/м}^2$ ;
- 2)  $P_A = 4896 \text{ Н/м}^2 = 499 \text{ кГ/м}^2$ ;  $P_{A,abc} = 102996 \text{ Н/м}^2 = 10499 \text{ кГ/м}^2$ .

Аяқ қысымы, манометрлік қысымның 0,18 %-ын күрайды, соған орай, ауаның бағаналық қысымын бұдан кейін қарастырмасақ та болады. Сонда,  $P_A = 4905 \text{ Н/м}^2 = 500 \text{ кГ/м}^2$ ,  $P_{A,abc} = 103005 \text{ Н/м}^2 = 10500 \text{ кГ/м}^2$ .

## 2.8-есеп.

А баллондағы мұнайдың манометрлік қысымы  $P_A = 0,5a$  болса, (3- сурет), мұнай бағанасының биіктігі ( $\gamma_{мұн} = 7848 \text{ Н/м}^3 = 800 \text{ кГ/м}^3$ )  $h_1 = 60$  см болса, онда сынап бағанасының биіктігі  $h_2$  қандай болады?



3-сурет

**Жауабы:**

$$h_2 = 43,7 \text{ см}$$

## 2.9-есеп.

Манометр бойынша сынап бағанасының биіктігі  $h_2=50$  см болса, құбырдың А нүктесіндегі артық қысымын ( $P_{ap}$ ) анықтаңыз. Құбырдың ортасы, сынап пен судың арасын бөлген сзықтан  $h_1=80$  см төмен орналасқан (4- сурет).


*Шешімі:*

В нүктесіндегі қысымды табамыз:  $P_B = P_A - \rho gh_1$ , себебі В нүктесі А нүктесінен  $h_1$  мәнге жоғары орналасқан. С нүктесіндегі қысым да В нүктесіндегідей болады, су бағанасының қысымы  $h$  езара тен әсер етеді, яғни

$$P_{c,abc} = P_{A,abc} - \rho gh_1.$$

С нүктесіндегі қысым

$$P_{c,abc} = P_a + \rho_{сұн}gh_2.$$



4- сурет

Екі теңдеуді теңестірген соң:

$$P_{A,abc} - \rho gh_1 = P_a + \rho_{сұн}g h_2$$

Бұл жерден артық қысым

$$P_{ap} = P_{A,abc} - P_a = \rho_{сұн} g h_2 + \rho g h_1.$$

$\rho_{\text{сын}} = \gamma_{\text{сын}} = 133416 \text{ Н/м}^3$  және  $\rho g = 9810 \text{ Н/м}^3$  мәндерін орындарына қойсақ,

$$P_{ap} = 133416 * 0,50 + 9810 * 0,80 = 74576 \text{ Н/м}^2 = 7600 \text{ кГ/м}^2 \\ = 0,76 \text{ кГ/см}^2.$$

## 2.10-есеп.


Егер құбырдың орналасу ортасы A (4-суретте көрсетілгенмен салыстыру бойынша), су және сынап арасындағы бөлу сызығынан  $h_1 = 40 \text{ см}$  жоғары түрғанда сынап бағынасының биіктігін  $h_2$  анықтаңыз. Құбырдағы манометрлік артық қысымды, алдыңғы есептегідей  $74576 \text{ Н/м}^2 (0,76 \text{ кГ/см}^2)$  деп қабылданыз.

**Жауабы:**

$$h_2 \approx 30,9 \text{ см.}$$

## 2.11-есеп.

Құбырдағы артық қысым  $P=39240 \text{ Н/м}^2$  (5-сурет) және  $h=24 \text{ см}$  болғанда (жүйе тепе-тендік қалыптта түрған кездегі), манометрдегі сынап деңгейі қандай биіктікте ( $z$ ) тұрақталатынын анықтаңыз.



5-сурет

**Жауабы:**

$$Z = 60 \text{ см.}$$

## 2.12-есеп.

Жабық ыдыстағы (6-сурет) майдың  $P_{ap}$  қысым түсіп тұр. Майдың салыстырмалы үлестік салмағы 0,75.


Ідистағы майдың деңгейін өлшеу үшін оң жағына пьезометр қойылған. Сол жақтағы пьезометр ыдыстағы қысымды өлшеуге арналған.

*Анықтау керек:*

1) оң жақтағы пьезометр көрсеткіші  $h=80$  см болған кезде ыдыстағы ең үлкен артық қысым  $P_{ap}=5886 \text{ Н/м}^2$ , оны өлшеу үшін сол жақтағы пьезометрдің қандай биіктікке ( $Z$ ) көтеру керек;

2)  $h$  мәнін езгертпей, сол жақтағы пьезометр көрсеткіші  $Z=1,2$  м болғанда, ыдыстағы абсолюттік қысым неге тең болар еді?

*Ескерту.* Салыстырмалы үлестік салмақ дегеніміз – берілген сүйік салмағының,  $4^{\circ}\text{C}$ -тагы тұzsызданған су салмағына қатынасы. Қарастырылып отырған жағдайда  $\gamma_{\text{май}} = 0,75 \gamma_{\text{су}}$ .



6-сурет


*Жауабы:*

1)  $Z = 1,6 \text{ м}$ ; 2)  $P_{abc} = 101043 \text{ Н/м}^2 = 10300 \text{ кГ/м}^2 = 1,03 \text{ кГ/см}^2$ .

## 2.13-есеп.

В краны жабық және А краны ашық цилиндр ыдыска, атмосфералық қысымда,  $h = 100\text{cm}$  биіктікке дейін сынап құйылады.

Үйдис биіктігі  $H = 140$  см. Содан соң А краны жабылып, В краны ашылады. Сынап ыдыстан атмосфераға шыға бастайды. Процесс изотермиялық жүреді деп, ыдыстағы вакуумды (жаңа тұрақталған  $h_2$  деңгейде) және  $h_2$ -нің мәнін анықтаңыз (7 сурет).



7-сурет

### *Шешімі:*

Тепе-тендік шартын құрамыз  $P + \rho_{\text{сын.}} gh_2 = P_a$ , мұнда  $P$  – сынап қабаты астындағы ыдыс түбіне түсетін абсолюттік қысым. Сонда,

$$P_a - P = \rho_{\text{сын.}} g \cdot h_2. \quad (1)$$

(1) тендеуде екі белгісіз бар:  $P$  және  $h_2$ .  $h_2$  мәні азайғанда сынап астындағы ыдыста абсолюттік қысым төмендейді. Процесс изотермиялық жүреді деп, екінші тендеуді құрамыз:

$$P_a (H - h_1) = P (H - h_2). \quad (2)$$

(2) - тендеудегі  $P$  орнына (1) - тендеудегі оның мәнін қоямыз. Сонда

$$P_a (H - h_1) = (P_a - \rho_{\text{сын.}} g h_2) (H - h_2).$$

Қысқартқаннан соң:

$$\rho_{\text{сын.}} g h_2^2 - (P_a + \rho_{\text{сын.}} g H) h_2 + P_a h_1 = 0. \quad (3)$$

Сандық мәндерін орнына қоямыз:

$133416 h_2^2 - (9,81 \cdot 10^4 + 133416 \cdot 1,4) h_2 + 9,81 \cdot 10^4 \cdot 1,0 = 0$ ,  
немесе тендеудің барлық мүшесін  $9,81 \cdot 10^3$ -не қысқартсақ:

$$13,6 h_2^2 - 39,04 h_2 + 10 = 0. \quad (4)$$

Тендеуді шешеміз:  $h_2^1 = 2,20$  м және  $h_2^2 = 0,668$  м.

Бірінші шыққан сандық мән біздің жағдайға келмейді, себебі  $h_2^1 > H$ , сондықтан  $h_2^2$  аламыз,

$$h_2 = 0,668 \text{ м} = 66,8 \text{ см.}$$

(1) тендеуден вакуумды табамыз

$$P_{at} - P = 133416 * 0,668 = 89122 \text{ Н/м}^2 = 0,891 \text{ кГ/см}^2 = 0,891 \text{ а.}$$

## 2.14-есеп.

Н ыдысымен жалғанған М ыдысына (8-сурет) В краны жабық түрғанда  $h = 30$  см биіктікке дейін атмосфералық қысымда сынап құйылады. Содан кейін А краны жабылып, В краны ашылады. М ыдысынан сынап атмосферамен жалғасып тұрған ашық N ыдысына құйыла бастайды.

*Анықтау керек:*

1) егер сол жақтағы ыдыстың көлденең қимасының ауданы  $\Omega = 2700 \text{ см}^2$ , ал оң жақтағының  $\omega = 300 \text{ см}^2$  болса, тепе-тендік күйге келген соң, М ыдысындағы деңгей  $h_1$  қандай мәнге ие болады? Ыдыс биіктігі  $H = 45 \text{ см}$ .


2) оң жақтағы ыдыстың ішіндегі сынап қандай биіктікке ( $h_2$ ) кетеріледі?

3) М ыдысындағы абсолюттік қысым  $P_{abc}$  неге тең болады?

Ескерту: есеп шығару кезінде процесс изотермиялық түрде жүреді деп қабылданыз.

*Жауапты:*

1)  $h_1 = 2,48 \text{ см}$ ; 2)  $h_2 = 22,27 \text{ см}$ ; 3)  $P_{abc} = 84091 \text{ Н/м}^2 = 8572 \text{ кГ/м}^2$ .




8-сурет

### 2.15-есеп.

Сыйымдылықтың түбіне U – кейіпті манометр жалғанған, оның бір жағы ашық және атмосферамен қатынаста (9-сурет). Сыйымдылыққа M құбыры арқылы май ( $\gamma_m = 7358 \text{ Н}/\text{м}^3 = 750 \text{ кГ}/\text{м}^3$ ) құйылады. Бастапқы сэтте сыйымдылықта атмосфералық қысым болды деп, егер манометрдің сол жағындағы түтікшеде сынап бастапқы қалпынан  $Z = 26,76 \text{ см}$  көтерілген болса, ал оң жағындағы түтікшеде дәл сондай мәнге сынап тусіп, майға орнын босатса, май бағанасы биіктігін ( $h$ ) анықтаңыз. Сыйымдылық биіктігі  $H = 1,0 \text{ м}$ . Процесс изотермиялы жүреді.

**Жауабы:**  $h \approx 0,50 \text{ м}$ .



9-сурет

## 2.16-есеп.

Сүмен толтырылған екі құбырдың, А және В нүктелері арасындағы қысым айырмасын анықтандыз, егер дифференциалдық манометрдегі сынап бағанасының биіктігі  $h_1 - h_2 = h = 40\text{ см}$  болса.

Сынап пен судың үлестік салмақтары  $\gamma_{\text{сын.}} = 133416 \text{ Н/м}^3 = 13600 \text{ кГ/м}^3$ ,  $\gamma_{\text{су}} = 9810 \text{ Н/м}^3$  (10-сурет).

**Шешімі:**

Манометрдің оң жағындағы су және сынап арасын бөліп тұрған салыстырмалы сыйыққа тепе-тендік шартын түземіз.

Оң жағындағы қысым,

$$P_0 = P_B - \rho g h_2.$$

Сол жағындағы қысым,


$$P_0 = P_A - \rho g h_1 + \rho_{\text{сын.}} g h.$$

Екі өрнекті теңестіреміз:

$$P_B - \rho g h_2 = P_A - \rho g h_1 + \rho_{\text{сын.}} g h.$$

Қысым айырмасы:

$$P_B - P_A = \rho_{\text{сын.}} g h - \rho g (h_1 - h_2) = h (\rho_{\text{сын.}} g - \rho g) = 0.40(133416 - 9810) = 4.944 \cdot 10^4 \text{ Н/м}^2 = 0,504 \cdot 10^4 \text{ кГ/м}^2.$$



10-сурет

## 2.17-есеп.

Қысым айырмасын,  $P_B - P_A = 2,47 \cdot 10^4 \text{ Н/м}^2$  деп, құбыр ортасын (А нүктесін) 10-суретте көрсетілгендеңіден 34 см жоғары орналастырса, В құбырын бұрынғы орнында қалдырса, сынап бағанасының биіктігі ( $h$ ) неге тең болар еді?

**Жауабы:**  $h = 17,3 \text{ см.}$

## 2.18-есеп.

Дифференциалдық манометрмен өлшемген сынап бағанасының биіктігі 30 см-ге тең (10-сурет). Егер В нұктесінен, 63 см биік орналасса, дәл сондай қысым айырмасы болатындағы бағана биіктігін  $h$  табыңыз.

**Жауабы:**  $h = 35$  см.

## 2.19-есеп.

Екі күбірөткізгіштің А және В нұктелеріндегі қысым айырмасы  $\Delta P$  дифференциалды манометр көмегімен анықталған. Олар, сумен толып ағып жатқан күбір желісінің ортасында орналасқан (10-сурет). Жұмысшы сұйық бағанасының биіктігі  $h$ , ал оның салыстырмалы тығыздығы  $\delta_{ж} = \frac{\rho_{ж}}{\rho_{су}}$  ( $\rho_{ж}$ -жұмысшы сұйықтың тығыздығы,  $\rho_{су}$ - судың тығыздығы)  $\Delta P$ -ны табыңыз.

$$\text{Берілгені: } h = 25 \text{ см; } \delta_{ж} = \frac{\rho_{ж}}{\rho_{су}} = 0,9;$$

$$\rho_{су} = 1000 \text{ кг/м}^3; \rho_{ж} = 900 \text{ кг/м}^3;$$


$$\gamma_{су} = 9810 \text{ Н/м}^3; \gamma_{ж} = 8829 \text{ Н/м}^3.$$

## 2.20-есеп.

11-суретте көрсетілген В нұктесінің А нұктесінен биіктік айырмасы  $Z = 15$  см. Жұмыстық сұйықтық ретінде керосин ( $\gamma = 7456 \text{ Н/м}^3 = 760 \text{ кГ/м}^3$ ) альянған.

Мұнай баллондардағы қысым айырмасын ( $h = 85$  см) табыңыз.

**Жауабы:**  $P_A - P_B = 844 \text{ Н/м}^2 = 86 \text{ кГ/м}^2$ .



11-сурет

### 2.21-есеп.

11-суретте келтірілген схема үшін А және В баллондардағы қысым айырмасы  $P_A - P_B = 1688 \text{ Н/м}^2$ . Баллондар мұнаймен толтырылған ( $\gamma_m = 7848 \text{ Н/м}^3$ ), керосиннің үлестік салмағы ( $\gamma_k = 7456 \text{ Н/м}^3$ ). Қысым айырмасы сол күйінде қалып, баллон орталықтары бірінгай өзіктікте жатқандағы құрал көрсеткішін  $h$  анықтаңыз.

**Жауабы:**  $h = 2,15 \text{ м}$ . Оң жақтағы түтікшедегі керосин деңгейі сол жақтағы түтікшедегіден төмен жатады.

## 3. Сүйкітың абсолюттік және салыстырмалы тыныштық күйі

### 3.1-жаттығу.

Сүйкітың салыстырмалы тыныштық күйі дегеніміз не? Беті ашық айналыш тұрган цилиндр ыдыстағы су салыстырмалы тыныштық күйде деуге бола ма? – Ия, болады;

Салыстырмалы тыныштық күйдегі сүйкі қозғалысқа тусе ме? – Ия, түседі.

### **3.2-жаттығу.**

Гидростатика мәселелерін қарастырғанда идеал сұйық немесе шынайы сұйық деп бөлудің қажеті жоқ, оның мәнісі неде?

**Жауабы:**

Ойткені сұйыққа күш тек қана тіктеме (нормаль) бойынша әсер етеді.

### **3.3-жаттығу.**

Гидростатикалық қысым деген не? Оның қандай қасиеттері бар?  
Сұйық тығыздығы қысымға әсер ете ме? – Ия, әсер етеді.

### **3.4-жаттығу.**

Гидростатиканың негізгі дифференциалдық теңдеуіндегі массалық күштің орнына ортадан тепкіш күш пен ауырлық күшін қойып, теңдеуді интегралдауға бола ма? – Ия, болады, орынданап көріңіз.

### **3.5-жаттығу.**

Горизонталь, тік және көлбеу орналасқан жазық беттерге түсірілген тыныштық күйдегі сұйықтың қысым күштері қалай табылады? Сызып көрсетіңіз.

### **3.6-жаттығу.**

Көлбеу орналасқан жазық беттердегі қысым орталығының ауырлық орталығынан айырмасы қандай? Сызып көрсетіп, түсіндіріп беріңіз.

### **3.7-жаттығу.**

Цилиндрлі қабырғаларға түсірілген сұйықтың қысым күші қандай? Қысым денесі дегеніміз не? Қысым эпюрасы нені көрсетеді?

### **3.1-есеп.**

Беті ашық цилиндрлі ыдысқа су құйылған. Тұрақты бұрыштық жылдамдықпен ыдыс айнала бастағанда, сұйық ыдыс түбінен 2 м. биіктікке көтерілген. Үйдис түбіне түсегін манометрлік қысымды қабырғаға қарай әрбір 40 см сайын анықтаңыз. Берілгені: ыдыс диаметрі 2.40 м, айналым саны  $n = 120$  айн./мин. Еркін беттің ең төменгі нүктесі ыдыс түбінен қандай қашықтықта ( $Z_0$ ) орналасады?

**Жауабы:**

$$P_{r=0} = 2.506 \cdot 10^4 \text{ Н/м}^3 = 0.256 \text{ кГ/см}^2; : P_{40} = 1,331 \cdot 10^4 \text{ Н/м}^2 = 0.136 \text{ кГ/см}^2; P_{80} = 3.138 \cdot 10^4 \text{ Н/м}^2 = 0.320 \text{ кГ/см}^2; : P_{120} = 3.924 \cdot 10^4 \text{ Н/м}^2 = 0.400 \text{ кГ/см}^2; Z_0 = 2.554 \text{ м.}$$

### 3.2-есеп.

Сүмен толтырылған диаметрі  $d=0,40$  м цилиндрлі ыдыс, тұрақты бұрыштық жылдамдықпен тік өстің бойымен айналып тұр. Анықтау керек:

1) қабырға ішіндегі көтерілген сұйық деңгейі ыдыс ортасындағы еркін беттің ең төменгі нүктесінен 0,45 м биікте жатқан кездегі бұрыштық айналу жылдамдығы мен айналымдар санын;

2) ыдыстың жақтық бетінде орналасқан сұйық бөлшектерінің айналма жылдамдығын.

**Ескерту.** Айналма жылдамдық төмендегі формуламен есептелінеді:  $u = \omega r$ .

**Жауабы:**

1)  $\omega = 5.25 \text{ 1/c}; n = 50 \text{ айн/мин};$


2)  $u = 1,05 \text{ м/с.}$

### 3.3-есеп.

Іші суға толған және тұрақты бұрыштық жылдамдықпен айналып тұрған ыдыстың диаметрімен жүргізілген тік жазықтықтағы сұйықтың еркін бетін тұрғызу қажет (12-сурет). Үйдіс диаметрі  $D=1,20$  м. Үйдістың айналым саны  $n = 70,5 \text{ айн./мин}$ , координат өсі сызбада көрсетілген а нүктесінен бастап түптік жазықтықпен жүргізілген деп қарастырып  $a, b, c, d$  нүктелерінен тұрғызылған еркін бет  $Z$  координаталарын есептеу керек. Еркін беттің ең төменгі нүктесі  $Z_0=0,8 \text{ м}$  арақашықтықта орналасқан.

Үйдіс түбінен  $Z_1=0,40 \text{ м}$  қашықтықтағы горизонталь жазықтықта орналасқан сұйық бөлшектер үшін ең төменгі және ең жоғарғы манометрлік қысымдарды анықтау керек.

а,  $b$ ,  $c$ ,  $d$  нүктелеріндегі сұйық бөлшектерінің айналма жылдамдықтарын ( $u$ ) есептөңіз.



12-сурет

**Жауабы:**

$$Z_b = 0,91 \text{ м}; Z_c = 1,24 \text{ м}; Z_d = 1,8 \text{ м};$$

есте  $P = 3924 \text{ Н/м}^2 = 0,04 \text{ кГ/см}^2$ ; ыдыстың ішкі бетінде  $P = 13734 \text{ Н/м}^2 = 0,14 \text{ кГ/см}^2$ :

$$u_a = 0; u_b = 1,48 \text{ м/с}; u_c = 2,95 \text{ м/с}; u_d = 4,43 \text{ м/с};$$

### 3.4-есеп.

Қабырғадағы және ең төменгі еркін бет нүктесіндегі сұйық деңгейінің айырмасы 0,46 м-ден үлкен болмайтында етіп, тұрақты бұрыштық жылдамдықпен  $\omega = 10^* 1/\text{с}$  айналып түрған ыдыстың диаметрін анықтау керек. Үйдис қабырғаларында орналасқан бөлшектердің айналма жылдамдығын есептеңіз.

**Жауабы:**

$$d = 0,60 \text{ м}; u = 3 \text{ м/с.}$$

### 3.5-есеп.

Диаметрі  $D=120\text{cm}$  цилиндр ыдыстағы су терендігі  $h_6= 160\text{cm}$ . Үйдис түбінен  $Z=80\text{cm}$  биіктікте жатқан a, b, c және d нүктелеріндегі толық гидростатикалық қысымды анықтаңыз (13-сурет) (егер ыдыс  $n=90\text{айн/мин}$  жылдамдықпен өз өсінен айналса). Нүктелер

радиустары  $r_a = 0$ ,  $r_b = 20\text{cm}$ ,  $r_c = 40\text{cm}$  және  $r_d = r_0 = 60\text{cm}$  дөңгелек кимада орналасқан.

**Шешімі:**

Бұрыштық жылдамдықты анықтаймыз.

$$\omega = \frac{2\pi}{60} = \frac{2 * 3,14 * 90}{60} = 3,14 * 3 = 9,42 \frac{1}{\text{s}}.$$

Үйдис ортасындағы еркін беттің ең төменгі нүктесі мен қабырғадағы ең жоғарғы нүктенің арасындағы деңгей айырмасын мына формуламен табамыз

$$h' = \frac{\omega^2 r_0^2}{2g} = \frac{(9,42)^2 \cdot 60^2}{1962} = 81\text{cm} = 0,81\text{m}.$$

Үйдистағы бастапқы су деңгейімен салыстырғанда, айналу есіндегі еркін бет қабатының төмендеуінің ең үлкен мәні  $h_{\text{төм}} = \frac{1}{2}h$  тең болатынын дәлелдейік.

Көлемдер тенденциялық.

Сұйық көлемі  $\pi r_0^2 h_{\text{төм}} = \pi r_0^2 h' - W_{ABC}$  Параболоид көлемі  $W_{ABC} = \frac{1}{2} \pi r_0^2 h^1$  болғандықтан,  $\pi r_0^2 h_{\text{төм}} = \pi r_0^2 h' - \frac{1}{2} \pi r_0^2 h^1$ , немесе  $h_{\text{төм}} = \frac{1}{2} h' = 81/2 = 40.5$  см. Үйдистағы ең бастапқы су деңгейінен, қабырғадағы су деңгейі көтерілуінің ең үлкен мәні  $h_k = h' - \frac{1}{2} h' = \frac{1}{2} h' = 40.5$  см.

Еркін беттегі В нүктесінің үйдис түбінен алғандағы ең төменгі мәні

$$Z_0 = h_k - \frac{1}{2} h' = 160 - 40,5 = 119,5 \text{ см.}$$

Толық гидростатикалық қысымды мына формула бойынша табамыз:

a нүктесінде ( $r = 0$ )

$$P_{r=0} = P_a + \gamma(Z_0 - Z) = 9,81 * 10^4 + 9810(1,195 - 0,8) = 10,61 * 10^4 \text{ Н/м}^2 = 1,061 \text{ кГ/см}^2.$$

b нүктесінде ( $r_2 = 20\text{cm}$ )


$$h'_{20} = \frac{88,74}{1962} 400 = 18,1\text{cm};$$

$$P_{r=20} = 9,81 \cdot 10^4 + 9810(0,5975 - 0,40) + 9810 \cdot 0,181 =$$

$$= 9,81 \cdot 10^4 + 9810 \cdot 0,1975 + 9810 \cdot 0,181 = 9,81 \cdot 10^4 +$$

$$+ 1937,5 + 1775,6 = 101813,11 \text{ Н/м}^2 = 10,18 \cdot 10^4 = H/\text{м}^2 =$$

$$= 1,038 \text{ кГ/см}^2;$$



13-сурет

с нүктесінде ( $r_3 = 40\text{ см}$ )

$$h_{40} = \frac{88,74}{1962} \cdot 1600 = 72,37\text{ см};$$

$$\begin{aligned} P_{r=40} &= 9,81 \cdot 10^4 + 9810(0,5975 - 0,40) + 9810 \cdot 0,724 = \\ &= 9,81 \cdot 10^4 + 9810 \cdot 0,1975 + 9810 \cdot 0,724 = 9,81 \cdot 10^4 + \\ &+ 0,1937 \cdot 10^4 + 0,7102 \cdot 10^4 = 10,714 \cdot 10^4 \text{ Н/м}^2 = 1,093 \text{ кГ/см}^2; \end{aligned}$$

$d$  нүктесінде ( $r_4 = 60\text{ см}$ )

$$h_{60} = \frac{88,74}{1962} \cdot 3600 = 162,83\text{ см};$$

$$\begin{aligned} P_{r=60} &= 9,81 \cdot 10^4 + 9810(0,5975 - 0,40) + 9810 \cdot 1,628 = \\ &= 9,81 \cdot 10^4 + 0,194 \cdot 10^4 + 1,5971 \cdot 10^4 = 11,6 \text{ Н/м}^2 = 1,183 \text{ кГ/см}^2. \end{aligned}$$

### 3.6-есеп.

Іші суга толған, радиусы  $r = 20$  см цилиндр ыдыс, тұрақты бұрыштық жылдамдықпен тік өс бойымен айналып тұр, өс – ыдыс

есімен дөп келеді. Айналым саны  $n = 150$  айн/мин. Айналып тұрған ыдыстың ең төменгі нүктесінен сұйықтың еркін бетіне дейінгі терендік  $Z_0 = 35$  см.

**Анықтау керек:**

- 1) радиусы  $r_1=5\text{cm}$ ,  $r_2=10\text{cm}$  және  $r_3=r=20\text{cm}$  цилиндр тубінде орналасқан нүктелердегі (бүйір қабырғасындағы) толық гидростатикалық қысымды;
- 2) айналғанға дейінгі ыдыстағы су терендігін  $h_6$ ;
- 3) су сыртқа шашырамайтында ыдыстың биіктігін.

**Жауабы:**

- 1)  $P_1 = 10,18 * 10^4 \text{ Н/м}^2 = 1,038 \text{ кГ/см}^2$ ;  
 $P_2 = 10,28 * 10^4 \text{ Н/м}^2 = 1,048 \text{ кГ/см}^2$ ;  
 $P_3 = 10,64 * 10^4 \text{ Н/м}^2 = 1,085 \text{ кГ/см}^2$ ;
- 2)  $h_6 = 60,1 \text{ см}$ ;
- 3) ыдыс биіктігі 85,3 см-ге тең немесе одан да үлкен болуы керек.


### 3.7-есеп.

Диаметрі 60 см және биіктігі 80 см цилиндрлі ыдыска су күйүлған. Су терендігі  $h_6 = 60$  см.

- 1) Егер ыдыс  $\omega = 9 \frac{1}{c}$  бұрыштық жылдамдықпен айналып тұрса, сұйық сыртқа шапшып ағуы мүмкін бе?
- 2) ыдыс тубінен, қандай қашықтықта  $Z_0$  еркін беттің ең төменгі нүктесі жатады?
- 3) бүйір қабырғаның биіктігі сұйықтан 10 см жоғары болу үшін, ыдысты қандай бұрыштық жылдамдықпен айналдыру керек?

**Жауабы:**

- 1) жоқ ақпайды, қабырғадағы артық биіктік 1,42 см; 2)  $Z_0 = 41,42 \text{ см}$ ; 3)  $\omega = 6,6 \frac{1}{c}$ .



14-сурет

### 3.8-есеп.

Сүмен толтырылған және тұрақты бұрыштық жылдамдықпен,

$\omega = 8,1 \frac{1}{c}$  айналып тұрған цилиндрлі ыдыс диаметрі бойынша жүргізілген тең қысымдар бетін (14-сурет),  $P_1 = P_a = 98100 \text{ H/m}^2 = 1 \text{kG/cm}^2$ ;  $P_2 = 99910 \text{ H/m}^2 = 1,01 \text{kG/cm}^2$  тұргызу қажет.

Шеңбердің,  $r_1 = 5 \text{ см}$ ,  $r_2 = 10 \text{ см}$  және  $r_3 = 15 \text{ см}$  радиусына сәйкес орналасқан, беттердің ординаталарын есептөңіз.

Айналу кезінде, еркін беттің ең төменгі нүктесі  $Z_0 = 0,3$ , м қашықтықта орналасқан. Ыдыс диаметрі  $d = 0,3 \text{ м}$ . Үйдистың беті ашиқ.

А нүктесіндегі қысым мәнін тексеріңіз ( $r_2 = 10 \text{ см}$ ).

*Шешімі:*

Тең қысымдар бетінің тендеуі

$$\frac{1}{2}\omega^2(x^2 + y^2) - gz = C$$

немесе

$$\frac{1}{2}\omega^2 r^2 - gz = C. \quad (1)$$

Мұндағы,  $x^2 + y^2 = r^2$ .

Тұрақты  $C$ -ның мәнін табайық.

Мысалы:

а)  $p_1 = p_a$  тең қысымдар беті үшін (еркін бет).

$C = C_0$  табу үшін, еркін беттің төменгі нүктесінде ( $r=0$ )  $z=z_0$  екенін ескереміз. Сонда (1) тендеуден  $C = C_0 = -gz_0$  екенін білеміз. Еркін беттің тендеуі мына түрге келеді.

$$\frac{1}{2}\omega^2 r^2 - gz = -gz_0.$$

Бұдан

$$z = z_0 + \frac{\omega^2 r^2}{2g}. \quad (2)$$

$r$ -дің әртүрлі мәндерін ( $r=5, 10, 15$  см) (2) - тендеуге қоя отырып  $Z$  мәнін табамыз.  $Z$ -ті жоғары қарай бағыттал, тұрақты  $\omega = 8,1$  1/c бұрыштық жылдамдықпен айналғандағы сұйықтың еркін бетін аламыз.

б)  $p_2 = 99910 \text{ Н/м}^2 (1,01 \text{ кГ/см}^2)$  тең қысымдар беті үшін.

$p_2 = p_a + \rho gh$  болғандықтан ( $h$  – су терендігі), оны былай жазуға болады:  $99910 = 9,81 * 10^4 + 9810 h$ . Бұдан  $h = 1962/9810 = 0,20$  м. Беттің ең төменгі нүктесінің ординатасы  $Z = Z_0 - h = 0,30 - 0,20 = 0,10$  м.  $C = C_1$  табамыз, ол  $Z = 0,10$  м жағдайында  $r = 0$ . Сондықтан (1) тендеуден  $C_1 = -0,10 g$  деп аламыз. Тең қысымдар бетінің тендеуі мына түрге енеді,

$$\omega^2 r^2 / 2 - gz = -0,10 g, \text{ немесе } Z = 0,1 + \omega^2 r^2 / 2g. \quad (3)$$

г-ге эр түрлі мәндөр бере отырып, Z координаттарды есептеп, ыдыш түбінен жоғары қарай нұктелерді саламыз (14-сурет).

А нұктесіндегі толық қысым,

$$p_A = p_a + \gamma(Z_0 - Z) + \gamma h_{10}$$

мұндағы  $Z_0 = 0,3$  м;  $Z = 0,1$  м.

$$h_{10} = \frac{\omega^2 r^2}{2g} = \frac{8,1^2 * 10^2}{19,62} = 6,68\text{ см.}$$

Қарастырылып отырған нүкте координатасы  
 $Z_A = (Z_0 - Z) + h_{10} = 26,68\text{ см.}$

А нұктесіндегі қысым,

$$p_A = 9,81 * 10^4 + 9810 * 0,1 = 99910 \text{ Н/м}^2 = 1,01 \text{ кГ/см}^2.$$

**Жауабы:**

$P_1 = p_a$  болғанда:  $Z_5 = 30,84$  см,  $Z_{10} = 33,35$  см,  $Z_{15} = 37,53$  см;

$P_2 = 99910 \text{ Н/м}^2$  болғанда:  $Z_5 = 10,84$  см,  $Z_{10} = 13,35$  см,  $Z_{15} = 17,53$  см.

#### 4. Жазық және қысық беттерге түсетін сұйықтың қысым күші

##### 4.1-жаттығу.

Сұйықтың тік төртбұрышты жазық фигурага әсер ететін гидростатикалық қысымын, ауырлық және қысым орталықтарын сыйып көрсетіңіз.

##### 4.2-жаттығу.

Тік жазық фигураның қысым орталығының ауырлық орталығымен байланысы қандай?

**Жауабы:**

$$y_d = y_c + I_0 / \omega_c$$

##### 4.3-жаттығу.

Су ішіне орналасқан әртүрлі жазық фигурапардың инерция моменттерін, сонымен бірге ауырлық және қысым орталықтарының шамаларын кесте түрінде сыйып көлтіріңіз.

#### 4.4-жаттығу.

Параллель еске байланысты инерция моментін анықтайтын Гюйгенс-Штейнердің теоремасын жазық фигураның қысым орталығын табу үшін қалай жазады?

**Жауабы:**

$$I_x = I_0 + \omega^2 c^2.$$

#### 4.1-есеп.


$P_2$  сыйғу күшін алу үшін, гидравликалық пресстің үлкен поршеннің диаметрін  $D$  анықтаңыз. Рычагтың соғы жағына түсетін күш  $P$ -ға тең. Сорғы поршеннің диаметрі  $d_1$ . Рычагтың үлкен інінің ұзындығы  $a$ , ал кішісінікі  $b$ -ға тең (15-сурет). Пайдалы әсер коэффициенті  $\eta$ .

Берілгені:  $P=170 \text{ Н}$ ;  $d_1=40 \text{ мм}$ ;  $a=1,0 \text{ м}$ ;  $b=0,22 \text{ м}$ ;  $P_2=25 \text{ кН}$ ;  $\eta=0,88$ .

**Шешімі:**

Сорғы поршенніне түсетін қысым күшін анықтаймыз:

$$P_1 = P \frac{a}{b} = 170 \frac{1,0}{0,22} = 772,7 \text{ Н.}$$



15-сурет

$\frac{P_1}{\omega_1} = \frac{P_2}{\omega_2}$  немесе  $\frac{P_1}{d_1^2} = \frac{P_2}{D^2}$  шартына орай үлкен поршеннің диаметрін анықтауға болады

$$D = \sqrt{\frac{P_2 \cdot d_1^2}{P_1 \cdot \eta}} = \sqrt{\frac{25000 \cdot 0.04^2}{772.7 \cdot 0.88}} = 0.24 \text{ м.}$$

## 4.2-есеп.

Жұмысшының гидравликалық прессте тұғызатын сығу күшінің  $P_2$  шамасын анықтау қажет. Берілгені: рычагтың үлкен іні  $a=1\text{м}$ , кішісі  $b=0,2\text{ м}$ , пресс поршенинің диаметрі  $D=200\text{ мм}$ , сорғы поршенинің диаметрі  $d_1=25\text{ мм}$ , жұмысшының күші  $P=147\text{ Н}$ . Пайдалы әсер коэффициенті  $\eta=0,88$  (15-сурет).

**Шешімі:**

Сорғы поршенине келетін қысым күшін анықтаймыз,

$$P_1 = P \frac{a}{b} = 147 \frac{100}{20} = 735\text{Н} = 75\text{kГ.}$$

Поршеннің ауданы

$$\omega = \frac{\pi d_1^2}{4} = \frac{3,14 \cdot 2,5^2}{4} = 4,906\text{cm}^2.$$

Сорғы поршениндегі гидростатикалық қысым

$$p = \frac{P_1}{\omega} = \frac{735}{4,906} = 149,82 \cdot 10^4 \text{Н/m}^2 = 15,27\text{kГ/cm}^2.$$

Пресс поршенинің ауданы

$$\Omega = \frac{\pi D^2}{4} = \frac{3,14 \cdot 20^2}{4} = 314,0\text{cm}^2.$$

Сығу күшін анықтаймыз

$$P_2 = \eta p \Omega = 0,88 \cdot 149,82 \cdot 314 = 41398\text{Н} = 41,4\text{kН} = 4,22 \cdot 10^3 \text{kГ.}$$

Сығу күшін бірден былай да табуға болады:

$$P_2 = \eta P \frac{a}{b} \left( \frac{D}{d_1} \right)^2 = 0,88 \cdot 147,8 \cdot \frac{100}{20} \left( \frac{20}{2,5} \right)^2 = 41395\text{Н} = 41,4\text{kН} = 4,22 \cdot 10^3 \text{kГ.}$$

## 4.3-есеп.

$P_2 = 78480\text{Н} = 8 \cdot 10^3 \text{kГ}$  күш алу үшін, гидравликалық пресстің қолдустарына қандай күш ( $P$ ) түсіру керектігін анықтау қажет. Кіші


поршеннің диаметрі  $d_1=25\text{мм}$ , үлкен поршеннің диаметрі  $D=200\text{ мм}$ . Екі поршень де біркелкі деңгейде жатыр. Поршень қозғалысы кезіндегі үйкелісті және олардың салмағын есепке алмаса да болады. Рычагтың үлкен иіні  $a=1,0\text{ м}$ , кіші иіні  $b=0,2\text{ м}-ге$  тең (алдынғы есептегі суретке қараңыз).

**Жауабы:**

$$P=278,7 \text{ Н}=28,4 \text{ кГ}.$$

#### 4.4-есеп.

Берілген қабырға үшін судың гидростатикалық қысым күшін анықтаңыз (16-сурет).



16-сурет

$$a = 1,4\text{ м}; \quad b = 2,0\text{ м}; \quad l_{AB} = 1,62\text{ м}; \quad \alpha_2 = 60^\circ; \quad h = 2,5\text{ м}; \quad l_{BC} = 1,56\text{ м}; \\ \alpha_1 = 45^\circ.$$

**Шешімі:**

Жазық қабырғага түсетін толық қысым күші төмендегі байланыстырылғанпен анықталады

$$P = \rho g h_{a.op.} \cdot \omega,$$

мұнда,  $\rho$ -су тығыздығы,  $\rho=1000 \text{ кг}/\text{м}^3$ ;

$g$ -еркін түсі үдеуі,  $g=9,81 \text{ м}/\text{с}^2$ ;

$h_{a.op.}$ -ауырлық орталығының терендігі,

$$h_{a.op.} = \frac{h}{2};$$

$\omega$ - етім қимасының ауданы,  $\text{м}^2$ ,

$$\omega=b^*h.$$

Сурет бойынша жазықтық екі қабырғадан тұрады. Сол себепті екі қабырғаны бөлек-бөлек қарастырайық. АВ қабырғасына түсетін қысым күшін анықтаймыз,

$$P_{AB} = \rho g \cdot h_{a.op.AB} \cdot \omega_{AB} = 9,81 \cdot 0,7 \cdot 3,24 = 22,25 \text{ kN}.$$

$$\rho g = \gamma - \text{үлестік салмақ}, \gamma = 1000 \cdot 9,81 = 9810 \text{ N/m}^3 = 9,81 \text{ kN/m}^3;$$

$$h_{a.op.AB} = \frac{a}{2} = \frac{1,4}{2} = 0,7 \text{ m};$$

$$\omega_{AB} = e \cdot \ell_{AB} = 2 \cdot 1,62 = 3,24 \text{ m}^2;$$

$$\ell_{AB} - AB - \text{қабырғасының ұзындығы}, \ell_{AB} = \frac{a}{\sin \alpha_2} = \frac{1,4}{\sin 60^\circ} = 1,62 \text{ m}.$$

ВС қабырғасына түсетін қысым күші,

$$P_{BC} = \rho g \cdot h_{a.op.BC} \cdot \omega_{BC} = 9,81 \cdot 1,95 \cdot 3,12 = 59,68 \text{ kN};$$

$$h_{a.op.BC} = a + \frac{h-a}{2} = 1,4 + \frac{2,5-1,4}{2} = 1,95 \text{ m};$$

$$\omega_{BC} = e \cdot \ell_{BC} = 2 \cdot 1,56 = 3,12 \text{ m}^2;$$

$$\ell_{BC} - BC - \text{қабырғасының ұзындығы}, \ell_{BC} = \frac{h-a}{\sin \alpha_1} = \frac{2,5-1,4}{\sin 45^\circ} = 1,56 \text{ m}.$$

Жазық қабырғага түсетін тен әсерлі қысым күші белай анықталады,

$$P_{AC} = \sqrt{P_x^2 + P_y^2} = \sqrt{53,5^2 + 61,64^2} = 81,6 \text{ kN},$$

$P_x$ - х өсіне түсетін күштер жиынтығы,

$$P_x = P_{AB} \cdot \cos \alpha_2 + P_{BC} \cdot \cos \alpha_1 = 22,25 \cdot 0,5 + 59,68 \cdot 0,71 = 53,5 \text{ kN};$$

$P_y$ - у өсіне түсетін күштер жиынтығы,

$$P_y = P_{AB} \cdot \sin \alpha_2 + P_{BC} \cdot \sin \alpha_1 = 22,25 \cdot 0,866 + 59,68 \cdot 0,71 = 61,64 \text{ kN}.$$


Табылған күштердің қысым орталықтарын төмендегі байланыстылықтардың бірімен анықтаймыз:

$$\ell_{\text{кор}} = \frac{2h}{3}, \quad \ell_{\text{кор}} = \frac{2\ell}{3} \quad \text{немесе} \quad \ell_{\text{кор}} = \ell_{\text{а.ор}} + \frac{J_0}{\ell_{\text{а.о.}} \cdot \omega}.$$

#### 4.5-есеп.

Алдынғы суреттегі схемага сызба-есептік тәсілмен есеп жүргізіп тексеріңіз.

Жазық қабырғага түсетін су қысымының тең өсерлі күші – қысым эпюрасының ауырлық орталығы арқылы өтеді. Судың ауырлық орталығы үшбұрыш биссектрисаларының қылышында орналасады. Қабырғадағы тең өсерлі күштің тусу нүктесі қысым орталығы болып табылады.



17-сурет

$P_{AB}$  күшінің қысым эпюрасын тұрғызу үшін В нүктесінен жазық АВ қабырғасына перпендикуляр сызық жүргізіп, соның бойынан  $a$ -мәніне тең ұзындық түсіріп, табылған нүктені  $A_1$  әрпімен белгілейміз. АВА<sub>1</sub> үшбұрышы  $P_{AB}$  күшінің қысым эпюрасын береді. Қысым ортасын табу үшін үшбұрыш биссектрисаларын қылыштырып нүкте аламыз. Бұл  $P_{AB}$  күшінің қысым нүктесін, ал осы нүктеден су бетіне дейінгі аралық  $\ell_{\text{кор.} AB}$  ұзындығын беруі керек.

$P_{BC}$  күшінің қысым эпюрасы трапеция түрінде болады. С нүктесінен ұзындығы  $h$  перпендикуляр көтеріп  $C_1$  әрпімен

белгілеміз. В нүктесінен ВС қабырғасына перпендикуляр түрғызып  $a$  мәнін саламыз. Табылған нүктені  $B_1$  деп белгілең,  $BCC_1B_1$  трапециясын аламыз.  $P_{BC}$  күшінің қысым ортасын сыйба-есептік тәсілмен табу үшін  $C_1$  нүктесінен жоғары қарай трапецияның  $BB_1$  қырына тең ұзындық алып К әрпімен, В нүктесінен төмен қарай  $CC_1$ -ге тең аралық түсіріп, N әрпімен белгілең, К және N нүктелерін қосамыз.  $BB_1$  және  $CC_1$  ұзындықтарының ортасын тауып бір-бірімен қосамыз. Екі тузу бір жерде қиылышады, табылған нүктеден  $P_{BC}$  күшін жүргіземіз.

Сыйба-есептік тәсілмен қысым күштерін анықтаپ, аналитикалық тәсілмен табылған мәндермен (4.4-есеп) салыстырамыз.

$$P_{AB} = \omega_{ABA_1} \cdot v \cdot \gamma = 1,134 \cdot 2 \cdot 9,81 = 22,25 \text{ kN}$$

$\omega_{ABA_1}$  -  $ABA_1$  үшбұрышының ауданы,

$$\omega_{ABA_1} = \frac{AB \cdot BA_1}{2} = \frac{\ell_{AB} \cdot a}{2} = \frac{1,62 \cdot 1,4}{2} = 1,134 \text{ m}^2;$$

$$P_{BC} = \omega_{BCC_1B_1} \cdot v \cdot \gamma = 3,042 \cdot 2 \cdot 9,81 = 59,68 \text{ kN};$$


$\omega_{BCC_1B_1}$  -  $BCC_1B_1$  трапецияның ауданы,

$$\omega_{BCC_1B_1} = \frac{BB_1 + CC_1}{2} \cdot BC = \frac{a + h}{2} \cdot \ell_{BC} = \frac{1,4 + 2,5}{2} \cdot 1,56 = 3,042 \text{ m}^2.$$

Тең әсерлі қысым күшінің  $P_{AC}$  шамасын сыйбалық әдіспен, күшке масштаб бере отырып, векторлар қосындысы ретінде анықтаймыз.

#### 4.6-есеп.

Ені  $v = 2$  м тікбұрышты жазық қақпаны жоғарғы жағынаң ілмекпен көтеріп тұрады, ал төменгі жағы горизонталь ес бойынша құрылымның түбімен шарнирлі қосылған. Жоғарғы бьефтегі судың терендігі  $h_1=3$  м,  $a=0,9$  м (18-сурет). Төменгі бьефте су жоқ болған жағдайда, сұйықтың қысымы әсерінен туындайтын А шарниріндегі және В ілмегіндегі реакцияларды ( $R_A$ ,  $R_B$ ) анықтаңыз.



18-сурет

*Шешімі:*

Сол жағынан жазық қақпаға түсетін судың қысым күшін және қысым орталығын анықтаймыз.

Суланған қақпа ауданы,

$$\omega = \pi h_1 = 2 \cdot 3 = 6 \text{ м}^2.$$

Қысым күші

$$P_1 = \gamma h_{a.op.} \cdot \omega = 9,81 \cdot 1,5 \cdot 6 = 88,3 \text{ кН} = 9 \cdot 10^3 \text{ кН}.$$

Ауырлық орталығының терендігі

$$h_{a.op.} = \frac{h_1}{2} = \frac{3}{2} = 1,5 \text{ м.}$$

Қысым орталығының терендігі

$$l_{c.op.} = \frac{2}{3} h_1 = \frac{2}{3} \cdot 3 = 2 \text{ м.}$$

Ілмектің реакциясын табу үшін, А шарниріне байланысты күш моменттерінің теңдеуін жазамыз:

$$P_1 \cdot (h_1 - l_{c.op.}) - R_a (h_1 + 0,9) = 0$$

немесе


$$R_a = \frac{P_1 \cdot (h_1 - l_{c.op.})}{h_1 + 0,9} = \frac{88,3 \cdot (3 - 2)}{3,9} = 22,64 \text{ кН} = 2,31 \cdot 10^3 \text{ кГ.}$$

Шарнирдегі реакция төмендегі байланыстылыктен анықталады,

$$P_1 = R_b + R_A, яғни R_A = P_1 - R_b = 88,3 - 22,64 = 65,66 \text{ кН} = 6,69 \cdot 10^3 \text{ кГ.}$$

#### 4.7-есеп.

Жоғарғы бьефтегі су деңгейі  $h_1 = 2$  м-ден қалай аса бастайды, сол сәтте жазық тік бұрышты қақпа автоматты түрде ашылу үшін, 0-0 айналу өсін арна түбінен қандай х арақашықтықта орналастыру қажет. Төменгі бьефтегі су деңгейі  $h_2 = 0,9$  м (19-сурет).




19-сурет

Жауабы:

$$x=0,76 \text{ м.}$$

#### 4.8-есеп.

Жазық қабырғаның АВ, ВС және СД қырларына судың қысым күшін сыйба-есептік (графо-аналитикалық) тәсілмен анықтанаңыз (20-сурет), және де әсер ететін күштердің қысым орталықтарын табыңыз.



20-сурет

Берілгені:  $h=6$  м,  $h_1=1,5$  м,  
 $h_2=2,8$  м,  $h_3=2,7$  м,

ВС қабырғасының жантаю бұрышы  $\alpha=60^0$ , қабырғаның ені  $b=1,5$  м. Аналитикалық тәсілмен есепті тексеріңіз.

**Жауабы:**

$$P_{AB}=16,55 \text{ кН} = 1,687 \cdot 10^3 \text{ кГ};$$

$$\ell_{\text{кор.1}}=1,0 \text{ м}; P_{BC}=73,41 \text{ кН} = 7,48 \cdot 10^3 \text{ кГ};$$

$$\ell_{\text{кор.2}}=2,90 \text{ м}; P_{CD}=184,75 \text{ кН} = 18,826 \cdot 10^3 \text{ кГ};$$

$$\ell_{\text{кор.3}}=4,78 \text{ м.}$$

#### 4.9-есеп.

Ені  $b=8$  м тікбұрышты канал сегментті қақпамен жабылады. Қақпа алдындағы су терендігі  $h_1=4,80$  м, төменгі бьефтегі терендік  $h_2=0$  м. Қақпаның радиусы  $r=7,5$  м. Қақпаның айналу өсі, қақпа алдындағы су жиегінен  $h=1$  м биіктікте орналасқан (21-сурет). Қақпаның сол жағынан әсер ететін судың қысым күшін және оның қысым орталығының координаталарын анықтаңыз.

**Шешімі:**

Қысым күші мен оның қысым орталық координаталарын анықтаймыз. Бұл күшті табу үшін, алдын-ала, жеке-жеке, горизонталь және вертикаль (тіктеме) қураушы күштерді есептейміз.

Горизонталь қураушы күш


$$P_x = \rho g h_{a.o.} \cdot \omega_x = \rho g \frac{h_1}{2} h_1 b = \rho g \frac{\frac{1}{2} \cdot 4,8^2}{2} \cdot 8 = 9,81 \cdot \frac{4,8^2}{2} \cdot 8 = 904,1 \text{ кН} = \\ = 92,13 \cdot 10^3 \text{ кГ} = 92,13 T$$

Мұндағы  $\omega_x$  - тік жазықтыққа түсетін қақпаның қисық сызықты бетінің проекциясының ауданы, яғни  $\omega_x = b h_1$ .

Сол жақтағы тіктеме қураушы күш:

$$P_z = \rho g W, \text{ бұл жерде } W - \text{қысым денесінің көлемі},$$

$$W = \omega_{ABCD} \cdot b \quad (21 - \text{сурет}).$$



21-сурет

$\omega_{ABCD}$  ауданы, сегмент ауданы  $\omega_{ACB}$  мен үшбұрыш ауданының  $\omega_{ACD}$  қосындысына тең. Бұл аудандарды табу үшін, қосымша қажет болатын шамаларды анықтаймыз:

$$\sin \beta = \frac{h}{r} = \frac{1}{7,5} = 0,133; \beta = 7^{\circ}38,6' \approx 7^{\circ}40';$$

$$\sin(\alpha + \beta) = \frac{h_1 + h}{r} = \frac{5,8}{7,5} = 0,773;$$

$$\alpha + \beta = 50^{\circ}37,8' \approx 50^{\circ}40', бұдан \alpha = 50^{\circ}40' - 7^{\circ}40' = 43^{\circ}, \\ \sin \alpha = \sin 43^{\circ} = 0,682;$$

$$DA = h_1 = 4,8 \text{ м}, EO = \sqrt{(CO)^2 - (CE)^2} = \sqrt{7,5^2 - 1^2} = 7,44 \text{ м};$$

$$D_1O = \sqrt{(AO)^2 - (AD_1)^2} = \sqrt{7,5^2 - 5,8^2} = 4,75 \text{ м};$$

$$CD = EO - D_1O = 7,44 - 4,75 = 2,69 \text{ м.}$$

Осы мәндерді пайдаланып табатынымыз:  
сегменттің ауданы

$$\omega_{ACB} = \frac{\pi^2 \alpha}{360^\circ} - \frac{1}{2} r^2 \sin \alpha = \frac{1}{2} r^2 \left( \frac{\pi \alpha}{180^\circ} - \sin \alpha \right) = \frac{1}{2} 7,5^2 \left( \frac{3,14 * 43}{180} - 0,682 \right) = 1,92 m^2;$$

үшбұрыштың ауданы,

$$\omega_{ACD} = \frac{1}{2} CD \cdot DA = \frac{1}{2} 2,69 \cdot 4,8 = 6,45 m^2;$$

қысым менесінің ауданы  $\omega_{ABCD} = 1,92 + 6,45 = 8,37 m^2$ ;

Оның көлемі  $W = 8,37 \cdot 8 = 66,96 m^3$ .

Тігінен түсетін күш  $P_z = \rho g W$ ,

$$P_z = 9,81 \cdot 66,96 = 656,88 kN = 66,94 \cdot 10^3 kG = 66,94 T.$$

Сол жағынан түсетін судың тең әсерлі күші

$$P = \sqrt{P_x^2 + P_z^2} = \sqrt{92,13^2 + 66,94^2} = 113,88 T.$$

Қысым орталығының координаттарын (x және z) анықтау үшін бұрыш  $\Theta$ -ны табамыз:

$$\operatorname{tg} \theta = \frac{P_z}{P_x} = \frac{66,94}{92,13} = 0,727; \quad \theta \approx 36^\circ$$

Координатаның басы ретінде О нүктесін қабылдаймыз, сонда

$$\frac{z}{x} = \operatorname{tg} \theta = 0,727, \text{ бұл жерден } z = 0,727 x.$$

z үшін табылған мәндерді дөңгелектің тендеуіне  $z^2 + x^2 = r^2$  қоямыз,  $0,727^2 x^2 + x^2 = 7,5^2$

$$\text{Бұдан, } x^2 (0,727^2 + 1) = 7,5^2$$


$$x = \pm \sqrt{\frac{56,25}{1,53}} = -6,07 m; Z = -0,727 \cdot 6,07 = -4,42 m.$$

Қысым орталығы координаталарын графикалық тәсілмен тексереміз. Есептің дұрыстығын тексеру үшін, қақпаның қысық сзықты бетіне түсетін тік проекциясына, сол жағында гидростатикалық қысым эпюрасын масштабта тұрғызамыз және осы эпюраның медиандар қылышындағы ауырлық орталығын графикалық тәсілмен табамыз. Табылған ауырлық орталығы арқылы  $P_x$ , горизонталь күшін жүргіземіз.

Тігінен түсетін  $P_z$  күші өтетін, қысым денесінің (АВСД) ауырлық ортасын табу үшін АВСД эпюрасын көлденеңінен және тігінен бірнеше аралыққа беліп, сол аралықтардың қысым орталықтарын анықтап бір-бірімен қосамыз. Бір-бірімен қылышатын екі қысық сзықты шығады. Қылышу нүктесі АВСД эпюрасының ауырлық орталығын береді. Тен әсерлі  $P$  күші көлденең түсетін  $P_x$  және тігінен түсетін  $P_z$  күштерінің қылышу нүктесі арқылы өтеді, және О нүктесіне бағытталады. Қысым орталығының координаталарын ( $x$  және  $z$ ) масштабта елшейміз және олардың дәл шамасын анықтап, есептің тәсілмен шығарылған мәндермен салыстырамыз. Екі тәсілдің жауабы бірдей болса, есептің дұрыс шешілгені.

#### 4.10-есеп.

Төмендегі берілген мәндер бойынша секторлы қақпаға (22-сурет) түсетін судың қысым күшін және қысым орталық координаталарын анықтандыз:



22-сурет

$H=3$  м,  $\alpha=45^\circ$ . Қақпамен жабылатын аралықтың ені  $b=4$  м.


**Жауабы:**

$$P=182,5 \text{ кН} = 18,25 \text{ т.}$$

$$x=-4,09 \text{ м}; z=+1,09 \text{ м.}$$

#### 4.11-есеп.

Практикалық пішіндегі суағарға сегментті қақпа орнатылған (23-сурет). Қақпаның радиусы  $r=3,5$  м,  $\alpha=60^\circ$ .



23-сурет

**Анықтау керек:**

- 1) су деңгейі қақпаның бетімен беттес деп санап, ОХ және ОZ естеріне байланысты қысым орталығының координаталарын;
- 2) тең әсерлі күш ОХ өсімен қандай бұрышты құрайтынын.

**Жауабы:**

$$1) x=-2,71 \text{ м}, z=-2,22 \text{ м}; \phi=39^\circ 19'.$$

#### 4.12-есеп.

Манометр көрсеткіші  $P_m$  болғандағы,  $r$  радиусты жартылай сфералы қақпаның болттарымен қабылданатын көрі итеретін күштің шамасын ( $P$ ) анықтаңыз. Судың терендігі  $h$  (24-сурет).

$$\text{Берілген: } P_m = 250 \text{ кПа}; r = 0,35 \text{ м}; h = 1,9 \text{ м}; \gamma_{cy} = 9810 \text{ Н/м}^3.$$

**Шешімі:**

Болттар қабылдайтын тартылу күші төмендегі шартпен анықталады:

$$P = \rho g * W,$$

$$\text{мұндағы, } W - \text{қысым деңесінің көлемі, } \text{м}^3.$$

Бұл жағдайда қысым денесінің көлемі, цилиндр және жарты сфера көлемдерінің айырмасына тең болады:

$$W_u = \pi r^2 \cdot h_1 = 3,14 \cdot 0,35^2 \cdot 23,58 = 9,07 \text{ м}^3.$$

Манометр көрсеткен тегеурін

$$h_0 = \frac{P_m}{\rho g} = \frac{250000}{9810} = 25,48 \text{ м.}$$

$$h_1 = h_0 - h = 25,48 - 1,9 = 23,58 \text{ м.}$$

Жарты сфера көлемі


$$W_{cf.} = \frac{1}{2} \cdot \frac{4}{3} \pi r^3 = \frac{1}{2} \cdot \frac{4}{3} \cdot 3,14 \cdot 0,35^3 = 0,25 \text{ м}^3.$$

Қысым денесінің көлемі

$$W = W_u - W_{cf.} = 9,07 - 0,25 = 8,81 \text{ м}^3.$$

Болттар қабылдайтын күштің шамасы


$$P = 1000 \cdot 9,81 \cdot 8,81 = 86465 \text{ Па} = 86,47 \text{ кПа.}$$



24-сурет

#### 4.13-есеп.

Радиусы  $r=10$  см (25-сурет) цилиндр ішіндегі ауаның (будын) қысымы  $p=2$  а. Жартысфера (ABC) пішінді поршеньге түсетін қысым күшін табыңыз.



**Жауабы:**


$$P = 3,14 \cdot 0,01 \cdot 2 \cdot 9,8 \cdot 10^4 H \cong 6,2 \cdot 10^3 H.$$

#### 4.14-есеп.

Бензин қабаты  $h_1 \geq 80$  см кезде, диаметрі  $d = 4$  см (26-сурет) клапанның автоматты ашылуын қамтамасыз ететін диаметрі  $D=30$  см қалтқының салмағын ( $G_k$ ) анықтаңыз. Төменге тартатын желінің ұзындығы  $h_2=74$  см. Клапан мен тартқыштың салмағын  $G_{кл}=1,7H=0,173$  кГ деп қабылдаңыз. Бензиннің салыстырмалы салмағы 0,75 ( $\gamma_b = 0,75\gamma_{cy}$ ).

**Шешімі:**

Қалтқының тепе-тендік шартын қарастырамыз: қалтқының, клапан мен тартқыштың және клапан үстіндегі бензиннің салмақтарының қосындысы Архимед күшіне тең болуы керек,



26-сурет

$$G_K + \gamma_s \frac{\pi d^2}{4} h_1 + G_{\text{кн}} = \gamma_s W,$$

мұндағы,  $W = \frac{\pi D^2}{4}$ ;  $y = \frac{3,14 \cdot 900}{4} \cdot 6 = 4239 \text{ см}^3$ , ( $y = h_1 - h_2$ ).

Қалтқының салмағы

$$G_K = \gamma_s W - \gamma_s \frac{\pi d^2}{4} h_1 - G_{\text{кн}}.$$

Сандық мәндерді қойып және  $\frac{\pi d^2}{4} = \frac{3,14 \cdot 4^2}{4} = 12,56 \text{ см}^2$ ,

$\gamma_s = 0,75 \gamma = 0,75 \cdot 9810$  екенін ескере отырып қалтқының салмағын есептейміз.

$$G_K = 0,75 \cdot 9810 \cdot 4239 \cdot 10^{-6} - 0,75 \cdot 9810 \cdot 12,56 \cdot 80 \cdot 10^{-6} - 1,7 = 2,17 \text{ кГ}.$$

Шығарылған есептерге сәйкес қалтқының салмағы  $G_K = 2,17$  кГ болуы қажет.

#### 4.15-есеп.

Ұзындығы мен ені  $5,0 \cdot 0,3 \text{ м}$  және биіктігі  $0,30 \text{ м}$  ағаш бөрене суға тасталды. Бөрененің салыстырмалы салмағы 0,7 болса, ол қандай терендікке батады? Әрбір адамның салмағы орташа алғанда  $67,5 \text{ кГ}$  деп есептеп, бөрененің жоғарғы беті судың еркін бетімен деңгейлес болғанша бөренеге қанша адам тұра алатынын анықтанды.


**Жауабы:**

0,21 м-ге батады; 2 адам.

## 5. Сүйық кинематикасы

### 5.1-жаттығу.

Ағын сыйығының анықтамасына сүйеніп оның дифференциалдық теңдеулерін құрыңыз, соған ұқсастырып құйын сыйығының да теңдеулерін жазыңыз.



27-сурет

**Жауабы:**

Ағын сызығының анықтамасы бойынша, оның кез-келген нүктесінен жүргізілген жанама, жылдамдықтың ( $\vec{u}$ ) бағытын көрсетеді. Ағын сызығының AB кесіндісі ете қысқа десек, онда  $dS$ -те жанама бойында жатады. Теориялық механика әдісін пайдаланып (27-сурет) осы кесіндіні  $|\Delta \vec{r}| = dS$  деп қарастырса болады. Сондықтан


$$\frac{U_x}{u} = \frac{dx}{dS}; \quad \frac{U_y}{u} = \frac{dy}{dS}; \quad \frac{U_z}{u} = \frac{dz}{dS},$$

немесе

$$\frac{dx}{U_x} = \frac{dy}{U_y} = \frac{dz}{U_z}.$$

Күйін тендеулерін осы тендеулерге сәйкестендіріп жазуға болады, ейткені олардың анықтамасы да өзара ұқсас

$$\frac{dx}{\omega_x} = \frac{dy}{\omega_y} = \frac{dz}{\omega_z}.$$



28-сурет

### 5.2-жаттығу.

Ағын сзықтары өзара қылышпайды, неге? Не себепті?

**Жауабы:**

Ағын сзықтарының өзара қылышпайтындығын дәлелдеу үшін, ағын сзығының анықтамасын керісінше топшылау әдісін пайдаланамыз. Мысалы, 1-ші және 2-ші ағын сзықтары А нүктесінде қылышады (28-сурет) деп бастайық. Онда 1-ші сзықтың А нүктесіндегі жылдамдығы  $\bar{U}_1$  жанама бойынша бағытталады, ал 2-ші ағын сзығына жанама  $\bar{U}_2$  бойымен бағытталар еді. Бірақ бір нүктеде екі жанама (екі жылдамдық) болмайтындықтан бұл топшылаудың жөні жоқ. Ағын сзықтары өзара қылышпайды деген тұжырым ғана қалады.

### 5.3-жаттығу.

Сығылмайтын тұтқырлы сұйық қозғалысының теңдеулерін сығылатын тұтқырлы сұйық қозғалысына пайдаланудың шарты қандай?

**Жауабы:**

Н.Е. Жуковский бір деңгейдегі екі сұйықты қарастырып (біреуі тыныштықта тұрған сығылмайтын сұйық, екіншісі - сығылатын және біріншісіне салыстырғанда қозғалып бара жатқан), оларға Бернули теңдеуін жазып, қысым айырмасын тауып, сығылу эффектісінің әсерін мына формула арқылы табуды ұсынған

$$\delta = \frac{\vartheta^2}{4c^2} = \frac{1}{4} M^2. \quad (1)$$

Бұл жерде M-Max (Н.В. Маевский) саны,  $M = \frac{g}{c}$ ;  $g$ -сүйкі (газ)  
қозғалысының жылдамдығы;  $c$ -дыбыс таралуының адиабаталық  
жылдамдығы.

Сығылу эффектісінің әсері  $\delta \approx 0,01$ ,  $c \approx 300 \text{ m/s}$  болса, онда (1)  
формуладан  $g = 60 \text{ m/s}$  шығады.

Демек, сығылатын сүйкі қозғалысы  $60 \text{ m/s}$  кем болса  
сығылмайтын сүйкі қозғалысына жазылған Бернулли теңдеуін  
пайдалана беруге болады.

Max саны  $M \approx 0,2$  дейінгі тұтастық теңдеуі, сығылмайтын  
сүйкітің тұтастық теңдеуінен айырмасы ете аз болады. Бірақ Max  
саны бірге жақындаған сайын, бұл теңдеулердің сығылатын  
сүйкіттар үшін маңызы арта түседі, ол негізгі ұқастық белгісіне  
айналады.

#### 5.4-жаттығу.

Ағынның еркін бет енінің салыстырмалы периметрі  $\beta_\chi = B/\chi$  ( $B$ -  
еркін бет ені;  $\chi$ -суланған периметр) арқылы ағындарды жіктеніз.

**Жауабы:**

Професор Ә.Әбдіраманов ұсынысы бойынша:

- а)  $\beta_\chi = 0$  – арынды ағын;
- б)  $0 < \beta_\chi < \infty$  – арынсыз ағын;
- в)  $\beta_\chi = \infty$  – еркін ақпа.

#### 5.5-жаттығу.

Сүйкі қозғалысының үзіліссіздігін қандай теңдеу арқылы  
өрнектейді?


Оны нүктеге, ақпаға және ағынға арнап жазыңыз.

#### 5.6-жаттығу.

Құбыр өткізгіштегі (29-сурет) ламинарлық режімді сүйкі  
қозғалысы құйынды қозғалысқа жатады. Тексеріп көріңіз.

**Жауабы:** Құбырдың көлденен қимасындағы жылдамдық эпюри  
мына формуламен өрнектеледі

$$\bar{U} = \frac{gI}{4\nu} (\bar{r}_0^2 - \bar{r}^2)$$



29-сурет

Жылдамдықтың  $x$ ,  $y$ ,  $z$  өстеріне проекциялары (құраушылары)  
 $U_x, U_y, U_z$  тәмендегідей:

$$U_x = \frac{1}{2} \left( \frac{\partial U_z}{\partial y} - \frac{\partial U_y}{\partial z} \right) = 0;$$

$$U_y = \frac{1}{2} \left( \frac{\partial U_x}{\partial z} - \frac{\partial U_z}{\partial x} \right) \neq 0;$$

$$U_z = \frac{1}{2} \left( \frac{\partial U_y}{\partial x} - \frac{\partial U_x}{\partial y} \right) \neq 0.$$

Бұл құйынды қозғалыс.

### 5.7-жаттығу.

Сұйық қозғалысының цилиндр құбырдағы ламинарлық және түрбуленттік режімдерінің басты айырмашылықтарын сипаттаңыз.

### 5.8-жаттығу.

Ламинарлық режімдегі сұйық қабаттары арасындағы үйкеліс күшіне арналған Ньютон болжамдары мен Ньютон-Петров теңдеуін көрсетіңіз.

### 5.9-жаттығу.

Навье-Стокс теңдеулерін Декарттық координаттар жүйесіне келтіріп, жазып көрсетіңіз.

### 5.10-жаттығу.

Элементар ақпага арналған Бернулли теңдеуінен ағынға арналған Бернулли теңдеуі Кориолис коэффициентін ( $\alpha$ ) кіргізумен ерекшеленеді. Мағынасын түсіндіріңіз.

### 5.11-жаттығу.

Сүйкіткіштің қозғалыс мөлшерін анықтағанда Буссинеск коэффициентін ( $\alpha_0$ ) пайдаланады. Не себептен?

### 5.12-жаттығу.

Кориолис коэффициенті ( $\alpha$ ) мен Буссинеск коэффициентінің ( $\alpha_0$ ) байланысын табыңыз.

### 5.1-есеп.

Горизонталь құбыр еткізгіш бойымен  $Q=8,8 \text{ л/с}$  суды жібергенде, терендігі  $H=55 \text{ см}$  су кезінен суды сору үшін, арын шығыны жоқ деп санап, құбырдың тарылған диаметрін ( $d_2$ ) (30-сурет) анықтаңыз. Құбырдың диаметрі  $d_1=100 \text{ мм}$ , 1-1 қимасындағы манометрлік қысым  $p_1 = 3924H / m^2$  ( $p_1 / \rho g = 0,4 \text{ м су бағ.}$ )


#### *Шешімі:*

Құбыр өсін салыстыру жазықтығы деп қабылдан, 1-1 және 2-2 қималары үшін Бернуlli теңдеуін жазамыз:

$$\frac{p_1}{\rho g} + \frac{p_a}{\rho g} + \frac{v_1^2}{2g} = \frac{p_2}{\rho g} + \frac{p_a}{\rho g} + \frac{v_2^2}{2g}. \quad (1)$$

Екінші қимадағы жылдамдық арынын анықтаймыз:

$$\frac{v_2^2}{2g} = \frac{p_1}{\rho g} + \frac{p_a - p_2}{\rho g} + \frac{v_1^2}{2g}. \quad (2)$$



30-сурет

Тендеудегі  $\frac{p_a - p_2}{\rho g}$  2 – 2 қимасындығы вакуум.

Тепе-тендік шартын жаза отырып, құбырша бойымен  $H=55$  см биіктікке судың көтерілуін қамтамасыз ететін вакуум шамасын анықтаймыз

$$p_2 + \rho g H = p_a,$$

мұндағы,

$$H = \frac{p_a - p_2}{\rho g} = 0,55 \text{ м.}$$

$d_1=100\text{мм}=10$  см кездегі құбырдың өтім қимасының ауданын есептейміз:

$$\omega = \frac{\pi d_1^2}{4} = \frac{3,14 \cdot 10^2}{4} = 78,5 \text{ см}^2.$$

Бірінші қимадағы жылдамдықты табамыз

$$\vartheta_1 = \frac{Q}{\omega_1} = \frac{8800}{78,5} = 112 \text{ см/с} = 1,12 \text{ м/с.}$$

1-1 қимасындағы жылдамдық арныны

$$\frac{v_1^2}{2g} = \frac{1,12^2}{19,62} = 0,064 \text{ м.}$$

Бернуlli теңдеуіне (2) сандық мәндерді қоямыз:

$$\frac{v_2^2}{2g} = 0,4 + 0,55 + 0,064 = 1,014 \text{ м,}$$

сонда, екінші қимадағы жылдамдық

$$v_2 = \sqrt{19,62 \cdot 1,014} = 4,46 \text{ м/с.}$$


Төменде келтірілген тендеу бойынша құбырдың тарылған диаметрін анықтаймыз:

$$d_2 = \sqrt{\frac{4Q}{\pi v_2}} = \sqrt{\frac{4 \cdot 0,0088}{3,14 \cdot 4,46}} = 0,05 \text{ м} = 5 \text{ см},$$

мұндағы  $Q=8,8 \text{ л/с}=0,0088 \text{ м}^3/\text{с.}$

### 5.2-есеп.

Диаметрлері бірдей ( $d_1=d_2=200 \text{ мм}$ ) А және В құбырлары бойынша қысыммен су беріледі. Құбырлардағы (31-сурет) қысым айырмасын өлшеу үшін манометр жалғанған. Құбырлардағы су қозғалысының жылдамдығын және А құбырындағы өтімді  $Q_A$  анықтаңыз. А және В құбырларындағы үлестік энергиялар өзара тең. Сынапты манометрдің көрсеткіші  $z=1 \text{ см}$ . В құбырындағы су өтімі  $Q_B = 5,9 \text{ л/с}$ . Кориолис коэффициентін  $a = 1$  деп қабылданыз.



31-сурет

**Жауабы:**

$$v_A = 1,09 \text{ м/с}; v_B = 0,75 \text{ м/с}; Q_A = 8,6 \text{ л/с}$$

### 5.3-есеп.

Құбырдан ағып шыққан су өтімін ( $Q$ ) және В нүктесіндегі (32-сурет) манометрлік қысымды ( $p_B - p_a$ ) анықтаңыз. Резервуардағы су деңгейі тұрақты, терендігі  $h=5,0$  м, жоғарғы құбыр диаметрі  $d_1 = 150\text{мм}$ , беліктерінің ұзындығы  $\ell_1' = 4,4\text{м}$  және  $\ell_1'' = 10\text{м}$  – ге тең. Диаметрі  $d_2 = 100\text{ мм}$  төменгі құбырдың ұзындығы  $\ell_2 = 13\text{м}$ . Есептеу кезінде, резервуардағы жылдамдық арынын ескермесе де болады.

**Шешімі:**

0-0 және 2-2 қималары үшін Бернулли тендеуін жазамыз,


$$\ell_1' + \ell_1'' + \ell_2 + h + \frac{p_a}{\rho g} = \frac{p_a}{\rho g} + \frac{g^2}{2g} + \sum h_{0-2}, \quad (1)$$

немесе

$$32,4 = \frac{g^2}{2g} + \sum h_{0-2}. \quad (2)$$

Арын шығынын анықтаймыз,

$$\sum h_{0-1} = \xi_k \frac{g^2}{2g} + \lambda_1 \frac{\ell_1' + \ell_1''}{d_1} \frac{g^2}{2g} + \xi_{k.m.} \frac{g^2}{2g} + \lambda_2 \frac{\ell_2}{d_2} \frac{g^2}{2g}. \quad (3)$$



32-сурет

Арын шығынын  $\vartheta_2$  жылдамдығы арқылы табамыз. Ол үшін  $\vartheta_1\omega_1 = \vartheta_2\omega_2$  тұтастық тендеуінен  $\vartheta_1$  жылдамдығын тауып алу керек. Сонда,

$$\vartheta_1 = \frac{\omega_2}{\omega_1} \vartheta_2 = \left( \frac{d_2}{d_1} \right)^2 \vartheta_2 = \left( \frac{100}{150} \right)^2 \vartheta_2 = 0,444 \vartheta_2 \text{ және } \vartheta_1^2 = 0,197 \vartheta_2^2. \quad (4)$$

Жоғарғы құбырға кіру  $\xi_k$  және кейін күрт тарылу  $\xi_{k.m.}$  коэффициенттерін  $\xi_k = 0,5$  және  $\xi_{k.m.} = 0,28$  деп қабылдап, оларды (3) тендеудегі орындарына қоямыз, ал Дарси коэффициентін Дарси ұсынған мына формула арқылы табамыз,

$$\lambda = 0,02 \left( 1 + \frac{1}{40d} \right)$$

яғни

$$\lambda_1 = 0,02 + \frac{0,0005}{0,15} = 0,0233 \text{ және } \lambda_2 = 0,02 + \frac{0,0005}{0,1} = 0,025.$$

Сондықтан арын шығыны

$$\sum h_{0-1} = (0,5 \cdot 0,197 + 0,0233 \cdot 96,0 \cdot 0,197 + 0,28 + 0,025 \cdot 130) \frac{\vartheta_2^2}{2g} = 4,069 \frac{\vartheta_2^2}{2g}.$$

Табылған мәндерді Бернулли тендеуіне (2) қоямыз:

$$32,4 = \frac{\vartheta_2^2}{2g} (1 + 4,069) = 5,069 \frac{\vartheta_2^2}{2g}. \quad (5)$$

Шығу кезіндегі жылдамдық:

$$\vartheta_2 = \frac{1}{\sqrt{5,069}} \sqrt{19,62 \cdot 32,4} = 11,2 \text{ м/с.}$$

Ал (4) - формуладан

$$\vartheta_1 = 0,444 \cdot 11,2 = 4,97 \text{ м/с.}$$

Өтім

$$Q = \omega_2 \vartheta_2 = 0,00785 \cdot 11,2 = 0,088 \text{ м}^3/\text{с},$$

мұндағы,

$$\omega_2 = \frac{\pi d_2^2}{4} = 0,785 \cdot 0,1^2 = 0,00785 \text{ м}^2.$$

Құбырдың В нүктесіндегі манометрлік қысымды анықтау үшін, 0–1 қималары арқылы жүргізілген салыстыру жазықтығына байланысты Бернулли теңдеуін жазамыз,

$$h + \ell' + \frac{p_a}{\rho g} = \frac{p_B}{\rho g} + \frac{g^2}{2g} + \xi_k \frac{g^2}{2g} + \lambda_l \frac{\ell'_1 g^2}{d_1 2g}.$$

Бұл теңдеуден

$$\begin{aligned} \frac{p_B - p_a}{\rho g} &= \left( h + \ell' \right) - \frac{g^2}{2g} \left( 1 + \xi_k + \lambda_l \frac{\ell'_1}{d_1} \right) = \\ &= 9,4 - \frac{4,97^2}{19,62} \left( 1 + 0,5 + 0,0233 \frac{4,4}{0,15} \right) = 6,65 \text{ м} \end{aligned}$$

немесе

$$p_B - p_a = 9810 \cdot 6,65 = 65237 \frac{H}{m^2} = 65,24 \frac{kH}{m^2} = 0,665 \cdot 10^4 \frac{k\Gamma}{m^2}.$$

#### 5.4-есеп.

Диаметрі  $d=10$  см құбырға  $t=12^0\text{C}$  температурада су жіберіледі. Құбырдағы су өтімі  $Q=150 \text{ см}^3/\text{с}$ . Ағынның қозғалу режімін анықтаңыз және құбырдың көлденең қимасының ортасына жіберілген бояу ақпасының қозғалу түрін сипаттаңыз. Қозғалу режімін өзгерту үшін құбырға қандай өтім беру қажет?

#### *Шешімі:*

Анықтамадан судың  $t=12^0\text{C}$  температурадағы кинематикалық тұтқырлық коэффициентін табамыз, яғни  $\nu = 0,0124 \text{ см}^2/\text{с}$ .

Құбырдағы су қозғалысының жылдамдығы

$$g = \frac{Q}{\omega} = \frac{150}{78,5} = 1,91 \text{ см/с},$$

мұндағы,

$$\omega = \frac{\pi d^2}{4} = \frac{3,14 \cdot 10^2}{4} = 78,5 \text{ см}^2.$$

Рейнольдс санын есептейміз

$$Re = \frac{\vartheta d}{\nu} = \frac{1,91 \cdot 10}{0,0124} = 1540.$$

Re( $Re_6$  (әдетте  $Re_6 = 2320$ ) болғандықтан, құбырдағы қозғалыс ламинарлы. Ағынның ортасына жіберілген бояу сұйықпен араласпай, жеке ақпа болып қозғалады.

Қозғалыс режімі түрбулентті режимге өтетін жылдамдықты табамыз:

$$\vartheta_\sigma = \frac{\nu Re_6}{d} = \frac{0,0124 \cdot 2320}{10} = 2,88 \text{ см/с.}$$

Қозғалыс режімі өзгергендеңі су өтімі Q төмендегі формула мен анықталады

$$Q = \omega \vartheta_\sigma = 78,5 \cdot 2,88 = 226,08 \text{ см}^3/\text{с.}$$

Жоғарыда табылғандай, құбырда түрбулентті режим туғызу үшін 226,08 см<sup>3</sup>/с-тан артық өтім өткізу қажет.

### 5.5-есеп.

Төмендегі суретте (33-сурет) берілген қысқа құбырлар желісіндегі әртүрлі кедергілерге кететін арын шығынын Бернуlli теңдеуін пайдаланып анықтаңыз.

Берілгені: Q=12 л/с; P<sub>0</sub>=59,0 кПа; l<sub>1</sub>=165 м; l<sub>2</sub>=65 м; l<sub>3</sub>=120 м; d<sub>1</sub>=150 мм; d<sub>2</sub>=200 мм; d<sub>3</sub>=175 мм; Δ=1,35 мм; t=13°C; ν=0,01207 см<sup>2</sup>/с; x=140м.

*Шешімі:*


I-I және II-II қималары үшін Бернули теңдеуін жазамыз:

$$Z_1 + \frac{p_1}{\rho g} + \frac{\alpha \vartheta_1^2}{2g} = Z_2 + \frac{p_2}{\rho g} + \frac{\alpha \vartheta_2^2}{2g} + \sum h_{l-2}, \quad (1)$$

$Z_1 - Z_2 = H; P_1 = P_0 = 59,0 \text{ кПа}; P_2 = P_a = 98,1 \text{ кПа}; g_1 = g_2 = 0;$   
 $\sum h_{l-2}$  - арын шығындарының қосындысы.

(1) – тендеуден толық арын

$$H = \frac{P_2 - P_1}{\rho g} + \sum h_{l-2} = \frac{98,1 - 59,0}{9,81} + \sum h_{l-2} = 3,99 + \sum h_{l-2}.$$



33-сурет

$h_{l-2}$  ұзындық және жергілікті шығындардан тұрады. Берілген суреттегі арын шығындарын рет-ретімен жазсақ, тендеу мына түрге келеді:

$$H = 3,99 + \xi_{kpr} \frac{g_1^3}{2g} + \lambda_1 \frac{x}{d_1} \cdot \frac{g_1^2}{2g} + \xi_{ysyr} \frac{g_1^2}{2g} + \lambda_1 \frac{l_1 - x}{d_1} \cdot \frac{g_1^2}{2g} + \xi_{kk} \frac{g_2^2}{2g} + \\ + \lambda \frac{l_2}{d_2} \cdot \frac{g_2^2}{2g} + \xi_{k.m.} \frac{g_2^2}{2g} + \lambda_3 \frac{l_3}{d_3} \cdot \frac{g_3^2}{2g} + \xi_{shygy} \cdot \frac{g_3^2}{2g}. \quad (2)$$

Мұнда,  $\xi_{kpr}, \xi_{ysyr}, \xi_{kk}, \xi_{k.m.}, \xi_{shygy}$ -тиісінше, құбырға кіру, ысырма, күрт кеңею, күрт тарылу, шығу жерлеріндегі кедергілік коэффициенттері;

$\lambda$ -гидравликалық үйкеліс коэффициенті;

$$\lambda = 0,11 \left( \frac{\Delta}{d} + \frac{68}{Re} \right)^{0,25}; \quad (3)$$

$\Delta$ -құбырдың бұжырлық коэффициенті,  $\Delta = 1,35$  мм.

Сұйықтың тұтастық теңдеуінен,

$$Q = \omega_1 \cdot g_1 = \omega_2 \cdot g_2 = \omega_3 \cdot g_3,$$

жылдамдықтарды табуға болады:

- $\ell_1$  участкесінде  $d_1=150$  мм болғандықтан:

$$g_1 = \frac{Q}{\omega_1} = \frac{0,012}{3,14 \cdot \frac{0,15^2}{4}} = 0,68 \text{ м/с};$$

$$Re_1 = \frac{g_1 \cdot d_1}{\nu} = \frac{68 \cdot 15}{0,01207} = 84507;$$

$$\lambda = 0,11 \left( \frac{1,35}{150} + \frac{68}{84507} \right)^{0,25} = 0,0346;$$

- $\ell_2$  участкесінде  $d_2=200$  мм болғандықтан:

$$g_2 = \frac{Q}{\omega_2} = \frac{0,012}{3,14 \cdot \frac{0,2^2}{4}} = 0,38 \text{ м/с};$$

$$Re_2 = \frac{g_2 \cdot d_2}{\nu} = \frac{38 \cdot 20}{0,01207} = 62966;$$

$$\lambda_2 = 0,11 \left( \frac{1,35}{200} + \frac{68}{62966} \right)^{0,25} = 0,0327;$$

- $\ell_3$  участкесінде  $d_3=175$  мм болғандықтан:

$$g_3 = \frac{Q}{\omega_3} = \frac{0,012}{3,14 \cdot \frac{0,175^2}{4}} = 0,5 \text{ м/с};$$

$$Re_3 = \frac{g_3 \cdot d_3}{\nu} = \frac{50 \cdot 17,5}{0,01207} = 72494;$$

$$\lambda_3 = 0,11 \left( \frac{1,35}{175} + \frac{68}{72494} \right)^{0,25} = 0,0335.$$

Жергілікті кедергі коэффициенттерінің мәндерін гидравликалық анықтамалардан аламыз:

$$\xi_{kipy} = 0,5; \quad \xi_{ysypr} = 0,88; \quad \xi_{k.m.} = 0,28; \quad \xi_{shygy} = 1,0; \quad \xi_{k.k.} = \left( \frac{\omega_2}{\omega_1} - 1 \right)^2 = 0,61$$

Толық арын шығыны (2) – формула бойынша

$$H = 3,99 + 0,5 \cdot \frac{0,68^2}{19,62} + 0,0346 \frac{140}{0,15} \cdot \frac{0,68^2}{19,62} + 0,88 \frac{0,68^2}{19,62} + 0,0346 \frac{165 - 140}{0,15} \cdot \frac{0,68^2}{19,62} + \\ + 0,61 \frac{0,38^2}{19,62} + 0,0327 \frac{65}{0,2} \cdot \frac{0,38^2}{19,62} + 0,28 \frac{0,5^2}{19,62} + 0,0335 \frac{120}{0,175} \cdot \frac{0,5^2}{19,62} + 1,0 \frac{0,5^2}{19,62} = \\ = 3,99 + 0,01 + 0,76 + 0,02 + 0,14 + 0,01 + 0,08 + 0,01 + 0,29 + 0,01 = 5,32 \text{ м}$$

Сонымен, құбырлар желісінен Q су өтуі үшін H=5,32 м арын шығындалады екен.

## 5.6-есеп.

Бернулли теңдеуінен сорғының ең көп өтімін мына түрде жазуға болады

$$Q_{max} = \frac{\pi d^2}{4} \cdot \sqrt{2g(h_{bak} - h)/(1 + \sum \xi + \lambda l/d)}.$$

Шамалап  $h_{bak} = 7,5$  м;  $\sum \xi = 0,30$ ;  $\lambda = 0,02$  және  $l/d = 100$  деп алсақ,

$$Q_{max} = 1,92^2 \sqrt{7,5 - h}, \text{ м/с.}$$

Егер сорғы  $h = 5$  м биіктікте орналасса (сүйық бетінен),  $d = 0,5$  м болса, онда  $Q_{max}$  қандай болар еді?

**Жауабы:**  $0,75 \text{ м}^3/\text{с.}$

## 6. Қысқа және ұзын құбырлар. Гидравликалық кедергілер және арын шығындары

### 6.1-жаттығу.

Арынды құбыреткізгіштердегі жергілікті кедергілердің атын, суретін және оларда болатын арын шығындарын анықтаң, кесте түрінде келтіріңіз.

### 6.2-жаттығу.


Жергілікті кедергілердің арын шығындарының сан мәндерін табу формуласын жазып, ондагы жергілікті кедергі коэффициентінің не себептен сондай мәнге ие болатынын түсіндіріңіз.

### 6.3-жаттығу.

Гидравликалық кедергілердің коэффициенттері неге байланысты болады және ол қалай анықталатынын түсіндіріп беріңіз.

### 6.4-жаттығу.

34-суретте берілген құбырлардың тармақталуындағы жергілікті кедергі коэффициенттерінің сандық мәндерін қалай түсіндірер едіңіз.



34-сурет

### 6.5-жаттығу.

Сорғының сору желісіндегі вакуумның шамасы


$$(h_{\text{вак}})_c = a + (1 + \xi_f) \frac{g^2}{2g}.$$

Бұл жердесі:  $a$  - сорғы осінің бассейндегі су деңгейінен биіктігі;  
 $\xi_f$  - сору жслісіндегі толық кедергі коэффициенті;  
 $\vartheta$  - құбырдағы орташа жылдамдық.

Егер сорғының сору жслісіндегі су қабылдағыш ( $\xi_{c.c.}$ ), кері клапан ( $\xi_{k.k.}$ ), вакуум-гидроциклон ( $\xi_{v.v.}$ ) орнатылған болса, онда толық кедергі коэффициенті  $\xi$ , неге тең болар еді?

## 6.6-жаттығу.

Никурадзс графигін (35-сурет) сипаттаңыз. Ол үшін 6.1 - кестені толтырыңыз.



35-сурет

## 6.7-жаттығу.

Никурадзс графигіндегі (35-сурет) I, II, III, IV зоналар үшін табылған формулаларды жазып (6.2 - кесте), олардың ерекшеліктері мен айырмашылықтарын көрсетіңіз.

## 6.1-кесте

№	Козғалыс режімдері, Дарси коэффициентінің езгеруі	Өзгеру шектері			
		Re	lg Re	λ	lg(100λ)
1	2	3	4	5	6
1	Ламинарлық режім (I-зона), $\lambda = f(Re)$				
2	Ламинарлық режім, гидравликалық жылтыр бет (II-зона), $\lambda = f(Re^{-0.25})$				
3	Өтпелі ламинарлы- тұрбулентті режім (III- зона), $\lambda = f(Re, \Delta/r)$ $\frac{\Delta}{r} = \frac{1}{15}$ $\frac{\Delta}{r} = \frac{1}{60}$ $\frac{\Delta}{r} = \frac{1}{252}$				
4	Дамыған тұрбулентті режім, квадраттық кедергінің облысы, кедергінің Рейнольдс санына облысы автомодельді (IV-зона), $\lambda = f(\Delta/r)$ , $\lambda \neq f(Re)$ ,  $\frac{\Delta}{r} = \frac{1}{30,6}$ $\frac{\Delta}{r} = \frac{1}{60}$ $\frac{\Delta}{r} = \frac{1}{120}$ $\frac{\Delta}{r} = \frac{1}{252}$				

## 6.2-кесте

Кедергі облыстары	Формула	Автор
I – зона, $\lambda = f(\text{Re})$		
II – зона, $\lambda = f(\text{Re}^{-0,25})$		
III – зона, $\lambda = f\left(\text{Re}, \frac{\Delta}{r}\right)$		
IV – зона, $\lambda = f\left(\frac{\Delta}{r}\right), \lambda \neq f(\text{Re})$		

## 6.1-есеп.

Бұрын пайдаланылған болат құбырда ағып жатқан судың температурасы  $20^{\circ}\text{C}$ , су өтімі  $Q=0,6 \text{ м}^3/\text{с}$ , құбырдың ішкі диаметрі  $d=0,5\text{м}$ , ұзындығы  $\ell=1000\text{м}$ . Үйкеліске шығындалған арын шамасын табыңыз.

*Шешімі:*

Пайдаланылған құбырдың абсолюттік эквиваленттік бұжырлығы  $\Delta_3=0,15 \text{ мм}=1,5 \cdot 10^{-4} \text{ м}$ , сондықтан

$$\frac{\Delta_3}{d} = 1,5 \cdot 10^{-4} / 0,5 = 0,0003.$$

Берілген температурадағы кинематикалық тұтқырлық коэффициенті  $v=1 \cdot 10^{-6} \text{ м}^2/\text{с}$ .

Құбырдағы су ағынының орташа жылдамдығы

$$g = 4Q / \pi d^2 = 4 \cdot 0,6 / 3,14 / 0,25 = 3,06 \text{ м/с.}$$

Құбырдағы су ағыны үшін Рейнольдс саны

$$\text{Re} = gd / v = 3,06 \cdot 0,5 / 1 \cdot 10^{-6} = 1,53 \cdot 10^6.$$

Гидравликалық үйкеліс коэффициентін А.Д.Альтшуль формуласы арқылы есептейміз,

$$\lambda = 0,11 (\Delta_3/d + 68/\text{Re})^{0,25} = 0,11 (0,0003 + 68/(1,53 \cdot 10^6))^{0,25} = 0,015.$$

Сонымен құбыр бойындағы арын шығынын Дарси-Вейсбах формуласымен табамыз:

$$h_{yil} = \lambda \cdot (\ell/d) \cdot (g^2 / 2g) = 0,015 \cdot 1000 / 0,5 \cdot 3,06^2 / 2 \cdot 9,81 = 14,30 \text{ м.}$$

## **6.2-есеп.**

Сакиналы қималы болат құбырдың ішінде аққан су температурасы  $t=10^{\circ}\text{C}$ , су отімі  $Q=400\text{l}/\text{мин}$ . Сыртқы құбырдың ішкі диаметрі  $d_1=75\text{мм}$ , ішкі құбырдың сыртқы диаметрі  $d_2=100\text{мм}$ , ұзындығы  $\ell=150\text{м}$ , құбыр участкесіндегі үйкеліске шығындалатын арынды табыңыз.

**Жауабы:**

31,75м.

## **6.3-есеп.**

Құбырдағы сұйық ламинарлы режимде ағады,  $Re=15*10^2$ . Құбырдың гидравликалық кедергі коэффициенті ( $\lambda$ ) қандай?

**Жауабы:**

Пуазель формуласы бойынша  $\lambda=0,043$ .

## **6.4-есеп.**

Құбырдың көлденең қимасындағы сұйық қозгалысының сің үлкен жылдамдығы  $u_{max}=2\text{м}/\text{с}$ . Егер сұйық ламинарлы режимде ағатын болса, оның оргаша жылдамдығы неге тең болар еді?

**Жауабы:**

$\vartheta=0,5\text{ м}/\text{с}$ .

## **6.5-есеп.**

Жаңадан төсөлген болат құбырдың диаметрі  $d=50\text{мм}$ , оның көлденең қимасынан отіп жатқап судың оргаша жылдамдығы  $2\text{м}/\text{с}$ . Құбырдың гидравликалық кедергі коэффициентін табыңыз.

**Жауабы:**

$\lambda=0,0056$ .

## **6.6-есеп.**

Бұжырлық коэффициенті  $n=0,013$  және гидравликалық радиусы  $R=0,75\text{м}$  каналга сәйкес Шези коэффициентін Павловскийдің, Маннингтің және Агроскипнің формулаларымен анықтап, оларды салыстыра сипаттанаңыз.

## **6.7-есеп.**

Диаметрі  $d=500\text{мм}$  су тасымалдайтын құбыр қимасының екі шұктесіндегі жылдамдық белгілі: құбыр осінде  $u_{max}=2,6\text{ м}/\text{с}$  және

құбыр қабырғасынан  $y=110\text{мм}$  қашықтықта  $u=2,30 \text{ м/с}$ . 1 м құбыр бойындағы үйкеліске көтөтін арын шығыныш табыңыз.

### *Шешімі:*

Бойлық бойынша гидравликалық кедергі коэффициенттің А.Д.Альтшулер формуласын қолданып анықтаймыз

$$u/u_{\max} = (y/r_0)^{0.9\sqrt{\lambda}},$$

немесе

$$\lg(u/u_{\max}) = 0.9\sqrt{\lambda} \lg \frac{y}{r_0}$$

Бұдан шығатыны

$$\lambda = \frac{\left(\lg \frac{u}{u_{\max}}\right)^2}{\left(0.9 \lg y/r_0\right)^2} = \frac{\left(\lg \frac{2.3}{2.6}\right)^2}{\left(0.9 \lg 110/250\right)^2} = 0.0286.$$

Ағыстың орташа жылдамдығын мына формуладан табамыз

$$u_{\max}/g = 1 + 1.33\sqrt{\lambda} = 1 + 1.33\sqrt{0.0286} = 1.228;$$

$$g = 2.60/1.228 = 2.11 \text{ м/с}.$$

Арын шығынышың 1м құбыр ұзындығына келетін сан мәнін Дарси-Вейсбах формуласымен анықтаймыз,

$$\frac{h_w}{l} = \frac{\lambda \cdot g^2}{d \cdot 2g} = \frac{0.0286 \cdot 2.11^2}{0.5 \cdot 19.6} = 0.013 \text{ м.}$$


### **6.8-есеп.**

Сорғының жұмыс доңғалалынан  $c_2=20 \text{ м/с}$  жылдамдықпен шыққан су спираль камерага тарайды. Тарапуға шығындалатын арынды табыңыз, егер спираль камерадағы судың орташа жылдамдығы  $c=0.7c_2$  болса.

*Ескерту:* Борд-Карно теоремасы бойынша есептелеңі.

### **6.9-есеп.**

36-суреттегі арынды құбыр откізгіштің тармақталуындағы арын шығындары  $h_{1,3}$  және  $h_{1,2}$  шамаларын табыңыз.



### *Шешімі:*

Ақпаның 1-1 қимамен 3-3 қималары арасындағы шығындалатын арынын Борд формуласы арқылы анықтаймыз

$$h_{1-3} = \frac{(g_1^2 - g_3^2)}{2g},$$

ал,

$$h_{1-2} = \frac{\xi_{1-2} g^2}{2g},$$

$\xi_{1-2}$  – кедергілік коэффициентін жуықтап екіге тен деп аламыз,  
 $\xi_{1-2} \approx 2$ .

### **6.10-есеп.**

Тұзу сзықты құбыр үчакесіндегі жергілікті кедергілердің арасы (вентиль, конфузор, диффузор және т.б.) қандай болуы керек?

#### *Жауабы:*

Жергілікті кедергілер коэффициенттерін қосу арқылы арын шығынын табу, тек барлық қималардағы жылдамдықтар эпюралары бір-бірінен аз ғана өзгеретіндей бол орналасатын кедергілер тобында ғана орын алады. Бұл аралықты мына формула бойынша табады

$$L = 0,5 \xi_{\text{кв}} d / \lambda.$$

Мұндағы: L – жергілікті кедергілердің бір-біріне әсері ескерілмейтіндей аралық;

$\xi_{\text{кв}}$  – квадраттық облыстағы жергілікті кедергі коэффициенті;  
d – құбырдың диаметрі;  
 $\lambda$  – бойлық үйкеліс кедергі коэффициенті.

## 6.11-есеп.

Құбырдағы сұйық қозғалысының дамыған түрбуленттік режімінде бойлық арын шығыны,

$$h_6 = K_4 \vartheta^2. \quad (1)$$

Осы формуладағы коэффициент  $K_4$  неге тең?

*Шешімі:*

Құбырдағы дамыған түрбуленттік режімдегі сұйық қозғалысының арын шығыны Вейсбах – Дарси формуласы бойынша,

$$h_6 = \lambda_T \frac{\ell}{d} \frac{v^2}{2g}. \quad (2)$$

Коэффициент  $\lambda_T$  Шифринсон формуласында

$$\lambda_T = 0,11 \left( \frac{\Delta_3}{d} \right)^{0,25}. \quad (3)$$

Сондықтан

$$h_6 = 0,11 \left( \frac{\Delta_3}{d} \right)^{0,25} \frac{\ell}{d} \frac{v^2}{2g}. \quad (4)$$

(1) және (4) формулаларды салыстырып,

$$K_4 = 0,11 \left( \frac{\Delta_3}{d} \right)^{0,25} \frac{\ell}{2gd}, \quad (5)$$

екенін көреміз.

## 6.12-есеп.

Құбырлардағы су қозғалысы қандай режімде болады, егер су температурасы  $t = 20^\circ\text{C}$ , жылдамдық  $\vartheta = 1 \text{ м/с}$  болса?

*Шешімі:*

Рейнольдстің белгі саны

$$Re = \frac{Vd}{\nu} = 2320.$$

Судың кинематикалық тұғқырлық коэффициенті

$$\nu = 0,01 \text{ см}^2/\text{с} = 10^{-6} \text{ м}^2/\text{с}.$$

Сонда құбыр диаметрі

$$d = \frac{\nu \cdot Re}{\nu}$$

$$d = \frac{10^{-6} \cdot 2320}{1} = 2,32 \cdot 10^{-3} \text{ м} = 2,32 \text{ мм.}$$

Осы диаметрден үлкен құбырлардың бәріндегі түрбулентті режимін алады. Ал 2,32 мм құбыршапы түтік деңгейде атайды.

### 6.13-есең.

Құбырлардың бірқалыпты сұйық қозғалысында, ламинарлық режимде, бойлық арын шығыны,

$$h_o = K_1 \nu ,$$

коэффициент  $K_1$  неге тең ?

*Шешімі:*

Нуазейль заңы бойынша

$$h_o = \frac{32\nu}{g} \frac{\ell}{d^2} \nu .$$

Осы формулараданы

$$\frac{32\nu}{g} \frac{\ell}{d^2} = K_1 = const.$$

Сондықтан ламинарлық режимде бойлық арын шығыны жылдамдыққа тұра пропорционал.

### 6.14-есеп.

Қан айналымында байланысты, француз дәрігері Нузейль 1840-1841 ж.ж., канимияр түтіктердегі су қозғалысын зерттең (тәжірибе түрінде) бойлық арын шығының есептеу үшін мына формуласын ұсынды,

$$h_b = \frac{32\nu}{g} \frac{\ell}{d^2} v.$$

Бұл формула Вейсбах-Дарси формуласынан,

$$h_b = \lambda \frac{\ell}{d} \frac{v^2}{2g},$$

оңай алышады, қорытын шыгарыңыз.

#### *Шешімі:*

Ағыстың ламинарлық режимінде гидравликалық кедергі коэффициенті  $\lambda = \frac{64}{Re}$  екенин ескеріп Вейсбах-Дарси формуласын мына түрде жазып алайық


$$h_b = \frac{64\nu}{\nu_d} \frac{\ell}{d} \frac{v^2}{2g}.$$

Бұдан

$$h_b = \frac{32\nu}{g} \frac{\ell}{d^2} v.$$

### 6.15-есеп.

Егер сорғының жұмыс донғалагының алдындағы вакуум ( $h_{vac}$ )<sub>c</sub> = 6,5 м, сору желісінің толық кедергі коэффициенті  $\xi_f = 4$ , сору құбырындагы су жылдамдығы  $v = 2$  м/с болса, онда сорғыны су бетінен қандай биіктікке орналастыру керек?



37-сурет

## 6.16-есеп.

Кұбырдың бойлық арын шығыны  $h_b = \zeta_b \frac{v^2}{2g}$  формуласымен табылады. Осы формуладағы  $\zeta_b$  - бойлық кедергі коэффициенті қалай табылады?

*Шешімі:*

Вейсбах-Дарси формуласы бойынша

$$h_b = \lambda \frac{\ell}{d} \frac{v^2}{2g}.$$

Есеп шартындағы формуламен салыстырсак

$$\zeta_b = \lambda \frac{\ell}{d}$$

екенін көреміз.

Формуладағы:

$\lambda$  – гидравликалық үйкеліс коэффициенті;

$\ell$  – кұбыр ұзындығы;


$d$  – кұбыр диаметрі.

## 6.17-есеп.

Борд теоремасын қорытып шыгарып, одан жергілікті кедергі коэффициентінің ( $\zeta_{к.к.}$ ) мәнін табыңыз.

*Шешімі:*

Борд теоремасын қорытып шығарайық. Ол үшін құбырдың кенет кеңейіп кетуін қарастырайық (38-сурет).



38-сурет

1-1 және 2-2 қимаға әсер етуші сыртқы қүштер

$$P_1 S_1 + P_1 (S_2 - S_1) - P_2 S_2 = (P_1 - P_2) S_2. \quad (1)$$

Бұл қүш қозғалыс мөлшерінің өзгеруі туралы теорема бойынша

$$(P_1 - P_2) S_2 = \rho Q (V_2 - V_1). \quad (2)$$

Үзіліссіздік теңдеуін пайдаланып өтімді былай жазып алайық

$$Q = V_1 S_1 = V_2 S_2. \quad (3)$$

Енді (2) теңдеуді мына түрде жазайық

$$P_1 - P_2 = \rho V_2 (V_2 - V_1). \quad (4)$$

Бернуlli теңдеуінен арын шығынын мына өрнек арқылы табады  
( $z_1=z_2; a_1 = a_2 = 1$ )

$$h_{k.k} = \frac{P_1 - P_2}{\rho g} + \frac{v_1^2 - v_2^2}{2g}. \quad (5)$$

(4), (5) теңдеулерден құбырдың кенеттегі орын алатын арын шығынын табамыз

$$h_{k.k} = \frac{(v_1 - v_2)^2}{2g} \quad (6)$$

немесе  $v_2 = v_1 \left( \frac{d_1}{d_2} \right)^2$  екенин ескеріп (6) формуласы түрлендіріп

жазайық

$$h_{k.k} = \frac{\left[ v_1 - v_1 \left( \frac{d_1}{d_2} \right)^2 \right]^2}{2g} = \frac{v_1^2}{2g} \left[ 1 - \left( \frac{d_1}{d_2} \right)^2 \right]^2 = \zeta_{k.k} \frac{v_1^2}{2g}. \quad (7)$$


(7) – формуладан корішіп тұрганында, құбыр кенеттегі жергілікті кедергі коэффициенті

$$\zeta_{k.k} = \left[ 1 - \left( \frac{d_1}{d_2} \right)^2 \right]^2. \quad (8)$$

Егер  $d_2 > d_1$  болса, онда  $\zeta_{k.k} \rightarrow 1$  (құбырдың резервуарға қосылуы).

### 6.18-есеп.

39-суретте корсетілген горизонталь ақпа АА<sup>1</sup> ез өсі бойымен  $\vartheta$  жылдамдықпен қозғалады. Сыртқы қабырғага әсер етуші оргалықтан тепкіш инерция күші  $\left( \frac{m\vartheta^2}{r} \right)$  сол жердегі қысымды арттырады. Артқан қысымды табыңыз.



39-сурет

Шешімі:

С-С' қимасына әсер етуші орталықтан тепкіш инерция күші -  $F_{in} = \rho da * dr * db \frac{v^2}{r}$ , ал ол күш қысым күшіне  $dP = dp * da * db$  ( $F_{in} = dP$ ), сондыктан

$$\frac{v^2}{r} \rho da * dr * db = dp * da * db. \quad (1)$$

(1) – тендеуден артқан қысым

$$dp = \rho v^2 \frac{dr}{r}. \quad (2)$$

Айнымалы шамалардың шектерін қойып интегралдаймыз

$$p \left|_{p_1}^{p_2} = \rho v^2 \ln \frac{r_2}{r_1} \right.$$

немесе

$$p_2 = p_1 + \rho v^2 \ln \frac{r_2}{r_1}. \quad (3)$$

Артқан қысым

$$P_2 - P_1 = \rho g^2 \ln \frac{r_2}{r_1}. \quad (4)$$

## 6.19-есеп.

Құбыр айналмасының ортасына түсетін қысым күшін ( $P_R$ ) табыңыз, егер құбыр ішіндегі сұйық қысымы  $P$  болса (40-сурет).


**Шешімі:**

ABA<sup>1</sup>B<sup>1</sup> көлемінде тере-тендік (тыныштық) күйін сақтап тұрған сұйыққа екі жағынанда бірдей сұйық қысымы және қабырга реакциялары әсер етеді. Белсенді күш шамасы

$$P = p \frac{\pi d^2}{4}.$$

Егер құбыр бастапқы бағытынан  $\beta$  бұрышын жасап айналса, онда айналма ортасына түсетін қысым күші

$$P_R = 2P \sin \frac{\beta}{2} = \frac{\pi d^2}{2} p \sin \frac{\beta}{2}.$$



40-сурет

Бұл күш құбырды сыртқа қарай сүйреп оны орнынан қозғап жіберуі мүмкін. Сондықтан мұндай айналмаларға бетон-тірек орнатады.

## 6.20-есеп.

Цилиндр құбыр ішіндегі сұйықтың ең үлкен қысымы  $P=10\text{a}$  болуы мүмкін, құбыр қабыргасының қалындығы ( $\delta$ ) қандай болу керек ?

*Шешімі:*

ABC<sup>1</sup>B<sup>1</sup>C<sup>1</sup> жарты цилиндрлі қисық бетке (41-сурет) түсетін қысым күші, ACA<sup>1</sup>C<sup>1</sup> төртбұрышты жазық (бойлық) қимаға түсетін қысым күшіне тең болғандықтан

$$P = p\ell d . \quad (1)$$

Ал құбырдың қабыргасын кернейтін қысым күші

$$P = 2\pi\delta \cdot \tau = \pi d \delta \tau \quad (2)$$

$\delta$  – құбыр қалындығы;


$\tau$  – кернеу.

(1) және (2) теңдеуден

$$p\ell = \pi\delta\tau \quad (3)$$

немесе құбыр қалындығы

$$\delta = \frac{p\ell}{\pi\tau} . \quad (4)$$



41-сурет


## 6.21-есеп.

Ұзындығы  $\ell$ , диаметрлері  $d$  (42-сурет), етімдері бірдей күбырлардың біріншісінде (42а-сурет) сұйық түзу сызық бойымен, екіншісінде (42б-сурет), I-қимада бұралып ағады да II-қимада түзу сызықты ағынға көшеді. Қайсысында арын шығыны көп болады? Неге?


**Жауабы:**

Екіншісінде (42б-сурет) арын шығыны көп болады ( $h_w' > h_w$ ), ейткені сұйық жолы ұзарады, кедергі артады және ортадан тепкіш күш эсерінен I-қимадағы пьезометр көрсеткіші 42а-суреттегімен салыстырғанда көп болады.

a)



б)



42-сурет

## 6.22-есеп.

Су тасымалдайтын, диаметрі  $d=500$  мм құбыр желісінің өтім қимасының екі нүктесінде жылдамдықтар өлшенді: қабырғадан  $y=110$  мм арақашықтықта  $u=2,3\text{ м/с}$  және құбыр есінде  $u_{\max}=2,6\text{ м/с}$ . Құбыр ұзындығының 1 м-не үйкеліске шығындалатын арын шығынының шамасын табыңыз.

*Шешімі:*

1. Төмендегі формуламен ұзындық бойындағы гидравликалық кедергі коэффициентінің шамасын анықтаймыз

$$\frac{u}{u_{\max}} = \left( \frac{y}{r_0} \right)^{0,9\sqrt{\lambda}} \quad (1)$$

$$\text{Мұндағы } r_0 = \frac{d}{2} = \frac{500}{2} = 250\text{мм}$$

(1) – тендеуді логарифмдейміз

$$\lg \frac{u}{u_{\max}} = 0,9\sqrt{\lambda} \lg \frac{y}{r_0}. \quad (2)$$

Бұдан

$$\lambda = \left[ \frac{\lg \frac{u}{u_{\max}}}{0,9 \lg \frac{y}{r_0}} \right]^2 = \left[ \frac{\lg \frac{2,3}{2,6}}{0,9 \lg \frac{110}{250}} \right]^2 = 0,0286.$$

2. Төмендегі байланыстырылғы қолданып ағыстың орташа жылдамдығын табамыз

$$\frac{u_{\max}}{v} = 1 + 1,35\sqrt{\lambda} = 1 + 1,35\sqrt{0,0286} = 1,228;$$

$$v = \frac{2,60}{1,228} = 2,11\text{ м/с.}$$

3. Вейсбах-Дарси формуласы бойынша құбырдың 1 м ұзындығына шығындалатын арын шығынын анықтаймыз

$$\frac{h}{\ell} = \frac{\lambda v^2}{d^2 g} = \frac{0,0286 \cdot 2,11^2}{0,5 \cdot 19,6} = 0,0130 \text{ м} \text{ су бағ.}$$

### 6.23-есеп.


Бір-біріне жалғасып жатқан құбырлардан тұратын желі үшін керекті арын ( $H$ ) мөлшерін (43-сурет) анықтаңыз.

Берілгені:  $Q=35,4 \text{ л/с};$

$$\ell_1 = 2,5 \text{ км}; d_1 = 150 \text{ мм};$$

$$\ell_2 = 3,125 \text{ км}; d_2 = 200 \text{ мм};$$

$$\ell_3 = 3,75 \text{ км}; d_3 = 150 \text{ мм.}$$



### Шешімі:

Ұзын құбырлар желісі болғандықтан, тек бойлық арын шығындарын анықтаймыз,

$$H = Q^2 \cdot \frac{L}{K^2}, \text{ м} \text{ немесе } H = Q^2 \frac{1000}{K^2} \cdot L, \text{ м.}$$

Бұл жерде:  $K$ - өтімдік сипаттама,  $K=f(d)$ , анықтамадан алынады;  
 $L$ - құбыр ұзындығы.

Әрбір участке үшін арын шығындарын анықтаймыз:

$$H_1 = Q^2 \cdot \frac{1000}{K_1^2} \cdot \ell_1 = 35,4^2 \cdot \frac{1000}{186,3^2} \cdot 2,5 = 90,27 \text{ м},$$

бұл жерде,  $K_1=186,3$  л/с;  $d_1=150$  мм кезде.

$$H_2 = Q^2 \cdot \frac{1000}{K_2^2} \cdot \ell_2 = 35,4^2 \cdot \frac{1000}{398^2} \cdot 3,125 = 24,72 \text{ м}$$

$d_2=200$  мм кезде  $K_2=398$  л/с.

$$H_3 = Q^2 \cdot \frac{1000}{K_3^2} \cdot \ell_3 = 35,4^2 \cdot \frac{1000}{186,3^2} \cdot 3,75 = 135,40 \text{ м},$$

$d_3=150$  мм кезде  $K_3=186,3$  л/с.

Сонда қажетті арын

$$H = H_1 + H_2 + H_3 = 90,27 + 24,72 + 135,40 = 250,39 \text{ м}.$$

## 6.24-есеп.

Сорғының жұмыс донғалағынан  $c_2=20$  м/с жылдамдықпен шыққан су спираль тәрізді әкеткіш арқылы диффузорға беріледі. Спираль тәрізді әкеткіштегі орташа жылдамдық  $\vartheta_2 \approx 0,7c_2$  деп есептеп ондағы арын шығынын табыңыз.

*Шешімі:*

Жұмыс донғалағынан шыққан су спираль тәрізді әкеткіште соққыға тап болғандықтан (кенет кеңейгендіктен) арын шығыны Борд-Карно теоремасы бойынша есептеледі

$$\Delta h_w = \frac{(c_2 - \vartheta_2)^2}{2g}$$

немесе

$$\Delta h_w = \frac{(0,3c_2)^2}{2g} \cong 1,8 \text{ м.су.баг.}$$

## 6.25-есеп.

Гидравикалық кедергілерді саралтаудың жалпы формуласын

$$h_w = \zeta \frac{g^2}{2g}$$
 Эйлер белгісінен табыңыз.

**Шешімі:**

Эйлер белгісінен

$$E_u = \frac{\Delta P}{\frac{1}{2} \rho g^2} = \frac{\rho g h_w}{\frac{1}{2} \rho g g^2} = \frac{h_w}{\frac{g^2}{2g}}$$

немесе

$$h_w = E_u \frac{g^2}{2g}, \text{ бұдан } \zeta = Eu \text{ болғанда } h_w = \zeta \frac{g^2}{2g}$$

мұндағы  $h_w$ -арын шығыны;

$\frac{g^2}{2g}$ -жылдамдық арыны.

## 6.26-есеп.

Бірқалыпты ағын үшін қорыттыған бойлық кедергінің жалпы (Вейсбах-Дарси) формуласынан,  $h_\delta = \lambda \frac{\ell}{4R} \frac{g^2}{2g}$ , Шезидің

жылдамдықты анықтайтын формуласын,  $g = C \sqrt{RJ}$  табыңыз (R-гидравикалық радиус; J-гидравикалық еністік; C-Шези коэффициенті).

**Шешімі:**

Бірінші формуладан

$$g = \sqrt{\frac{8g}{\lambda}} \sqrt{R \frac{h_\delta}{\ell}}.$$

Бірлік ұзындыққа тиісті арын шығыны

$$\frac{h_\delta}{\ell} = J, \text{ ал } \sqrt{\frac{8g}{\lambda}} = C \text{ десек,}$$

$$\vartheta = C\sqrt{RJ}.$$

### 6.27-есеп.

Диаметрі  $d=100\text{мм}$  құбыреткізгішпен өтімі  $Q=10\text{л/с}$  мұнай айдалып жатыр.

*Анықтау керек:*

- 1) температурасы  $t=10^0\text{C}$  қозғалыс режимі қандай болады?
- 2) сол температурадағы белгі жылдамдық ( $\vartheta$  б.т.) неге тең?

*Ескерту:* Рейнольдс белгі санының тәменгі көрсеткіші,  $Re_{б.т.}=2300$ .

*Жауабы:* 1) түрбулентті;

- 2) ( $\vartheta$  б.т.) = 0,95 м/с.

## 7. Сұйықтың тесіктер мен қондырмалардан ағыш шығуы

### 7.1-жаттығу.

Қандай тесікті шағын тесік деп атайды?

*Жауабы:*

Егер тесіктің биіктігі 0,1Н-тан аспаса, бұл жерде, Н – тесік алдындағы арын шамасы.

### 7.2-жаттығу.

Шағын тесікten ететін өтімді қалай анықтайды?

*Жауабы:*

$$Q=v\omega_c=\phi\varepsilon\omega\sqrt{2gH}=\mu\omega\sqrt{2gH},$$

$\mu$  - өтім коэффициенті,  $\mu=\phi\varepsilon$ ;

$\phi$  – жылдамдық коэффициенті,

$$\phi=1/\sqrt{1+\xi},$$

$$\xi=(1/\phi^2)-1,$$

$\varepsilon$  – ақпаның сығылу коэффициенті,  $\varepsilon=\omega_c/\omega$ ,

$\omega_c$  – сығылу қимасындағы ақпа ауданы;

$\omega$  – тесіктің ауданы.

Диаметрі  $d > 1$  см шағын тесіктер үшін бұл коэффициенттерді жуықтап қабылдауға болады:

$$\varepsilon = 0,61 \dots 0,63 ; \varphi = 0,97 \dots 0,98 ; \mu = 0,60 \dots 0,62 ; \xi = 0,04 \dots 0,06 .$$

### 7.3-жаттығу.

Гидравлика пәні ұғымында үлкен тесіктер деп қандай тесіктерді атайды?

**Жауабы:**

Қарастырылып отырған тесіктің биіктігі 0,1 Н-тан шамасы асатын болса.

### 7.4-жаттығу.

Гидравлика практикасында қолданылатын үлкен тесіктерден шыққан өтімді қалай анықтайды?

**Жауабы:**

$$Q = \mu \omega \sqrt{2gH_0} ,$$

Мұндағы:

$$H_0 = H + v_0^2 / 2g ,$$

$v_0$  – тесікке таяну жылдамдығы;

$H$  – тесіктің ауырлық орталығынан есептегендегі арын (тегеуірін) биіктігі.

Тіктеме қабырғадағы тікбұрышты тесіктен өтетін сұйық өтімі

$$Q = (2/3)\mu^1 b \sqrt{2g} (H_2^{3/2} - H_1^{3/2}) ,$$

$\mu^1$  – өтім коэффициенті,  $\mu^1 \approx \mu$  ( $\mu$ -шағын тесіктердің өтім коэффициенті);

$b$  – тесіктің ені;

$H_1, H_2$  – тиісінше, тесіктің төменгі және жоғарғы қырынан есептегендегі арын (тегеуірін).

### 7.5-жаттығу.

Сүмен көмілген тесіктен шығатын өтімді қай формуламен табады?

**Жауабы:**

$$Q = \mu \omega \sqrt{2gz_0} ,$$

$$z_0 = z + v_0^2 / 2g,$$

z – жоғарғы және төменгі бьефтердегі су деңгейлерінің айырымы.

### 7.6-жаттығу.

Тесік сумен толық көмілмеген жағдайда өтімді қалай есептейді?

**Жауабы:**

$$Q = \sigma \omega \sqrt{2gH},$$

$H = (H_1 + H_2) / 2$  – тесіктің ауырлық орталығынан алғандағы жоғарғы бьефтегі арын (тегеурін);

$\sigma$  – тесіктің көмілген деңгейін есепке алатын коэффициент. Егер төменгі бьефтегі су деңгейі тесіктің жартысына жетпесе, онда  $\sigma \approx 1$  деп алса, көп қате кетпейді.

### 7.7-жаттығу.

Сыртқы цилиндрлік қондырманың сығылған қимасында вакуумның шамасы қандай болады?

**Жауабы:**

$$h_{vac} = (0,75 \dots 0,80) H.$$

### 7.8-жаттығу.

Гидротехникалық практикада воронкалар (иірімді құбылыстар) қандай жағдайларда пайда болады?

**Жауабы:**

Түптік үлкен тесікті резервуарларды судан босатқанда, сорғылардың сору желісінің айналасында, қалқан мен аратіреу арасындағы бұрышта.

### 7.9-жаттығу.

Жұқа қабырғадағы тесіктен атмосфераға шығатын су өтімі  $Q_T = 0,62\omega \sqrt{2gH}$ , ал дәл сол тесікке қойылған сыртқы қондырғыдан (Вентури қондырғысынан) шығатын өтім

$$Q_B = 0,82\omega \sqrt{2gH}.$$

Қандай жағдайдағы су өтімі көп? Өтім қанша пайызға кебейеді, неге?

## 7.10-жаттығу.

Жұқа қабырғадағы тесіктен атмосфераға шығатын сұйық жылдамдығы

$\vartheta_T = 0,97\sqrt{2gH}$ , ал дәл сол тесікке қойылған сыртқы қондырғыдан (Вентури қондырғысынан) шығатын сұйық жылдамдығы

$$\vartheta_B = 0,82\sqrt{2gH},$$

Қай жағдайда жылдамдық көп (%)?

## 7.11-жаттығу.

Жоғарыда келтірілген екі жаттығудан байқағанымыз, Вентури қондырғысы арқылы сұйық аққанда жылдамдық аз болғанымен етім көп, неге?

## 7.12-жаттығу.

Вентури қондырғысының ұзындығы 3,5 диаметрден кем болған жағдайда, қондырғы суға толып ақпайды, неге?

**Жауабы:** Қондырғы ұзындығы аз болғандықтан акпа диаметрі кеңейіп қондырғы диаметріне тең бола алмай қалады, сондықтан сырттан аяу кіріп кетеді де сұйық атмосфераға шығып жатқандай болады.

## 7.1-есеп.

Қалқанның астынан еркін, көмілмей шығып жатқан судың өтімін табыңыз, егер тесіктің ені  $b=1,5\text{m}$ , биіктігі  $a=0,7\text{m}$ , ал қалқан алдындағы тегеурін  $H=2,0\text{m}$  болса.

**Шешімі:** Алдымен ағынның сыйылу дәрежесін табайық

$$n=a/H = 0,7/2,0 = 0,35.$$

Енді ақпаның сыйылу коэффициентін анықтайық  
 $\varepsilon = 0,57 + 0,043/(1,1-n) = 0,57 + 0,043/(1,1-0,35) = 0,627.$

Өтім,

$$\begin{aligned} Q &= \frac{\varphi\varepsilon}{\sqrt{1+\varepsilon n}} \cdot ab\sqrt{2gH} = \\ &= \frac{0,627}{\sqrt{1+0,627 \cdot 0,35}} \cdot 1,5 \cdot 0,7 \cdot 4,43\sqrt{2} = 3,72 \frac{\text{m}^3}{\text{s}}. \end{aligned}$$

## 7.2-есеп.

Тұптік тесіктің диаметрі  $D=1\text{м}$ , судың өтімі  $Q=3 \text{ м}^3/\text{с}$ . Егер ағын атмосфераға шығып жатқан болса, тегеурін қандай болған жағдайда ауа ағыны тесікке жетіп, воронка пайда болады?

*Шешімі:*

Тесіктің сығылған қимасындағы судың жылдамдығын анықтайтың

$$v = Q / \omega_c = Q / \epsilon(\pi D^2 / 4) = 4 * 3 / 0,64 * 3,14 * 1^2 = 6 \text{ м/с.}$$

Алмағайып арынды (тегеурінді) есептейік,

$$H_{\text{ал}} = 0,5D(v / \sqrt{gD})^{0,55} = 0,5 * 1(6 / \sqrt{9,81 * 1})^{0,55} = 0,72 \text{ м.}$$

Егер тегеурін осы алмағайып арыннан кем болса, онда суда воронка пайда болады.

## 7.3-есеп.

Көмілген ақпа диаметрі  $d_0=20 \text{ мм}$  қондырмадан ытқып шығып сулы ортаға тарайды. Бастапқы участке ұзындығын анықтаңыз.

*Жауабы:*

Бастапқы участке ұзындығы Г.П.Абрамовичтың жартылай эмпирикалық формуласымен табылады

$$X_\delta = \frac{0,67}{a} r_0,$$

$a$ -тұрақты шама, еске симметриялы ақпа үшін  $a \approx 0,07 \dots 0,08$ ;  
 $r_0$ -қондырма радиусы.

$$X_\delta = \frac{0,67}{0,075} 0,01 = 0,089 \text{ м.}$$

А.Я. Миловичтың ұсынысы бойынша  $X_\delta = 6d_0 = 0,12 \text{ м.}$

## 7.4-есеп.

Радиусы  $r_0=20 \text{ мм}$  қондырмадан шығып жатқан ақпа су ішінде тарайды. Ақпа басынан 30 см-лік жерде көмілген еркін ақпаның радиусы қандай болады?

### **Жауабы:**

Көмілген еркін ақпаның радиусы бастапқы қимадан алыстаған сайын көбейеді

$$r = \left( 3,4 \frac{ax}{r_0} + 1 \right) r_0, \text{ (Г.П. Абрамович)}$$

немесе

$$r = \left( 3,4 \frac{0,075 \cdot 0,3}{0,02} + 1 \right) 0,02 = 0,096 \text{ м}$$

### **7.5-есеп.**

Бұралған ақпа су ішіне таралады. Оның тангенциалды жылдамдығының естік жылдамдыққа қатынасы  $\eta_p = \frac{g_{\varphi \max}}{g_{z \max}} = 0,4$ .

Жұмыстық сүйық шығатын тесіктің 10 диаметріндегі арақашықтықта бастапқы сүйыққа қанша сүйық массасы қосылар еді.

### **Шешімі:**

Қосылған салыстырмалы сүйық массасын  $\frac{G - G_0}{G_0} = \Delta G$  П.Мейер

формуласы арқылы табамыз,

$$\Delta G = \left( 0,32 \frac{x}{d} + k\theta \right) \sqrt{\frac{\rho_0}{\rho}}.$$

Бұл формуладағы

$\frac{x}{d} = 10$  және одан көп болған жағдайда

тәжірибелік коэффициент  $k=4,4$ ;

$\theta$ -бұралу параметрі,

$$\theta = \frac{\eta_p / 2}{1 - \frac{\eta_p}{2}}, \text{ немесе } \theta = \frac{0,2}{0,8} = 0,25.$$

Біртекес сұйық үшін  $\rho_0=\rho$ , сондықтан

$$\Delta G = 0,32 \frac{x}{d} + k\theta,$$

яғни

$$\Delta G = 0,32 \cdot 10 + 4,4 \cdot 0,25 = 3,2 + 1,1 = 4,3.$$

Жұмыстық сұйық шекаралық қабатта өзінің бастапқы өтімін 4,3 есе көбейтеді (әжекция коэффициенті  $q=4,3$ ).

## 7.6-есеп.

Бұралған ақпа су ішіне таралғанда,  $0 \leq \frac{x}{d} \leq 5$  аралығында, әжекция коэффициенті Д.Н. Ляховский формуласы

$$q = 0,5\theta + 0,207(1+\theta)\frac{x}{d},$$

бойынша есептеледі.

Бұралу параметрі

$$\theta = \frac{\eta_p/2}{1 - \frac{\eta_p}{2}}; \eta_p = \frac{g_{\varphi \max}}{g_{z \max}} = 0,5 \quad \text{деп қабылдан}, \quad \frac{x}{d} = 5 \quad (\text{калибр})$$

аралықта бастапқы өтім қанша есе көбейетіндігін табыңыз.

*Шешімі:*

Бұралу параметрін анықтаймыз

$$\theta = \frac{0,5/2}{1 - \frac{0,5}{2}} = \frac{0,25}{0,75} \cong 0,33.$$

Бес калибрлік арақашықтықта сорылатын сұйық мөлшері

$$q = \frac{Q - Q_0}{Q_0} = \frac{\Delta Q}{Q_0}; \quad \Delta Q = qQ_0$$

немесе

$$\Delta Q = \left[ 0,5\theta + 0,207(1+\theta)\frac{x}{d} \right] Q_0;$$

$$\Delta Q = [0,5 \cdot 0,33 + 0,207(1+0,33) \cdot 5] Q_0 = (0,165 + 1,396) Q_0 = 1,561 Q_0.$$

## 7.7-есеп.

Тура агатын ақпаның эжекция коэффициенті П. Мейер формуласымен анықталады,

$$q = 0,32 \frac{x}{d} \sqrt{\frac{\rho_0}{\rho}},$$

Жұмыстық сұйық пен сорылатын сұйық біртектес деп 4-ші және 10-шы калибрлердегі бастапқы өтімге қосылатын өтімдердің қандай болатынын есептегендіз.

**Жауабы:**

1.  $\Delta Q = 0,84 Q_0$  (Д.Н. Ляховский)
2.  $\Delta Q = 3,2 Q_0$  (П. Мейер)

## 7.8-есеп.

Гидроэлеватордың жұмыстық ақпасының бұралу параметрі  $\theta=0,3$  болған жағдайда 4-ші және 10-шы калибрдегі бастапқы өтімге қосылатын қосымша өтімдер қандай болар еді?

**Жауабы:**

1.  $\Delta Q = 1,24 Q_0$  (Д.Н. Ляховский)
2.  $\Delta Q = 4,52 Q_0$  (П. Мейер)

## 7.9-есеп.

Диаметрі 10 мм шлангіден тегеуріні 20 м су бағаны әсерімен тік шапшып шыққан еркін ақпаның биіктігін табыңыз ( $K=0.23 \cdot 10^{-3}$ ).

**Шешімі:**

Люгердің формуласы бойынша

$$h = \frac{H}{1 + K \frac{H}{d}},$$

$$h = \frac{20}{1 + 0,23 \cdot 10^{-3} \frac{20}{0,01}} = 13,71 \text{ м.}$$

## 7.10-есеп.

Күбыр ұшынан  $H_0$  тегеурін әсерімен тік шапшып шыққан ақпа биіктігін (44-сурет) табыңыз.

### *Шешімі:*

Тұтас ақпа үшін қозғалыс мөлшерінің өзгеруі туралы Эйлер теоремасы былай жазылады

$$m\ddot{\vartheta}_1 - m\ddot{\vartheta}_2 + \ddot{R}_k^* + \ddot{R}_\delta^* = 0. \quad (1)$$

Бұл тендеудің z-өсіне проекциясы

$$m\ddot{\vartheta}_{1z} - m\ddot{\vartheta}_{2z} + R_{kz}^* + R_{\delta z}^* = 0. \quad (2)$$

Тендеудегі:

m-секундтық масса,  $m = \rho \vartheta_{1z} \omega_0$ ;

$\vartheta_{1z}$ ,  $\vartheta_{2z}$  – 1-ші және 2-ші қималардағы орташа жылдамдықтар;

$$\vartheta_{1z} = \phi \sqrt{2gH_0};$$

$H_0$ -ақпа тегеуріні;

$R_{kz}^*$  -көлемдік күштің ( $G_z$ ) z-өсіне проекциясы,

$$R_{kz}^* = G_z = -\rho g h \omega;$$

h-ақпа биіктігі;

$R_{\delta z}^*$  =  $\sum R_{\delta z}$  -беттік күштердің z-өсіне проекциялары,

$$R_{\delta z}^* = P_{1z} - P_{2z} - F_{y\dot{u}};$$

$P_{1z}, P_{2z}$  -1-ші және 2-ші қималардағы қысым күштерінің проекциялары

$$P_{1z} = P_{1z} \omega_1 = 0,$$

$$P_{2z} = P_{2z} \omega_2 = 0,$$

Сұйық ақпа ішінде де, сыртында да қысым бірдей;

$F_{y\dot{u}}$ - ақпа мен ауа арасындағы үйкеліс күші

$$F_{y\dot{u}} = th\chi,$$

$\tau$ - ақпа бетіндегі жанама жүктену,

$$\tau = f\rho \frac{g^2}{2};$$

$\chi$ -ақпаның сулану периметрі,  $\chi = \frac{\omega_0}{R} = \frac{2\omega_0}{r_0}$ ;

$f$ -үйкеліс коэффициенті;

$R$ -гидравликалық радиус,  $R = \frac{r_0}{2}$ ;

Жоғарыда келтірілген мәліметтерді еске ала отырып (2)-ші теңдеуді былай жазамыз

$$2\varphi^2 \rho g \omega_0 H_0 - \rho g h \omega_0 - 2f\varphi^2 \rho g h \frac{\omega_0}{r_0} H_0 = 0 \quad (3)$$

немесе  $\rho g \omega_0$ -ға қысқартқан соң

$$2\varphi^2 H_0 - h - 2f\varphi^2 h \frac{H_0}{r_0} = 0.$$


Бұдан

$$h = H_0 \frac{2\varphi^2}{1 + \frac{4f\varphi^2 H_0}{d}} = H_0 \frac{2\varphi^2}{1 + K \frac{H_0}{d}}, \quad (4)$$

$$K = 4f\varphi^2 \text{ (M.A. Мостков)}$$

Егер  $\varphi \approx 0.75$  деп қабылдасақ, онда (4)-тен Люгердің эмпирикалық формуласы шығады

$$h = \frac{H_0}{1 + K \frac{H_0}{d}}. \quad (5)$$




44-сурет

### 7.11-есеп.

45-суреттегі берілген сұлбे үшін, сыйымдылықты судан толық босату (ағып шығу) уақытын анықтаңыз.

Берілгені:  $\Omega_1 = 4.5 \text{ м}^2$ ;  $H_1 = 2.5 \text{ м}$ ;  $m = 1.8$ ;  $\eta = 1.5$ ;  $\omega = 22.0 \text{ см}^2$ .

*Шешімі:*



45-сурет

Сыйымдылықтың жоғарғы жағындағы  $\Omega_1$  аудан бөлігін судан босату уақытын анықтаймыз,

$$t_1 = \frac{2\Omega_1}{\mu\omega\sqrt{2g}} \cdot (\sqrt{H} - \sqrt{H_2}) = \frac{2 \cdot 4,5}{0,62 \cdot 22 \cdot \sqrt{19,62}} (\sqrt{6,25} - \sqrt{3,75}) = 834 \text{с.}$$

Бұл жердегі,  $H=H_1+H_2=2,5+(1,5 \cdot 2,5)=6,25$  м.

Сыйымдылықтың  $\Omega_2$  ауданды төменгі бөлігінің судан арылу уақытын белайша анықтаймыз

$$t_2 = \frac{2\Omega_2}{\mu\omega\sqrt{2g}} \cdot \sqrt{H_2} = \frac{2 \cdot 1,8 \cdot 4,5}{0,62 \cdot 0,22 \cdot 10^{-2} \cdot \sqrt{19,62}} \cdot \sqrt{3,75} = 5192 \text{с.}$$


Сыйымдылықтан судың толық ағып біту уақыты,

$$t = t_1 + t_2 = 834 + 5192 = 6026 \text{с} = 100 \text{мин.} 26 \text{с.}$$

## 7.12-есеп.

Аудандары  $\Omega_1 = \Omega_2 = \Omega = 20 \text{ м}^2$  А және В қатынас сыйымдылықтардағы (радиусы 10 см – тесік арқылы) сұйық деңгейлерінің ( $H_1 = 5 \text{ м}$ ,  $H_2 = 2 \text{ м}$ ) толық теңесуіне керекті уақытты табыңыз (46-сурет).

Ескерту: Сыйымдылықтардағы деңгейлер айырмасы орын алатын уақыт мына формуламен табылады (Ә.Әбдіраманов. Гидравлика. Тараз 2010, б. 217)



46-сурет


$$t = \frac{2\Omega_1\Omega_2}{\mu\omega\sqrt{2g}(\Omega_1 + \Omega_2)} \cdot (\sqrt{H_1} - \sqrt{H_2})$$

Мұндағы  $\mu$ -өтім коэффициенті,  $\mu=0,62$ .

### 7.13-есеп.

Үйдістың сұйықтан жартылай босау уақытын табыңыз, егер тесік үйдістың түбіне орналасқан болса (47-сурет).

*Шешімі:*  $t$  уақыт аралығында тегеуріннің  $H_1$ -ден  $H_2$ -ге дейін кемуі мына формула арқылы өрнектеледі (Ә.Әбдіраманов. Гидравлика. Тараз 2010, б. 215)



47-сурет

$$t = \frac{2\Omega(\sqrt{H_1} - \sqrt{H_2})}{\mu\omega\sqrt{2g}}.$$

Есептің шарты бойынша  $H_2 = H_1/2$ , сондықтан

$$\begin{aligned} t &= \frac{2\Omega}{\mu\omega\sqrt{2g}} \left( \sqrt{H_1} - \sqrt{\frac{H_1}{2}} \right) = \frac{2\Omega}{\mu\omega\sqrt{2g}} \sqrt{H_1} \left( 1 - \frac{1}{\sqrt{2}} \right) = \frac{2\Omega\sqrt{H_1}}{\mu\omega\sqrt{2g}} \left( \frac{\sqrt{2}-1}{\sqrt{2}} \right) = \\ &= \frac{0,41}{1,41} \cdot \frac{2\Omega\sqrt{H_1}}{\mu\omega\sqrt{2g}} = 0,29 \frac{2\Omega H_1}{\mu\omega\sqrt{2g} H_1} = 0,29 \frac{2W}{Q}. \end{aligned}$$

### 7.14-есеп.

Жазық жұқа қабырғадағы дәңгелек тесіктен су атып шығып жатыр. Тесіктің диаметрі  $d=20\text{мм}$ . Тесік үстіндегі тегеурін  $H_0=64\text{ см}$  болған жағдайда өтім қандай болар еді? (өтім коэффициентін  $\mu = 0,62$  деп алыныз).

*Жауабы:*  $Q = \mu\omega\sqrt{2gH_0} = 0,7 \text{ л/с.}$

## 7.15-есеп.

Жұқа жазық қабырғадағы шағын тесіктен шыққан өтімнен дәл сол тесікке сырттай цилиндр қондырғы қойғандағы өтім 33 пайызға артады. Есептеп көзіңізді жеткізіңіз.

*Шешімі:*

Сыртқы цилиндр қондырғы үшін  $\varphi = 0,82$ , сығылу коэффициенті  $\varepsilon \approx 0,64$ . Сығылу қимасындағы вакуум

$$h_{\text{вак}} = 2\varphi^2 \frac{1-\varepsilon}{\varepsilon} H_0 = 2 \cdot 0,82^2 \frac{1-0,64}{0,64} H_0 \approx 0,75 H_0,$$

сондықтан өтім көбейеді, ейткені

$$Q = \mu \omega \sqrt{2g(H_0 + 0,75H_0)} = 1,33 \mu \omega \sqrt{2gH_0}.$$

Жұқа жазық қабырғадағы шағын тесіктен ағып шығатын судың өтімі  $Q = \mu \omega \sqrt{2gH_0}$ .

Отімнің 33%-ға көбейгені көрініп түр.

## 8. Жасанды суөткізгіштер мен ашық арналардағы сұйықтың қозғалысы

### 8.1-жаттығу.

Жасанды тік бұрышты, трапеция және парабола тәріздес арналар үшін гидравликалық ұтымды қима қандай болуы керек?

### 8.2-жаттығу.

Каналдарды жобалағанда қандай есептер жиі кездеседі? Олардың есебін қандай әдістемемен жүргізеді? Жуып кетпейтін, лай тұндырмайтын жылдамдықтар деген не? Мысал келтіріңіз.

### 8.3-жаттығу.

Тасындылардың гидравликалық ірілігі деген не? Оны қалай табуға болады? Тұйық қималы арынсыз каналдарды есептеу ерекшелігі неде?

## 8.4-жаттығу.

Суағарлардың қандай түрлері болады? Оларды сыйып, сипаттаңыз.

**Жауабы:**

- 1) Жұқа қырлы суағарлар;
- 2) Практикалық кескінді суағарлар;
- 3) Жалпақ табанды суағарлар, т.б.

## 8.5-жаттығу.

Суағарлардың өтімін есептейтін негізгі формула қалай жазылады?

**Жауабы:**

$$Q=mb\sqrt{2g}H_0^{3/2},$$

мұндағы,  $m$  – суағардың өтім коэффициенті;

$b$  – суағардың ені;

$$H_0 = H + v_0^2 / 2g.$$

## 8.6-жаттығу.

Суағарлардың негізгі формуласын табу үшін өлшемдіктер теориясын пайдаланып қорытып шығарыңыз.

**Жауабы:**

Өлшемдіктер теориясын қолданып былай жазуға болады,

$$Q=cb^x g^y H_0^z,$$

бұл жерде,  $c$  – суағардың кескінін көрсететін коэффициент.

Өтім суағар енінің ( $b$ ) бірінші дәрежесіне пропорционал екендігі белгілі. Олай болса  $x=1$ , сондықтан

$$[L^3 T^{-1}] = [L] [LT^{-2}]^y [L]^z.$$

$L$  мен  $T$ -ның дәреже көрсеткіштерін тенестіреміз. Сонда екі белгісізі бар екі тендеулер жүйесі пайда болады

$$\begin{cases} 3 = 1 + y + z \\ -1 = -2y \end{cases}$$

Осы тендеулер жүйесінен  $y=0,5$  және  $z=1,5=3/2$ , екенін табамыз, олай болса

$$Q = cb\sqrt{g}H_0^{3/2} = \frac{c}{\sqrt{2}} * b\sqrt{2g}H_0^{3/2}.$$

Осындағы  $c/\sqrt{2}=m$  деп белгілең, суағардың өтімін былай жазамыз

$$Q=mb\sqrt{g}H_0^{3/2}.$$

### **8.7-жаттығу.**

Үшбұрышты суағарды су өлшегіш ретінде қалай пайдаланады?

**Жауабы:**

бұрышын  $90^{\circ}$  деп Томсон формуласын қолданады

$$Q = 1,4H^2 \sqrt{H}, \text{ м}^3/\text{с}.$$

### **8.8-жаттығу.**

Трапециялық суағарлардың өтім формуласын жазып, оны сипаттап беріңіз.

Ескерту: оның салдарларына да көніл аударыңыз.

### **8.9-жаттығу.**

Сүйіктің қалыптасған қозғалысының негізгі тендеуін жазыңыз, оның қалыптасқан қозғалыстағы Бернуlli тендеуінен айырмасын анықтаңыз.

### **8.10-жаттығу.**

Сүйіктің қалыптасған қозғалысының негізгі тендеуін қысқаша былай жазуға болады

$$H_1 = H_2 + h_w + h_{in},$$

бұл тендеудегі:  $H_1, H_2$  - екі қимадағы арын шамасы;

$h_w$  - үйкеліске шығындалған арын;

$h_{in}$  - инерциалық арын.

Тендеудің графигін сзып түсіндіріңіз.

### **8.11-жаттығу.**

Әр түрлі сүйіктардың серпімділік модульдерін ( $E_i$ ) анықтамалардан тауып, оларды бір-бірімен салыстырып, мағынасын түсіндіріңіз.

### **8.12-жаттығу.**

Болаттан, темірбетон, пластмассадан, ағаштан тағы басқа материалдардан жасалған құбырлардың қабырғаларының

серпімділік модульдерін ( $E_i$ ) анықтамалардан тауып оларды бірбірімен салыстырып, мағынасын түсіндіріңіз.

### 8.13-жаттығу.

Гидравликалық соққы толқынының таралу жылдамдығы мына формуламен табылады (Ә.Әбдіраманов. Гидравлика. Тараз 2010, б. 261)

$$c = \sqrt{\frac{E_0}{\rho}} \cdot \frac{1}{\sqrt{1 + \frac{E_0}{E} \frac{d}{\delta}}}.$$

Бұл формуладағы:  $E_0$  - сұйықтың серпімділік модулі;

$\rho$  - сұйық тығыздығы;  $d, E, \delta$  - кезегімен құбыр диаметрі; құбыр қабырғасының серпімділік модулі; қабырға қалындығы.

Гидравликалық соққы толқынының таралу жылдамдығы мен дыбыс жылдамдығының байланысын сипаттаңыз.

### 8.14-жаттығу.

Гидравликалық соққы кезіндегі қысымның артуы қандай формуламен анықталады?

**Жауабы:** Н.Е. Жуковский формуласымен

$$\Delta P = \rho v c$$

Формуладағы  $v, \rho$  - кезегімен, сұйықтың жылдамдығы мен тығыздығы;  $c$ -гидравликалық соққы толқынының жылдамдығы, ол дыбыс жылдамдығына тең.

### 8.15-жаттығу.

Каналдың (өзеннің) толық арыны ( $H$ ) мен қимасының үлесті энергиясын ( $\mathcal{E}$ ) формула түрінде жазып, суретте көрсетіңіз.

### 8.16-жаттығу.

Қиманың үлесті энергиясының

$$\mathcal{E} = h + \frac{\alpha Q^2}{2g\omega^2}$$

немесе  $\mathcal{E} = f(h)$  графигін сыйып, белгі терендікті табыңыз.

## 8.1-есеп.

Суретте (48-сурет) көрсетілген бөгөттерге соғатын толқындардың соққы күш қысымдары қандай болады?

**Шешімі:**

Уақыт бірлігіне қатысты қозғалыс мәлшерінің езгеруі толқынның соққы күш қысымына тең, яғни

$$R = (\alpha_0 \rho Q \vartheta_s)_2 - (\alpha_0 \rho Q \vartheta_s)_1.$$


Егер  $(\alpha_0)_1 = (\alpha_0)_2 \approx 1$  десек

$$R = \rho Q [(\vartheta_s)_2 - (\vartheta_s)_1].$$

a)

б)

в)



48-сурет

Бұл формуладағы:

$(\vartheta_s)_1$ -жылдамдық  $\dot{\vartheta}_1$ -дің S-бағытына проекциясы;

$(\vartheta_s)_2$ -жылдамдық  $\dot{\vartheta}_2$ -нің S-бағытына проекциясы.

Сондықтан тұра сызықты бөгет реакциясы

$$R = \rho Q [O - (\vartheta_s)_1] = -\rho Q \vartheta = -\rho \omega \vartheta^2.$$

Толқын соққысының қысым күші (48,а-сурет).

$$P_a = \rho Q \vartheta = \rho \omega \vartheta^2 \quad (1)$$

Ағын бөгетке  $\beta_1 < 90^\circ$  бұрыш жасай соққанда

$$R = -\rho Q (\vartheta \cos \beta_1 - \vartheta).$$

Соққының қысым күші (48,б – сурет)

$$P_\sigma = -R = \rho Q \vartheta (1 - \cos \beta_1). \quad (2)$$

(1) және (2) өрнектерден

$$P_\sigma \prec P_a \quad (3)$$

екені көрініп түр.

Егер бұрыш  $\beta_2 > 90^\circ$  (48,в-сурет) болса, онда

$$P_\sigma \succ P_a. \quad (4)$$

## 8.2-есеп.

Модель мен шынайы бөгеттің геометриялық ұқсастық масштабы  $\frac{L_2}{L_1} = 1/100$  (49-сурет). Егер модель етегіндегі су жылдамдығы  $\vartheta_2 = 1 \text{ м/с}$  болса, онда шынайы бөгет етегіндегі жылдамдық қандай болмақ?


*Шешімі:*

Бұл жағдайда басқа күштерден ауырлық күш әсері басым, сондықтан Фруд саны (гравитациялық ұқсастық белгісі) сақталуы тиіс

$$\frac{\vartheta_1^2}{g_1 L_1} = \frac{\vartheta_2^2}{g_2 L_2}.$$

$g_1 = g_2$  болғандықтан,

$$\vartheta_1 = \sqrt{\frac{L_1}{L_2}} \vartheta_2,$$



49-сурет

немесе

$$g_1 = \sqrt{100} g_2 = 10 \text{ m/s}.$$

### 8.3-есеп.

Жетілген гидравликалық шапшымадагы қосақы тереңдіктер тендеуін Әбдіраманов тендеуінен тауып, оның физикалық сипаттамасын беріңіз.

**Жауабы:**

Әбдіраманов тендеуінін,

$$W(h_1) - W(h_2) = \bar{\omega}(\bar{J} - i)\ell_u, \quad (1)$$

оң жағы нөлге тең болса,

$$\bar{\omega}(\bar{J} - i)\ell_u = 0, \quad (2)$$

онда әлемге белгілі Беланже-Буссинеск тендеуі шығады

$$W(h_1) - W(h_2) = 0,$$

немесе

$$W(h_1) = W(h_2). \quad (3)$$

Бұл жердегі

$$\left. \begin{aligned} W(h_1) &= \frac{\alpha_0 Q^2}{g\omega_1} + y_1 \omega_1 \\ W(h_2) &= \frac{\alpha_0 Q^2}{g\omega_2} + y_2 \omega_2 \end{aligned} \right\} \quad (4)$$

$\omega_1, \omega_2$ -бірінші және екінші өтім қималарының аудандары;  
 $y_1, y_2$ -бірінші және екінші өтім қималарындағы ауырлық орталықтарына дейінгі тереңдіктер;

Q-өтім.

(2) теңдеуден керініп тұрганыңдай Беланже-Буссинеск теңдеуі  $J=i$  болған жағдайда ғана орын алады. Бұл шарт сұйықтың бірқалыпты қозғалысын сипаттайды. Жетілген гидравликалық шапшыма әрине бейқалыпты қозғалысқа жатады. Бұданшықты Беланже-Буссинеск теңдеуі құбылысты жуықтап сипаттайды.

#### 8.4-есеп.

Жетілген гидравликалық шапшыманың негізгі теңдеуін (Әбдіраманов теңдеуін) жазып, оның физикалық мағынасын анықтаңыз.

**Жауабы:**

Әбдіраманов теңдеуі былай жазылады

$$W(h_1) - W(h_2) = \bar{\omega} \ell_{\text{ш}} (\bar{J} - i) \quad (1)$$

$W(h_1), W(h_2)$ -бірінші және екінші қималардағы шапшыма функциялары;

$\bar{\omega}$  -жетілген гидравликалық шапшыманың орташа өтім қимасының ауданы;

$\ell_{\text{ш}}$  -жетілген гидравликалық шапшыма ұзындығы;

$\bar{J}$  -орташа гидравликалық еңістік;

$i$ -шапшыма табанының еңістігі.

Тендеудің екі жағын да  $\rho g$ -ға көбейтіп жазсақ, онда

$$\rho g [W(h_1) - W(h_2)] = \rho \bar{\omega} \ell_{\text{ш}} [g(\bar{J} - i)] \quad (2)$$

шығар еді, яғни бірінші және екінші қималарға тіркелген сыртқы күштердің айырмасы  $\rho g [W(h_1) - W(h_2)]$  әсерімен шапшымадағы  $\rho \omega^2$  массалы сұйықтық  $g(\bar{J} - i)$  үдеуімен қозғалады. Бұл Ньютоның екінші заңын толық қанағаттандырады.

### 8.5-есеп.


Шеzi коэффициентінің (C) өлшем бірлігі неге тең?

*Шешімі:*

$$C = \sqrt{\frac{8g}{\lambda}}. \text{ Осы формуладан } C[L^{0.5} T^{-1}] \text{ немесе } [C] = \frac{M^{0.5}}{c}.$$

### 8.6-есеп.

Трапеция қималы каналдың ( $b=3\text{м}$ ,  $B=5\text{м}$ ,  $h=1\text{м}$ ,  $m=1$ ) сулану периметрін ( $\chi$ ), гидравликалық радиусын ( $R$ ) және өтім қимасының ауданын ( $\omega$ ) табыңыз (50-сурет).



*Шешімі:*

$$\omega = (b + mh)h = (3 + 1 \cdot 1)1 = 4 \text{ м}^2;$$

$$\chi = b + 2h \sqrt{(1 + m^2)} = 3 + 2 \cdot 1 \sqrt{1 + 1^2} = 5,82 \text{ м};$$

$$R = \omega / \chi = 4 / 5,82 = 0,69 \text{ м.}$$

### 8.7-есеп.

Тік бұрышты қималы каналдың ( $b=3\text{м}$ ;  $h=0,5\text{м}$ ) гидравликалық элементтерін ( $\omega$ ,  $\chi$ ,  $R$ ) табыңыз.


*Жауабы:*

$$\omega = 1,5 \text{ м}^2; \chi = 4 \text{ м}; R = 0,37 \text{ м.}$$

## 8.8-есеп.

Квадратты парабола қымалы науаның ( $P=0,2$ ;  $h=0,6\text{м}$ ) гидравликалық элементтерін табыңыз (51-сурет).

**Ескерту:** Төмендегі формулаларды пайдаланыңыз.



51-сурет

$$\omega = \frac{4}{3} \sqrt{(2P)} * h^{3/2};$$

$$\chi = P \left[ \sqrt{2h} / P (1 + 2h/P) + b (\sqrt{hP} + \sqrt{1 + 2h/P}) \right];$$

$$B = 2 \sqrt{2Ph};$$

$$R = \omega / \chi.$$

## 8.9-есеп.

Гидротехникалық практикада топырақ арналы каналдың бұжырлық коэффициенті  $n=0,0225$ , тасынды диаметрі  $d=0,25\text{ мм}$  болған жағдайда, алмағайып, лайламайтын жылдамдық И.И.Леви формуласымен табылады

$$v_{al.} = 0,5 \sqrt{R}, \text{ м/с};$$

$R$  – гидравликалық радиус.

Егер тік бұрышты каналдың ені  $b=3\text{м}$ , терендігі  $h=1,5$  болса, алмағайып лайламайтын жылдамдық қандай болар еді?

**Жауабы:**

$$v_{al.} = 0,72 \text{ м/с.}$$

### 8.10-есеп.

Болат құбырөткізгіштер үшін  $\frac{E_0}{E} = 0,01$  ( $E_0$  – сұйықтың серпімділік модулі;  $E$  – құбыр қабырғасы материалының серпімділік модулі)  $d/\delta = 50$  ( $d$  - құбыр диаметрі;  $\delta$  - құбыр қабырғасының қалындығы) деп гидравликалық соққы кезіндегі қысымның артуын табыңыз.

**Шешімі:**

$$\Delta P = \frac{1400 \rho v}{\sqrt{1 + \frac{E_0 d}{E \delta}}}$$

немесе

$$\Delta P = \frac{1400 \rho v}{\sqrt{1 + 0,01 \cdot 50}} \approx 1000 \rho v.$$

### 8.11-есеп.

Егер құбырдағы судың жылдамдығы  $v = 2 \text{ м/с}$ , тығыздығы  $\rho = 10^3 \text{ кг/м}^3$ , ал гидравликалық соққы толқынының жылдамдығы  $c = 1000 \text{ м/с}$  болған жағдайда, гидравликалық соққы кезіндегі қысым қаншаға артар еді?

**Жауабы:**  $\Delta P = 2 \cdot 10^6 \text{ Па} = 2 \cdot 10^3 \text{ кПа} = 2 \text{ МПа.}$

### 8.12-есеп.

Судың серпімділік модулі  $E_0 = 19,62 \cdot 10^8 \text{ Па}$ , ал тығыздығы  $\rho = 10^3 \text{ кг/м}^3$  екенін ескеріп судағы дыбыс жылдамдығын (гидравликалық соққы толқынының жылдамдығын) есептеп шығарыңыз.

**Жауабы:**  $c = 1400 \text{ м/с.}$

### 8.13-есеп.

Судың тығыздығы  $\rho = 10^3 \text{ кг/м}^3$  судағы дыбыс жылдамдығы  $c = 1400 \text{ м/с}$  болатынын ескеріп қысымның қанша езгеретінін анықтаңыз.

**Жауабы:**  $\Delta P = 1,4 \cdot 10^6 v \text{ Па.}$

### 8.14-есеп.

Гидравликалық соққы толқынының таралу жылдамдығы қандай болар еді, егер  $\sqrt{E/\rho} \approx 1400 \text{ м/c}$ ;  $\frac{E_0}{E} = 0,01$ ;  $\frac{d}{\delta} = 100$  болған жағдайда?

**Жауабы:**

$$c = \frac{1400}{\sqrt{1 + 0,01 \cdot 100}} = \frac{1400}{\sqrt{2}}.$$

### 8.15-есеп.

Егер  $\frac{E_0}{E} \frac{d}{\delta} \ll 1$  болса, онда гидравликалық соққының таралу жылдамдығы қандай болар еді?

**Жауабы:**

$$c \cong \sqrt{\frac{E_0}{\rho}}.$$

### 8.16-есеп.

Күбіреткізгіш ұзындығы  $\ell = 2000 \text{ м}$ ; бастапқы арын  $h_0 = 100 \text{ м}$ , дыбыс жылдамдығына  $a = 1000 \text{ м/c}^2$ ; задвижканы жабу уақыты  $T_s = 2 \text{ с}$ . Бастапқы жылдамдық  $v_0 = 3 \text{ м/c}$ . Қысым өсуінің ең үлкен шамасын табаңыз.

**Жауабы:**

$$\ell = 2000 > \frac{aT_s}{2} = \frac{1000 \cdot 2}{2} = 1000 \text{ м},$$

сондықтан тұра гидравликалық соққы орын алады.

Соққы қысымының бастапқы қысымнан қанша есе көп екенін табу үшін мына формуланы пайдаланамыз

$$\Delta h = -\frac{a \Delta v}{g}$$

немесе

$$dh = -\frac{a}{g} dv.$$

Бұл теңдеуді интегралдасақ

$$\int_{h_0}^h dh = -\frac{a}{g} \int_{v_0}^v du$$

немесе

$$h - h_0 = -\frac{a}{g} (v - v_0).$$

Соққы қысымы, соңғы жылдамдық  $v = 0$  болған кезде, ең үлкен мәнге ие болды

$$h - h_0 = \Delta h = \frac{av_0}{g} = \frac{1000 \cdot 3}{g} \approx 300 \text{м}$$

немесе

$$h = h_0 + \Delta h = 400 \text{м}$$

Гидравликалық соққы әсерімен қысым өзінің бастапқы мәнінен 4 есе өседі.

### 8.17-есеп.

Трапециялық каналдың сипаттамалары:  $m=1,5$ ;  $n=0,02$ ;  $i=0,0004$ ;  
 $Q=50 \text{м}^3/\text{с}$ ;  $\beta_{r,y} = \frac{b}{h} = 2$ .

Каналдың түптік ені мен судың терендігін табыңыз.

*Есепті шешу тәртібі:*

- 1) каналдың салыстырмалы енін табады  $\beta_{r,y} = \frac{b}{h} = 2(\sqrt{1+m^2} - m)$ ;
- 2) су терендігінің бірнеше мәні (1м, 2м, 3м, 4м) үшін  $b_i = \beta_{r,y} h_i$  есептеп канал өтімдерін табады;
- 3)  $Q = f(h)$  графикін түрғызады;
- 4) график бойынша ізделініп отырған су терендігін ( $h$ ) анықтайтыды;
- 5) каналдың түптік енін табады,  $b = \beta_{r,y} h$ .

### **8.18-есеп.**

Трапециялық каналдың өтім қимасының өлшемдері:  $b=4\text{м}$ ;  $h=2\text{м}$ ;  $i=1$  және каналдың түптік еңістігі  $i=0,0004$  мен бұжырлық коэффициенті  $n=0,020$  берілген.

Каналдағы судың өтімін табыңыз.

*Ескерту:* Шези формуласын пайдаланыңыз.

### **8.19-есеп.**

Трапециялық каналдың барлық бес сипаттамасы:  $Q=60\text{м}^3/\text{с}$ ;  $i=0,0004$ ;  $b=15\text{м}$ ;  $m=1,5$ ;  $n=0,025$  берілген, каналдың толу терендігін ( $h$ ) анықтаңыз.

*Жауабы:*  $h=2,5\text{м}$ .

*Есепті шешу тәртібі:*

1)  $h$ -қа әртүрлі мән ( $h=1\text{м}; 2; 3\text{м}; 4\text{ м}$ ) беріп, әр терендікке сәйкес канал сипаттамалары  $\omega$ ,  $\chi$ ,  $R$ ,  $C$ ,  $Q$  есептелінеді; (кесте толтырылады);

2) кесте негізінде график  $Q=f(h)$  түрғызылады;

3) осы графиктен  $Q=60\text{м}^3/\text{с}$  тиісті терендікті табады.

### **8.20-есеп.**

Трапециялық каналдың барлық бес сипаттамасы:  $Q=40\text{м}^3/\text{с}$ ;  $i=0,0004$ ;  $h=2,0\text{м}$ ;  $m=1,5$ ,  $n=0,025$  берілген, каналдың түптік енін анықтаңыз.

*Есепті шешу тәртібі:*

1)  $b$ -ға әртүрлі мән ( $b=1\text{м}; 2,0\text{м}; 3,0\text{ м}; 4,0\text{ м}; 5,0\text{м}$ ) беріп, әр енге сәйкес канал сипаттамалары  $\omega$ ,  $\chi$ ,  $R$ ,  $C$  және  $Q$  есептелінеді; (кесте толтырылады);

2) кесте негізінде график  $Q=f(b)$  түрғызылады;

3) осы графиктен  $Q=40\text{м}^3/\text{с}$  тиісті түптік енді табады.

### **8.21-есеп.**


Құбыр суға толғанда оның гидравликалық радиусы

$$R = \frac{\omega}{\chi} = \frac{D}{4},$$

ал тегінде,

$$R = \frac{1}{4} \left( 1 - \frac{\sin \varphi}{\varphi} \right) D,$$

өйткені өтім қимасының ауданы



52-сурет

суланған периметрі

$$\chi = \frac{1}{2}\varphi D.$$

Егер құбырдың диаметрі  $D=1,0$  м, (52-сурет), орталық бұрыш  $\varphi = 240^\circ$  болған жағдайда гидравликалық радиус қандай болған болар еді?

*Ескерту:* орталық бұрышты радианмен алыңыз.

### 8.22-есеп.

Шези коэффициенті  $C=100 \frac{m^{0.5}}{s}$ , гидравликалық радиус  $R=50$  м,

гидравликалық еңістік  $J=0,0002$  деп ағыстың жылдамдығын табыңыз.

*Жауабы:*  $v = 10$  м/с.

### 8.23-есеп.

Құбырдың диаметрі  $d=100$  мм болған жағдайда, гидравликалық радиус қанша болғаны?

**Жауабы:**  $R=25$  мм.

### 8.24-есеп.

Егер жабық каналдың гидравликалық кедергі коэффициенті  $\lambda = 0,008$  болса, Шези коэффициентінің шамасы қандай болғаны?

**Жауабы:**  $C = 100 \frac{M^{0,5}}{c}$ .

### 8.25-есеп.

Тікбұрышты арнадағы жетілген гидравликалық шапшыманың негізгі сипаттамаларын анықтаңыз, егер арнаның ені  $b=1$  м, өтімі  $Q=1\text{m}^3/\text{с}$ , шапшыма алдындағы су терендігі  $h_1=0,2$  м болса.

**Шешімі:**

Алмағайып тереңдікті табамыз

$$h_{an} = \sqrt[3]{\frac{\alpha Q^2}{gb^2}} = \sqrt[3]{\frac{1,1 \cdot 1^2}{9,81 \cdot 1^2}} = 0,48\text{m}$$

Фруд санын анықтаймыз

$$Fr_1 = \frac{h_{an}^3}{h_1^3} = \left( \frac{0,48}{0,2} \right)^3 = 13,82.$$

Фруд саны  $Fr > 3$ , сондықтан шапшыма жетілген деп саналады.

Екінші қосақы тереңдікті табамыз

$$h_2 = \frac{h_1}{2} \left( \sqrt{1 + 8 \left( \frac{h_{an}}{h_1} \right)^3} - 1 \right) = \frac{0,2}{2} \left( \sqrt{1 + 8 \cdot 13,82} - 1 \right) = 0,95\text{m}.$$

Гидравликалық шапшыма ұзындығын Н.Н. Павловский формуласымен анықтаймыз

$$\ell_u = 2,5(h_2 - h_1) = 2,5(0,95 - 0,2) = 4,01\text{m}.$$

Шапшымадан кейінгі участок ұзындығын М.Д. Чертоусовтың ұсынысы бойынша

$$\ell_{\text{ш}} = (2,5 \dots 3,0) \quad \ell_{\text{ш}} = (2,5 \dots 3)4,01 = 10 \dots 12 \text{ м.}$$

## 9. Екі қосынды сұйықтар қозғалысы

### 9.1-жаттығу.

Араласу камерасы мен диффузордың геометриялық өлшемдерін және гидравликалық параметрлерін анықтағанда қандай жәйттерді есепке алу қажет?

**Жауабы:** 1) араласу камерасына кіре берістегі қиманың кез келген нүктесінде статикалық қысым бірдей екендігін;

2) араласу камерасының шыға беріс қимасындағы статикалық қысым жылдамдықтың логарифмдік пішініне сай екендігі;

3) диффузордың геометриялық өлшемі мен формасы статикалық қысымның ең жоғарғы мүмкін шамасын қамтамасыз етуі ескеріледі.

### 9.2-жаттығу.

Тұзу ағысты көмілген ақпа несімен ерекшеленеді?

**Жауабы:** 1) ағын жылдамдығының көлденең құраушылары оның бойлық құраушыларымен салыстырғанда өте аз шама болғандықтан, оларды есепке алмаса да болады; ақпадағы қысым тұрақты, ол айналасындағы сұйық органдың қысымына тең;

2) ақпаның ені салттаманың (соплоның) жиегінен бастап арақашықтық өсken сайын тұра сыйықты тәуелділікпен өседі.

### 9.3-жаттығу.

Көмілген бұралған ақпа қасиеттерін атаңыз?

**Жауабы:** 1) сұйықтың құйынды өрісінде төмен қысым орын алады, ақпа өсінде ең төмен мәнді болады да, ақпа шегінде айналасындағы сұйық орта қысымына жақындайды;


2) ақпаның кеңею бұрышы бұралу қарқынына тәуелді, кейде  $100^{\circ}$  дейін жетеді;

3) бұралған ақпа бойында және оның көлденең қималарында жылдамдық градиенті мен теріс қысым пайда болады;

4) өте қатты бұралған ағындардың өстік зонасында кері ағыс орын алады.

## 9.4- жаттығу.

Әдетте, 1-ші құбыршадан жанамалай кірген су 2-ші және 3-ші құбыршалардан ағуы тиіс (53-сурет), ал тәжірибе,  $\left(\frac{d_{ж}}{d_m}\right) \approx 0,16$  (қысым  $P_k > 100 \text{ kPa}$ ) болғанда, кері нәтиже көрсетеді: тәменгі құбыршадан су мүлде ақпайды, бәрі жоғарғы 3-ші құбырдан ағады, Әбдіраманов эффектісі орын алады, себебін түсіндіріңіз.



53-сурет

### Жауабы:

Гидроциклонның ішіндегі сұйық қатты айналғанда, оның ортасында пайда болған ауа дінгегінің диаметрі тәменгі тесік диаметрінен анағұрлым үлкен болады. Осы ауа дінгегіне, тәменгі тесік арқылы кіріп жатқан ауа жылдамдығы гидроциклонның жоғарғы тесігінен шығатын сұйық жылдамдығына тұра пропорционал. Соның нәтижесінде гидроциклонның тәменгі тесік айналасында (сырты мен ішінде) айтарлықтай қысым айырмасы туындала-


төменгі тесіктен кіретін ауаның кедергісі одан шығатын сұйықты толық тежей алады. Сондықтан ашық тесіктен су сыртқа шықпайды (төмен ақпайды). Яғни, гидравликалық түйік - Әбдіраманов эффектісі орын алады.

### 9.5-жаттығу.

Гидроциклонға кіретін екі құрамды (су+күм) сұйық (54-сурет), қатты айналу әсерімен, екіге бөлініп тазаланған сұйық жоғарғы 3-ші құбыршадан, ал қатты түйіршікттер тасқыны (тасынды) төменгі 4-ші құбыршадан шығатыны белгілі. Гидроциклон ішінде орын алатын процесстер мен құбылыстарды пайдаланып, сапа түрінде талдаңыз.

#### Жауабы:

- 1) Сұйық, гидроциклон өсінен қатты айналу әсерімен корпус ішінде ортадан тепкіш өріс туғызады;
- 2) Гидроциклон өсі бойымен ауа бағанасы пайда болады;
- 3) Гидроциклон ішінде екі бұрандалы ағын орын алады: сыртқы төмен бағытталған және ішкі, жоғары шығатын ағындар;
- 4) Бұл екі ағын арасындағы бетте өстік жылдамдық шамасы нелге тең болады («Әбдіраманов беті»);




54-сурет

1-корпус; 2-кіру құбыршасы; 3- тазаланған сұйық шығатын құбырша; 4-қатты түйіршікттер түсетін құбырша.

5) «Әбдіраманов бетінің» сыртындағы өтім тәмен қарай азаяды, ал ішіндегі өтім жоғары қарай көбейеді.

6) Гидроциклонға кірген қатты түйіршіктер, гидроциклонның радиусы бойында, диаметріне байланысты белгілі бір тәртіппен орналасады; ең кіші диаметрлі түйіршік, ауа мен сұйық шегінде орналасады дағы, радиус өсken сайын түйіршік диаметрі өседі.(55-сурет);

7) «Әбдіраманов бетіндегі» түйіршіктердің жартысы жоғары шығады, жартысы тәмен түседі.




55-сурет

1-аяу бағанасы; 2-Әбдіраманов беті; 3-ортадан тепкіш өрістегі түйіршіктердің диаметрлеріне қарай орналасуы.

## 9.6 – жаттығу.

Жатты дене бетімен қозғалып бара жатқан сұйық арасындағы шекаралық жағдай модельдерін (56-сурет) кімдер ұсынған?




56-сурет

**Жауабы:**

- үйкеліссіз еркін сырғанау, оны Л. Эйлер 1757 ж. ұсынған;
- сырғанау жоқ, оны Кулон 1800 ж. ұсынған;
- δ қозғалмайтын қатпар, оны Прони 1804 ж., Жирар 1813 ж. ұсынған;
- сыртқы үйкелісті сырғанау, оны Навье 1823 ж. ұсынған.

## 9.1-есеп.

Ақпалы сорғының жұмыс сұйығы шығатын тесік диаметрі 20 мм (57 сурет), ал араласу камера диаметрі 40 мм. Егер ақпаның таралу бұрышы  $14^0$  болса, онда: 1) ақпаның шекаралық қабат ұзындығы қандай болар еді? 2) бастапқы участке ұзындығы ше?



57-сурет

**Шешімі:**

- 1) Ақпалы сорғының шек аралық қабатының ұзындығы

$$L_w = \frac{d}{4} \operatorname{ctg} \alpha;$$

$$L_w = \frac{0,04}{4} \cdot \operatorname{ctg} 14^0 = 0,01 \cdot 4,01 = 0,04 \text{ м}$$

2) Бастапқы участке ұзындығы

$$\ell_{\delta} = \frac{0,67}{a} r_0, \text{ (Г.Н. Абрамович)}$$

Яғни

$$\ell_{\delta} = \frac{0,67}{0,075} \cdot 0,01 = 0,089 \text{ м.}$$

### 9.2-есеп.

Көмілген еркін ақпалардағы негізгі участкеде жылдамдық профильдері бірте-бірте жайылып, шамалары жағынан кеми береді. Әр қимада жылдамдықтың ең үлкен мәні  $u_{\max}$  болады, ол ес бойында жатады. Осы  $u_{\max}$  өтпелі қимадан алыстаған сайын азая береді,


$$u_{\max} = u_0 \frac{\frac{0,96}{x}}{\frac{a}{r_0} + 0,29}, \text{ (Г.Н. Абрамович)}$$

$$\frac{u_{\max}}{u_0} = f\left(\frac{x}{r_0}\right) \text{ графигін сыйыныз.}$$

*Шешімі:*  $u_{\max}$ -нің  $\frac{x}{r_0}$ -ге байланысты өзгеруін кестеге түсіреміз

$\frac{x}{r_0}$	0	1	2	3	4	5	6	7
$u_{\max}$	$3,2 u_0$	$2,7 u_0$	$2,2 u_0$	$2 u_0$	$1,7 u_0$	$1,5 u_0$	$1,3 u_0$	$1,2 u_0$

Енді график сыйамыз (58-сурет).



### 9.3-есеп.

Өстік цилиндрлі саптамалы (соплолы) бірбетті гидроэлеватордың арынды (жұмыс) ақпасының кеңею бұрышы, көмілген еркін ақпаның кеңею бұрышындау ( $2\alpha = 26..30^\circ$ ) деп есептеп, гидроэлеватордың сора алатын өтімін ( $Q_c$ ) табыңыз, егер араласу камерасы мен арынды сопло диаметрлерінің қатынасы ( $d_{a.k.}/d_0$ ) екіге тең болса (59-сурет).

*Шешімі:* П. Мейердің зерттеу нәтижесі бойынша


$$\frac{Q_c}{Q_{\infty}} = 0,32 \frac{l}{d_0} \sqrt{\frac{\rho_0}{\rho_1}}$$

Формуладағы:  $Q_{\infty}$  – арынды ақпаның өтімі;

$l - A - A$  – қимасының саптама тесігі жазықтығынан арақашықтығы;

$d_0$  – саптама тесігінің диаметрі;

$\rho_0, \rho_1$  – арынды ақпа мен сорылған сұйықтың тығыздықтары.



59-сурет

Егер  $\rho_0 = \rho_1$  болса, онда

$$Q_c = 0,32 \frac{l}{d_0} Q_{\infty}.$$

Ұзындық  $l = (r_{a.k.} - r_0) \operatorname{ctg} \alpha = r_0 \operatorname{ctg} 14^\circ = 4r_0 = 2d_0$ .

Сондықтан эжекция коэффициенті

$$q = \frac{Q_c}{Q_{\infty}} = 0,64$$

немесе

$$Q_c = 0,64 Q_{ж}.$$

### 9.4-есеп.

Өстік цилиндрлі саптамалы (бірбетті) құйынды гидроэлеватордың арынды (жұмыс) ақпасының кеңею бұрышы  $2\alpha = 40^\circ$ , бұралу параметрі  $n_p = 0,8$  деп есептеп гидроэлеватордың сора алатын етімін табыңыз, егер араласу камерасының диаметрі арынды саптама (сопло) диаметрінен екі есе көп болса (алдыңғы есептегідей  $\frac{d_{a,k.}}{d_0} = 2$ ).

*Шешімі:* Д.Н. Ляховский бұралған арынды ақпаның  $0 \leq \frac{\ell}{d_0} \leq 5$  аралығында айналасындағы сукөзінен (ортадан) соратын су етімін мына формуламен есептеуді ұсынады

$$\frac{Q_c}{Q_{ж}} = 0,5\theta + 0,207(1+\theta)\frac{\ell}{d_0}$$

Бұл өрнектегі:  $\theta$  - тиімді бұралу,

$$\theta = \frac{n_p/2}{1-n_p/2},$$

$n_p$  - бұралу параметрі,  $n_p = \vartheta_{\phi\max}/\vartheta_{x\max}$ ;

$\vartheta_{\phi\max}, \vartheta_{x\max}$  - соплодан шыққан ақпа жылдамдығының тангенциалды және естік құраушыларының ең көп шамалары.


Есептің шарты бойынша  $n_p = 0,8$ ;  $\theta = 0,66$ ;  $\frac{\ell}{d_0} = 1,38$ , сондықтан

$$Q_c = 0,79 Q_{ж}.$$

Бұралған арынды ақпаның сору қабілеті турға арынды ақладағыдан (алдыңғы есептегіден) 25 пайызға көп.

### 9.5-есеп.

60-суретте көрсетілген параметрлер арқылы ( $Q$ ,  $P$ - жұмыс сүйігінің етімі мен қысымы) ақпалы сораптың II-II қимасында болатын вакуумның шамасын табыңыз.



60-сурет

**Шешімі:**

I-II қималар үшін Бернуlli тендеуін жазамыз

$$\frac{P_1}{\rho g} + \frac{\alpha_1 \vartheta_1^2}{2g} = \frac{P_2}{\rho g} + \frac{\alpha_2 \vartheta_2^2}{2g} \quad (1)$$

Вакуум терендігі

$$h_{vac} = \frac{P_a}{\rho g} - \frac{P_2}{\rho g} \text{ немесе } \frac{P_2}{\rho g} = \frac{P_a}{\rho g} - h_{vac}$$

$\frac{P_2}{\rho g}$  мәнін (1) – тендеуге қойып вакуумнің шамасын табамыз

$$h_{vac} = \frac{\alpha_2 \vartheta_2^2}{2g} - \frac{\alpha_1 \vartheta_1^2}{2g} + \frac{P_a}{\rho g} - \frac{P_1}{\rho g} \quad (2)$$

Бұл өрнектегі:


$$\vartheta_1 = \frac{Q}{\pi D^2 / 4}; \vartheta_2 = \frac{Q}{\pi d^2 / 4}; \quad (3)$$

$Q$  – белсенді сұйық өтімі мен жылдамдықтардың мәнін (2) – формулаға қойып былай жазуға болады

$$h_{vac} = \frac{16Q^2}{2\pi^2 g} \left( \frac{\alpha_2}{d^4} - \frac{\alpha_1}{D^4} \right) + \frac{P_a}{\rho g} - \frac{P_1}{\rho g}. \quad (4)$$

## 9.6-есеп.

Вентури су өлшеуішінің көрсеткіші арқылы судың өтімін табыныз, егер  $D=50\text{мм}$ ,  $d=25\text{мм}$ ,  $\Delta h=0,2 \text{ м с.б.}$  болған жағдайда (61-сурет).



61-сурет

*Шешімі:*

I-II қималар үшін Бернулли теңдеуін жазамыз

$$z_1 + \frac{P_1}{\rho g} + \frac{\alpha_1 g^2}{2g} = z_2 + \frac{P_2}{\rho g} + \frac{\alpha_2 g^2}{2g} \quad (1)$$

егер  $z_1 = z_2 = 0$ ;  $Q = \omega_1 g_1 = \omega_2 g_2$ ;  $\frac{\pi D^2}{4} = \omega_1$ ;  $\frac{\pi d^2}{4} = \omega_2$ ;  $g_2 = g_1 \frac{D^2}{d^2}$  екенін

ескерсек (1) теңдеуден

$$\frac{P_1 - P_2}{\rho g} = \Delta h = g_1^2 \left( \frac{\alpha_2 D^4}{2gd^4} - \frac{\alpha_1}{2g} \right)$$

$$g_1 = \sqrt{\frac{2g\Delta h}{\alpha_2 \left( \frac{D}{d} \right)^4 - \alpha_1}}. \quad (2)$$

Сондықтан өтім

$$Q = \mu \omega_1 \sqrt{\frac{1}{\alpha_2 \left( \frac{D}{d} \right)^4 - \alpha_1}} \sqrt{2g\Delta h}. \quad (3)$$

Коэффициенттерді  $\mu = 0,98$ ;  $\alpha_1 \approx \alpha_2 \approx 1,1$  деп алып, өтімнің сан мәнін табамыз,


$$Q = 0,98 \frac{3,14 \cdot 0,05^2}{4} \sqrt{\frac{1}{1,1 \cdot 2^4 - 1,1}} \sqrt{2 \cdot 9,8 \cdot 0,2} = 9,42 \cdot 10^{-4} \text{ м}^3/\text{с} = 0,942 \text{ л/с.}$$

### 9.7-есеп.

Вентури суөлшеуішінің диаметрлері  $D = 200\text{мм}$ ;  $d = 80\text{мм}$  (62-сурет).

Дифференциалды манометр сынаппен және сүмен толтырылған. Манометр  $\Delta h = 200$  мм көрсетсе, су өтімі қандай болады?

**Жауабы:**  $Q=34,4$  л/с.



62-сурет

### 9.8-есеп.

Ақпалы сорапқа қысымы  $P_1=2$  а, өтімі  $Q=30$  л/с мөлшерінде су беріледі. Ақпалы сораптың өлшемдері төмендегідей:  $D=100$  мм;  $d=50$  мм. Су ақпалы сораптан атмосфераға ағып шығады. Осы сораппен  $H=4,5$  м төменде жатқан суды көтеруге болама?

**Жауабы:** Көтере алмайды, өйткені  $h_{\text{вак}} = 1,81$  м, тексеріп көріңіз.

### 9.9-есеп.

Біртекті тураағысты гидроэлеватордың орталық жұмыс соплосының диаметрі  $d_0 = 10$  мм, бастапқы участке ұзындығын табыңыз. Сызып көрсетіңіз.

**Ескерту:** А.Я. Миловичтің формуласы бойынша бастапқы участке ұзындығы

$$l_b = 6d_0.$$

### 9.10-есеп.

Гидроэлеватордың орталық жұмыс соплосының диаметрі  $d_0 = 15$  мм, одан шығып жатқан ақпаның жылдамдығы  $g_0 = 14$  м/с, соплодан  $\frac{\ell}{d_0} = 10$  калибр арақашықтықтағы сұйықтың орташа жылдамдығы неге тең?

**Шешімі:** А.Я.Миловичтің зерттеу нәтижесі көрсеткендей  $\frac{\ell}{d_0} = 10$  арақашықтықта сұйықтың орташа жылдамдығы

$$\vartheta = \vartheta_0 \frac{6d_0}{\ell}$$

немесе

$$\vartheta = 14 \cdot 0,6 = 8,4 \text{ м/с.}$$

### 9.11-есеп.

Өзен түбіндегі су жылдамдығы  $\vartheta_0 = 1 \text{ м/с}$  жағдайында бұрыштық жылдамдығы  $\omega = 2 \frac{1}{c}$  пен дөңгелеп ағып бара жатқан диаметрі 3 мм шар пішінді құмға әсер етуші Эбдіраманов күшінің шамасы мен бағытын табыңыз. Құмның тығыздығы  $\rho = 2,65 \cdot 10^3 \frac{\text{кг}}{\text{м}^3}$  деп алыңыз.

*Шешімі:* Эбдіраманов күшінің шамасы мен бағытын мына формуламен анықтаймын.

$$\vec{F}_{Ae} = \rho D S (\vec{\vartheta}_0 \times \vec{\omega}) \quad (1)$$

$D$  - құмның диаметрі;

$S$  - құмның Мидель қимасының ауданы.

Эбдіраманов формуласынан құштің шамасы

$$\vec{F}_{Ae} = \rho D S \vartheta_0 \omega \sin(\vec{\vartheta}_0, \vec{\omega}) \quad (2)$$

$$\sin(\vec{\vartheta}_0, \vec{\omega}) = 1, \text{ өйткені } \vec{\vartheta}_0 \perp \vec{\omega},$$

сондықтан

$$F_{Ae} = \rho D S \vartheta_0 \omega \quad (3)$$

немесе

$$F_{Ae} = 2,65 \cdot 10^3 \cdot 3 \cdot 10^{-4} \cdot 9 \cdot 10^{-8} \cdot 2 = 1,43 \cdot 10^{-7} \text{ Н.}$$

Эбдіраманов күшінің бағыты (1) формула бойынша табылады:  $\vec{\vartheta}_0$  және  $\vec{\omega}$  векторларынан тұрғызылған жазық бетке  $\vec{F}_{Ae}$  перпендикуляр, оның бағыты,  $\vec{F}_{Ae}$  векторының ұшынан қарағанда,

жақша ішіндегі бірінші векторды ( $\bar{\vartheta}_0$ ) екінші векторға ( $\vec{\omega}$ ) бұру сағат тілінің журу бағытына қарама-қарсы болғандағыдай.

### 9.12-есеп.

Науа түбіндегі су жылдамдығы  $\vartheta_0 = 2 \text{ м/с}$  жағдайында бұрыштық жылдамдығы  $\omega = 1\frac{1}{c}$  пен диаметрі 4 мм, ұзындығы 2 см

цилиндр пішінді тасынды домалап ағып бара жатыр. Оған әсер етуші Архимед күшімен Әбдіраманов күшінің шамалары мен бағыттарын табыңыз.

**Жауабы:**  $F_{Ar} = 0,0025H$ ;  $F_{Ab} = 0,0017H$ .

## 10. Грунт суларының қозғалысы

### 10.1-жаттығу.

Біртекіті изотропты грунттағы судың ламинарлық фильтрациясының өтімі Дарси формуласы арқылы есептеледі,  
 $Q = k\omega I$ ,

$k$  – фильтрация коэффициенті, ол грунттың физикалық қасиеттеріне байланысты;

$\omega$  – ағынның өтім қимасының ауданы (фильтрдің көлденен қимасының ауданы);

$I$  – гидравикалық еңістік (пьезометрлік еңістік).

Ал, өтім  $Q = \omega \vartheta$ , сонда фильтрация жылдамдығы ( $v$ ) неге тең?

**Жауабы:**

$$\vartheta = kI.$$

### 10.2-жаттығу.

Дарси аспабын сыйып, онымен грунттың фильтрация коэффициентін табудың жолын түсіндіріңіз.


### 10.3-жаттығу.

Кестеге қарап грунттардың фильтрация коэффициенттерінің айырмашылығын сипаттаңыз.

Грунт аттары	Фильтрация коэффициенттерінің ортаса шамасы, см/с
Саз	$(1 \dots 6) 10^{-6}$
Саздақ	$(1 \dots 6) 10^{-5}$
Күмдақ (тығыз)	$(1 \dots 6) 10^{-4}$
Күмдақ (борпылдақ)	$(1 \dots 6) 10^{-3}$
Майда күм	$(1 \dots 6) 10^{-3}$
Ірі күм	$(1 \dots 6) 10^{-2}$
Киыршық тас	$(1 \dots 6) 10^{-1}$

#### 10.4-жаттығу.

Грунттың механикалық құрамын гранулометрлік (түйіршіктік) қисықлен сипаттайтыды. 63-суретте көрсетілген гранулометрлік қисықты санмен жазыңыз.



#### 10.5-жаттығу.

Жерусті су ағынында толық үлесті энергия

$$H = z + h + \frac{\alpha g^2}{2g},$$

ал жерасты су фильтрациясында,  $H = z + h$ , себебін түсіндіріңіз.

#### 10.1-есеп.

Дарси аспабын пайдаланып  $t=81$  с уақыт ішінде грунттан фильтрацияланып (сүзіліп) еткен судың көлемі  $W=400$  см<sup>3</sup> екені белгілі болды. Екі қатар орналасқан пьезометрлердің көрсеткендері  $H_1=59,2$  см және  $H_2=44,1$  см. Пьезометрлердің ара қашықтығы  $\ell = 20$  см, фильтрдің көлденең қимасының ауданы  $\omega=283$  см<sup>2</sup>. Фильтрация коэффициентін табыңыз, ол қандай грунтқа сәйкес келеді?

## **Шешімі:**

Фильтрация өтімі

$$Q = W/t = 400/81 = 4,94 \text{ см}^3/\text{с.}$$

Арын шығыны

$$h_W = H_1 - H_2 = 59,2 - 44,1 = 15,1 \text{ см.}$$

Гидравликалық еңістік

$$J = h_W / \ell = 15,1 / 20 = 0,755.$$

Енді фильтрация коэффициентін табайық

$$k = Q / \omega I = 4,94 / (283 * 0,755) = 0,023 \text{ см}/\text{с.}$$

Анықталған фильтрация коэффициенті ірі құмды грунтқа сәйкес келеді.

### **10.2-есеп.**

Дарси аспабы ( $\omega=283 \text{ см}^2$ ,  $\ell=20 \text{ см}$ ) майда құммен толтырылған. Фильтрация коэффициенті  $k = 3 * 10^{-3} \text{ см}/\text{с.}$ , су өтімі  $Q=1,91 \text{ см}^3/\text{с.}$  Арын шығынын табыңыз.

**Жауабы:**

$$h_W = 0,45 \text{ м.}$$

### **10.3-есеп.**

Грунт ағысының бірқалыпты қозғалысындағы жылдамдықты ( $v_0$ ) және үлестік өтімді ( $q=Q/b$ ) есептеңіз, егер су өткізбейтін қабаттың еңістігі  $i=0,015$  болса, майда құмды грунттың фильтрация коэффициенті  $k = 4 * 10^{-3} \text{ см}/\text{с.}$ , бірқалыпты қозғалыс қабатының терендігі  $h_0=4,0 \text{ м}$  болса. Өтім қимасындағы жергілікті жылдамдық неге тең?


**Жауабы:**

$$v_0 = 6 * 10^{-5} \text{ см}/\text{с; } q = 0,024 \text{ см}^3/\text{с; } u = v_0.$$

### **10.4-есеп.**

Жоғарыда орналасқан бас каналдан өзенге қарай су фильтрацияланады (64-сурет). Егер канал мен өзен аралығы  $\ell=510 \text{ м.}$ , су өткізбейтін қабаттың еңістігі  $i=0,008$ , фильтрация коэффициенті  $k=0,005 \text{ см}/\text{с.}$ , каналдағы су бетінің биіктік белгісі  $\downarrow A=8,75 \text{ м.}$ , өзендеңі су бетінің биіктік белгісі  $\downarrow B=5,2 \text{ м.}$ , су өткізбейтін қабаттың өзенге тірелетін жердегі биіктік белгі  $\downarrow C=2,0 \text{ м}$  болса, онда осы жазықтықтағы:

- а) өзенге бағытталған фильтрациялық өтімді ( $q_1$ ) табыңыз;
- б) депрессиялық қисықты түрғызыңыз.



64-сурет

### 10.5-есеп.

Диаметрі  $d=0,10$  мм түйіршіктің гидравликалық ірілігін табыңыз, егер оның меншікті салмағы  $\gamma_1=2,65 \cdot 10^3$  кГ/м<sup>3</sup> болса.

*Ескерту.* Су түйіршікті ламинарлық режимде ( $Re_w \leq 1,0$ ) айналып өтеді деп Стокс формуласын,

$$W = (\gamma_1 - \gamma) / (24\mu) * d^2, \text{ мм/с}$$

пайдаланыңыз.

### 10.6-есеп.

Трапеция қималы канал ( $h=2$  м,  $\theta = 45^\circ$ ,  $b=4$  м) ұзындығы 1000 м саздақ участкеден өтеді. Фильтрациялық су шығынын  $Q$  табыңыз.

*Ескерту:* М.С. Вызгоның формуласы бойынша,

$$Q = kL\chi,$$

$k$  – фильтрация коэффициенті;

$L$  – канал ұзындығы;

$\chi$  - суланған периметр.

## 11. Үқастық және өлшемдер теориясы.

Құбылыштар мен процестерді модельдеу

### 11.1-жаттығу.

Өлшемдер теориясында механикалық негізгі өлшемдер қатарына қандай өлшемдер жатады?

**Жауабы:** масса [ $m$ ]=[кг], ұзындық [ $L$ ]=[м], уакыт [ $T$ ]=[с].

## 11.2-жаттығу.

Есептер шығарғанда негізгі өлшемдер саны енебойы үшеу болама, жоқ екеу немесе біреу болуы да мүмкін бе?

**Жауабы:** Әбден мүмкін.

## 11.3-жаттығу.

Негізгі үш өлшемді де пайдаланатын бес туынды өлшемдермен елшенетін параметрлер өзара байланысты делік, сонда өлшемсіз комбинациялар саны ( $\Pi$ ) қанша болуы керек?

**Жауабы:** Пи теоремасы бойынша  $n-k=5-3=2$ , яғни

$$\varphi(a_1, a_2, a_3, \dots, a_5) = 0,$$

$$a_1 = f(a_2, a_3, \dots, a_5)$$

немесе

$$a_1 = f_1(\Pi_1 \Pi_2).$$

Бұл тәуелділіктегі

$$\Pi_1 = \frac{a_1}{a_2^{x_1} a_3^{x_2} \dots a_5^{x_5}};$$

$$\Pi_2 = \frac{a_1}{a_2^{y_1} a_3^{y_2} \dots a_5^{y_5}}.$$

## 11.4-жаттығу.

Егер Рейнольдс белгісі болмыс пен модельдегі құбырларда бірдей болса, онда автоматты түрде Эйлер саны да екі жүйеде бірдей болады, неге?

**Жауабы:** Ньютон белгісіндегі күштің орнына үйкеліс күшін қойсак, онда

$$\frac{F}{\rho l^2 v^2} = \frac{\tau_0 \omega}{\rho l^2 v^2} = \frac{\tau_0 l^2}{\rho l^2 v^2} = \frac{\rho \frac{\lambda}{8} v^2}{\rho v^2} = \frac{\lambda}{8}.$$

Сондықтан  $\lambda_b = \lambda_u$ .

Ал енді Эйлер саны бойынша

$$Eu = \frac{\Delta P}{\rho v^2}.$$

Бұл жердегі

$$\Delta P = \rho g h_w = \rho g \lambda \frac{l}{d} \frac{v^2}{2g} = \rho \lambda \frac{l}{d} \frac{v^2}{2}.$$

Сондықтан

$$Eu = \lambda \frac{\ell}{2d}$$

немесе

$$\lambda_m \frac{\ell_m}{d_m} = \lambda_b \frac{\ell_b}{d_b}.$$

Геометриялық ұқсастық сақталғандықтан

$$\lambda_m = \lambda_b.$$

Жоғарыда келтірілген жағдайда  $(Re)_m = (Re)_b$ .

Егер құбырлардың болмыстағы және модельдегі гидравликалық үйкеліс коэффициенттері өзара тең болса, онда құбырлардағы сұйық қозғалыстары гидродинамикалық ұқсас болғаны.

## 11.5-жаттығу.

Гидродинамикалық ұқсас жүйелерде Шези коэффициентінің болмыстағы және модельдегі мәндері бірдей болуы шарт ( $C_b = C_m$ ). Дәлел келтіріндіз.

**Жауабы:** Кедергінің квадраттық облысындағы арынсыз қозғалыс үшін Шези формуласына сәйкес:

болмыста

$$v_b = C_b \sqrt{R_b I_b}; \quad (1)$$

модельде

$$v_m = C_m \sqrt{R_m I_m}. \quad (2)$$

Геометриялық ұқсас жүйелер үшін  $I_b = I_m$ , сондықтан

$$\frac{v_b}{v_m} = \frac{C_b}{C_m} \sqrt{\frac{R_b}{R_m}} = \frac{C_b}{C_m} \sqrt{\lambda_e}. \quad (3)$$

Кедергінің квадраттық облысында әрқашан

$$\frac{v_b}{v_m} = \sqrt{\lambda_e},$$

өйткені Фруд саны сақталғанда

$$\frac{v_b^2}{g\ell_b} = \frac{v_m^2}{g\ell_m};$$

$$\frac{v_6}{v_m} = \sqrt{\frac{\ell_6}{\ell_m}} = \sqrt{\lambda_e}.$$

Сондықтан (3) - өрнектен  $C_6 = C_m$ .

### 11.6-жаттығу.

Гидродинамикалық ұқсас жүйелерде: а) гидравликалық үйкеліс коэффициенттері тен,

$$\lambda_6 = \lambda_m;$$

б) бойлық кедергі коэффициенттері өзара тен,

$$\xi_6 = \xi_m,$$

дәлелденіз.

**Жауабы:** Гидравликалық үйкеліс коэффициенті Шези коэффициентімен байланысты

$$\lambda = \frac{8g}{C^2}.$$

Болмыста

$$\lambda_6 = \frac{8g}{C_6^2}.$$

Модельде

$$\lambda_m = \frac{8g}{C_m^2}.$$

Жоғарыдағы жаттығуда  $C_6 = C_m$  екені дәлелденген, сондықтан

$$\lambda_6 = \lambda_m.$$

Бойлық кедергі коэффициенті

$$\xi_e = \lambda \frac{\ell}{d}.$$

Болмыс үшін

$$\xi_6 = \lambda_6 \frac{\ell_6}{d_6} = \lambda_6. \quad (1)$$

Модель үшін

$$\xi_m = \lambda_m \frac{\ell_m}{d_m} = \lambda_m. \quad (2)$$

(1) және (2) өрнектердің он жақтары тең болғандықтан, сол жақтары да өзара тең,

$$\xi_b = \xi_m.$$

### 11.7-жаттығу.

Гидравикалық процесті Рейнольдс белгісі арқылы модельдегендеге болмыс пен модельдегі жылдамдық және өтім қатынастары (масштабтары) қандай болуы керек?

**Жауабы:** Рейнольдс сандары болмыс пен модельде тең болғандықтан,

$$\frac{v_b \ell_b}{\nu_b} = \frac{v_m \ell_m}{\nu_m},$$

зертханада пайдаланатын сұйық табиғаттағыдай деп есептеп ( $v_b = v_m$ ) жылдамдық масштабын табады

$$\lambda_v = \frac{v_b}{v_m} = \frac{\ell_m}{\ell_b} = \frac{1}{\lambda_e}.$$

Өтім масштабы:

$$\lambda_Q = \frac{Q_b}{Q_m} = \frac{v_b \omega_b}{v_m \omega_m} = \frac{1}{\lambda_e} \lambda_e^2 = \lambda_e.$$

### 11.8-жаттығу.

Модельдеу теориясында гидравикалық құбылыс (процесс) басым бір ғана күштің әсерімен болады деп қарастырады, оның себебі неде?

**Жауабы:** Себебі, екі немесе үш күштің әсерімен болатын құбылыстар мен процестердің динамикалық ұқсастық белгілерін қанағаттандыру үшін модельдегі сұйық құрамын еселеңген тұтқырлық коэффициентіне сай қоспа ретінде алудың қындығында. Мысалы, Фруд белгісі арқылы болмыстан модельге өткенде жылдамдықтың өзгеруі  $\lambda_v = \lambda_e^{0.5}$  есе болса, Рейнольдс белгісі арқылы модельдегендеге  $\lambda_v = \lambda_e^{-1}$  есе болады. Ал бұл екі жағдайда да жылдамдық өзгерісі бірдей болу үшін модельдегі сұйықтың тұтқырлық коэффициенті, болмыстағы сұйықтың тұтқырлық коэффициентінен анағұрлым бөлек болуы керек. Ондай сұйық қоспа жасап, оны пайдалану өте қын. Сондықтан, әдетте, құбылысты модельдеу үшін барлығынан басым бір күштің әсерін назарға алады.

## 11.9-жаттығу.

Ортадан төркіш сорғыны модельдегендеге геометриялық ұқсастықты қалай қамтамасыз етеді?

**Жауабы:** болмыстағы және модельдегі сорғылардың жұмыс донғалақтарының диаметрлері мен биіктіктерінің қатынастары бірдей болуы керек

$$\lambda_e = \frac{D_6}{D_m} = \frac{b_6}{b_m} = \text{const.}$$

Аудандарды салыстырғанда, осы өлшемдердің квадраттарының қатынастарын алады

$$\lambda_\omega = \frac{\omega_6}{\omega_m} = \left( \frac{D_6}{D_m} \right)^2 = \left( \frac{b_6}{b_m} \right)^2 = \text{const.}$$

Геометриялық ұқсастық бергердің бұжырлығы мен сандлаулардың ұқсастығын да қамтиды.

## 11.10-жаттығу.

Ортадан төркіш сорғыларды модельдегендеге кинематикалық ұқсастықты қалай қамтамасыз етеді?

**Жауабы:** Қарастырылып отырған ағындардағы өлшемсіз жылдамдықтар өрісі бірдей болуы керек, яғни қозғалыстағы сәйкес сүйік бөлшектері жылдамдықтарының қатынастары өзара тең, ал траекториялары геометриялық ұқсас болуы шарт. Сорғыларға байланысты бұл тұжырым мынаны мәнзейді. Геометриялық ұқсас машиналардың барлық ағын нүктелерінде жылдамдық параллелограммаларының ұқсастығы қамтамасыз етілуі қажет

$$\frac{\vartheta_6}{\vartheta_m} = \frac{\omega_6}{\omega_m} = \frac{u_6}{u_m} = \dots = \frac{n_6 D_6}{n_m D_m} = \text{const}$$

және сүйік ағысы жылдамдығының, донғалақтың айналу жылдамдығына қатынасы, болмыс пен модельде бірдей болуы керек

$$\frac{\vartheta_6}{u_6} = \frac{\vartheta_m}{u_m} = \text{const.}$$

Сонымен геометриялық ұқсастықты:

$$\vartheta \sim \frac{Q}{D^2} \text{ және } u \sim nD$$

пайдаланып, тағы бір кинематикалық ұқсастық шартын табамыз,

$$\frac{Q_6}{n_6 D_6^3} = \frac{Q_m}{n_m D_m^3} = \text{const.}$$

## 11.11-жаттығу.

Ортадан тепкіш сорғыларды модельдегенде динамикалық ұқсастықты қалай қамтамасыз етеді?

**Жауабы:** Сорғының жұмыс доңғалағындағы ағын үшін Эйлер белгісінің басымдылығы белгілі

$$Eu = \frac{\Delta P}{\rho g^2} = \frac{\rho g \Delta H}{\rho g^2} = \frac{g \Delta H}{g^2}$$

Жоғарыдағы жаттығуда келтірілген,  $g^2 = \frac{Q^2}{D^4}$ , еkenін ескерсек, онда

$$Eu = \frac{g \Delta H D^4}{Q^2}.$$

Сондықтан динамикалық ұқсастық шарты былай жазылар еді

$$\frac{Q_b}{D_b^2 \sqrt{H_b}} = \frac{Q_m}{D_m^2 \sqrt{H_m}}$$

немесе

$$\frac{Q_b}{Q_m} = \left( \frac{D_b}{D_m} \right)^2 \sqrt{\frac{H_b}{H_m}}$$

## 11.12-жаттығу.

Автомодельдік облыста жұмыс істейтін болмыстағы және модельдегі ортадан тепкіш сорғылардың энергиялық параметрлерінің ( $Q, H, N$ ) қатынастарын табыңыз.

**Жауабы:** Автомодельдік облыстағы жылдамдықтар үшбұрышының ұқсастығы  $(C_{2r}/U_2)_b = (C_{2r}/U_2)_m$ , еki ұқсас сорғылардың гидравликалық пайдалы әсер коэффициенттері бірдей ( $\eta_{e.b.} = \eta_{e.m.}$ ) деген сез, сондықтан

$$\frac{(C_{2r})_b}{(C_{2r})_m} = \frac{U_{2b}}{U_{2m}} = \frac{n_b}{n_m} \frac{D_b}{D_m}.$$

Сорғының өтімі жылдамдық пен ауданның көбейтіндісіне тең ( $Q = U \omega$ ), сол себепті (11.10-жаттығуды қарандыз)

$$\frac{Q_{\delta}}{Q_m} = \frac{n_{\delta}}{n_m} \left( \frac{D_{\delta}}{D_m} \right)^3.$$

Сорғыдан шығатын сұйықтың арыны,  $H \sim u^2_2$ , сондықтан

$$\frac{H_{\delta}}{H_m} = \left( \frac{U_{2\delta}}{U_{2m}} \right)^2 = \left( \frac{n_{\delta}}{n_m} \right)^2 \left( \frac{D_{\delta}}{D_m} \right)^2$$

немесе

$$\frac{P_{\delta}}{P_m} = \frac{\rho_{\delta}}{\rho_m} \left( \frac{n_{\delta}}{n_m} \right)^2 \left( \frac{D_{\delta}}{D_m} \right)^2.$$

Сорғының қуаты  $N = \rho g Q H$ , яғни

$$\frac{N_{\delta}}{N_m} = \left( \frac{n_{\delta}}{n_m} \right)^3 \left( \frac{D_{\delta}}{D_m} \right)^5.$$

немесе

$$\frac{N_{\delta}}{N_m} = \frac{\rho_{\delta}}{\rho_m} \left( \frac{n_{\delta}}{n_m} \right)^3 \left( \frac{D_{\delta}}{D_m} \right)^5.$$

### 11.13-жаттығу.

Суағардағы ағысты зерттеу керек. Қандай гидравликалық параметрлер өзара тығыз байланысты. Пи - теореманы және өлшемдер теориясын пайдаланып осы байланысты анықтаңыз.

**Жауабы:** Суағардан өтетін өтім  $Q$  арын  $H$  шамасына, суағар еніне  $b$ , сұйық тығыздығына  $\rho$ , еркін түсү үдеуіне  $g$  тәуелді.

$$Q = f(b, \rho, g, H)$$

немесе

$$\phi(Q, b, \rho, g, H) = 0. \quad (1)$$

Бұл жерде бес физикалық шамалар өзара байланысты.

Пи – теореманы пайдаланамыз. (1) тендеудегі тәуелсіз өлшемдер саны үшеу: [L], [T] және [M] немесе  $k=3$ . Ал физикалық шамалар саны,  $n=5$ . Өлшемсіз комбинациялар саны,  $n-k=5-3=2$

$$\phi[\Pi_1, \Pi_2] = 0. \quad (2)$$

Енді өлшемдер теориясын пайдаланып өлшемсіз комбинациялар ( $\Pi_i$ -дың) мәндерін табамыз:

$$\Pi_1 = Q^{x_1} b^{x_2} \rho^{x_3} g;$$

$$\Pi_2 = Q^{y_1} b^{y_2} \rho^{y_3} H.$$

$$[Q] = L^3 T^{-1}; [b] = L; [\rho] = ML^{-3}; [g] = LT^{-2}.$$

Сонымен  $\Pi_1$  комбинациясы үшін

$$\Pi_1 = (L^3 T^{-1})^{x_1} L^{x_2} (ML^{-3})^{x_3} LT^{-2}$$

немесе

$$\Pi_1 = [Q]^{x_1} [b]^{x_2} [\rho]^{x_3} [g]. \quad (3)$$

$\Pi_1$  шамасы өлшемсіз болуы үшін әр өлшемнің дәреже көрсеткіштерінің қосындысы нөлге тең болуы шарт.

Ұзындық, уақыт және масса бірліктері үшін тендеулер кұрамыз:

$$\left. \begin{array}{l} [L] \text{ үшін} \quad 3x_1 + x_2 - 3x_3 + 1 = 0; \\ [T] \text{ үшін} \quad -x_1 - 2 = 0; \\ [M] \text{ үшін} \quad x_3 = 0. \end{array} \right\}$$

Үш белгісізі бар үш тендеу алдық. Бұл тендеулерден

$$X_3 = 0; X_1 = -2; X_2 = 5.$$

Сондықтан (3)-тендеуден

$$\Pi_1 = Q^{-2} b^5 \rho^0 g = \frac{b^5 g}{Q^2}. \quad (5)$$

Осыған сәйкес екінші өлшемсіз комбинацияны табамыз ( $y_1=0$ ;  $y_2=-1$ ;  $y_3=0$ )

$$\Pi_2 = Q^{y_1} b^{y_2} \rho^{y_3} H = \frac{H}{b}. \quad (6)$$

Сонымен (2) тендеу

$$\varphi(\Pi_1, \Pi_2) = \varphi\left(\frac{b^5 g}{Q^2}, \frac{H}{b}\right) = 0. \quad (7)$$

Бұл тендеудегі

$$\frac{b^5 g}{Q^2} = \frac{b^5 g}{g^2 \omega^2} = \frac{b^5 g}{g^2 b^2 H^2} = \frac{b^3 g}{g^2 H^2} = \frac{gb}{g^2} \frac{b^2}{H^2} = \frac{1}{Fr} \frac{b^2}{H^2}.$$

(7) тендеуді быттай өзгергіп жазуға да болады

$$\varphi(\Pi_1^*, \Pi_2) = \varphi\left( Fr, \frac{H}{b} \right). \quad (8)$$

Суағардағы ағында үлесті су арыны ( $H/b$ ) Фруд санымен (белгісімен) байланысты,  $\frac{H}{b} = f(Fr)$ .

### 11.1-есеп.

Ұзындық масштабы  $\lambda_t = 10$  болған жағдайда, құбылысты Фруд белгісі арқылы модельдесек, жылдамдық, етім, уақыт масштабтары қандай болар еді?

### 11.2-есеп.

Ұзындық масштабы  $\lambda_e = 10$  болған жағдайда, құбылысты Рейнольдс белгісі арқылы модельдесек, жылдамдық пен етім масштабтары қандай болар еді?

### 11.3-есеп.

Ұзын құбыреткізгіштегі арын шығыны құбырдың ұзындығына ( $\ell$ ), оның диаметріне ( $d$ ), еркін тұсу үдеуіне ( $g$ ), ағын жылдамдығына ( $v$ ) тәуелді

$$h_w = f(\ell, d, g, v) = f\left(\frac{\ell}{d}, g, v\right) = f(\Pi, g, v) \quad (1)$$

немесе

$$\varphi(h_w, \ell, d, g, v) = 0.$$

Пи – теорема мен өлшемдер теориясын пайдаланып арын шығынын анықтайдын өрнекті табыңыз.

### **Шешімі:**

(1) – тәуелділіктегі өлшемді шамалардың бірлігін анықтайық:  $[h_w] = m$ ,  $[\ell] = m$ ;  $[d] = m$ ;  $[g] = m/c^2$ ;  $[\vartheta] = m/c$ , яғни өлшемдері екей:  $[L]$  және  $[T]$  немесе  $k=2$ .

Ал тәуелсіз өлшемді шамалар саны,  $n=3$  ( $\ell$ ,  $g$ ,  $\vartheta$ ). Бұданышты өлшемсіз комбинация саны бірге тең ( $n-k=1$ ).

Өлшемдер теориясы бойынша,

$$P = \frac{h_w}{g^{x_1} v^{x_2}} \text{ немесе } h_w = P g^{x_1} v^{x_2}; \quad (2)$$

$$[h_w] = L; [g] = \frac{L}{T^2}; [v] = \frac{L}{T};$$

$$[L] = P [LT^{-2}]^{x_1} [LT^{-1}]^{x_2}.$$

$[L]$  үшін  $1=x_1+x_2$ ;

$[T]$  үшін  $0=-2x_1-x_2$ ,

немесе  $x_2=-2x_1$ . Бұны бірінші теңдеуге қойып  $x_1$ -ді табамыз:  $1=x_1-2x_1$ , яғни  $x_1=-1$ , ал  $x_2=2$ .

Сондықтан (2)-теңдеуден

$$h_w = A P \frac{g^2}{g} = A \frac{\ell}{d} \frac{g^2}{g} = \lambda \frac{\ell}{d} \frac{g^2}{2g}. \quad (3)$$

Коэффициент  $A=\lambda/2$  екені көрініп тұр.

Бұл Вейсбах-Дарсидың формуласы ғой.

### **11.4-есеп.**

Өлшемдер теориясын және Пи-теореманы пайдаланып жұқа қабырғалы суагардан өтетін өтімнің формуласын анықтаңыз.

**Ескерту:** Өзара байланысты, туынды өлшемді шамалар ретінде: өтімді  $Q$ , қабырға енін  $b$ , арын тереңдігін  $H_0$  және еркін тұсу үдеуін  $g$  деп алым

$$Q = f(b, H_0, g)$$

немесе

$$q = f_1(H_0, g),$$

$q$  – үлесті өтім,  $q = Q/b$  екенін ескеріп

$$q = c H_0^{x_1} g^{x_2}$$

түрінде жазып алыңыз.

Осы тендеуден туынды өлшемді шамалар  $n=3$  екенін, ал негізгі өлшемді шамалар екеу екенін ( $k=2$ ) көресіз. Сонда өлшемсіз комбинацияның саны ( $\Pi_i$ ) біреу ғана болады ( $n - k=1$ ).

$$\text{Жауабы: } Q = mb\sqrt{2g}H_0^{3/2}$$

( $m$  - өтім коэффициенті).

## 11.5-есеп.

Практикалық пішінді суагар түрінде жобаланған сутастағыш құрылым тесігінің ені  $b_b = 20\text{m}$ , өтімі  $Q=100 \text{ m}^3/\text{s}$ . Осы құрылымды 70 есе кішірейтілген модельде зерттеуге бола ма, жоқ болмай ма, болмаса оның модельдегі өтімі мен суагар тесігінің енін анықтаңыз.

*Шешімі:* Ағынның түрбуленттігін қамтамасыз ету үшін  $(Re)_b = (Re)_m$ , және оның ауырлық күші әсерінен екенін ескеріп,  $(Fr)_b = (Fr)_m$  талаптарын орындаімсыз.

Модельдің сыйықты масштабын мына формуламен табамыз,

$$\lambda_t = \left[ \frac{(Re)_b}{(Re)_m} \right]^{2/3} = \left[ \frac{Q_b}{b_b \nu_b (Re)_m} \right]^{2/3}.$$

Әйткені модельдегі ағын, болмыстағы ағын сияқты кедергінің квадраттық облысында жатуы керек,  $(Re)_b \geq (Re)_m \cong 10^4$

$$\frac{(Re)_b}{(Re)_m} = \frac{\vartheta_b}{\vartheta_m} \frac{H_b}{H_m} = \lambda_t^{0.5} \lambda_t = \lambda_t^{3/2}$$

немесе

$$\lambda_t = \left( \frac{100}{20 \cdot 10^{-6} \cdot 10^{-4}} \right)^{2/3} = 63.$$

Бұданшықты, сутастағышты 70 есе кішірейтуге болмайды. Модельдің сыйықтық масштабын 63 деп қабылдаймсыз.

Модель өтімін  $(Fr)_b = (Fr)_m$ , талабы бойынша табамыз

$$\frac{Q_b}{Q_m} = \frac{\omega_b \vartheta_b}{\omega_m \vartheta_m} = \lambda_t^2 \lambda_t^{0.5} = \lambda_t^{2.5}$$

немесе

$$Q_m = \frac{Q_6}{\lambda_e^{2.5}} = \frac{100}{63^{2.5}} = 3.2 \text{ л/с}.$$

Модельдегі суағар тесігінің ені

$$b_m = \frac{b_6}{\lambda_e} = \frac{20}{63} = 0.317 \text{ м.}$$

### 11.6-есеп.

Ағын арнасына орналастырылған тосқауыл ағынды бөгөп су терендігін көбейтеді. Тосқауылдың үстінен ағып түсетін су өтімі ( $Q$ ) бастапқы өтім шамасына тең болғандықтан су қандай биіктікке көтерілуі керек?

*Шешімі:*

Суағарлардың өтім формуласы бойынша

$$Q = m_0 b \sqrt{2gH^{3/2}}$$

немесе тосқауыл үстінен ағып өтетін судың тегеуріні

$$H = \sqrt[3]{\frac{1}{2g} \left( \frac{Q}{m_0 b} \right)^2}.$$

### 11.7-есеп.

Жоғарғы есептегі өтім  $Q=10 \text{ м}^3/\text{с}$ , тосқауылдың (арнаның) ені  $b=5 \text{ м}$  судың тегеурінін табыңыз.

*Ескертуу:* Өтім коэффициенті  $m_0=0.45$  деп алыныз.

## ТИРКЕМЕЛЕР

**Кесте 1. Тамшылайтын сұйықтардың тығыздығы (t=20°C)**

Сұйықтық	Тығыздығы, ρ, кг/м <sup>3</sup>
Тұщы су	998,2
Теніз суы	1002-1029
Глицерин	1250
Керосин	792-840
Минералды май	877-892
Мұнай	850-950
Сынап	13547
Спирт	789,3
Бензин	739-751

**Кесте 2. Газдардың тығыздығы (P=9,7\*10<sup>4</sup> Па, t=15°C)**

Газ түрлері	Тығыздығы, ρ, кг/м <sup>3</sup>
Сутегі	0,08
Су буы	0,74
Азот	1,15
Ауа	1,20
Оттегі	1,30
Көміртегі	1,80

**Кесте 3. Тамшылайтын сұйықтардың кинематикалық және динамикалық тұқырылыштары**

Сұйықтық	v *10 <sup>4</sup> , м <sup>2</sup> /с	μ, Па*С
Тұщы су (t=20°C)	0,0101	0,001
Глицерин (t=20°C)	4,1	0,512
Керосин (t=15°C)	0,02-0,03	0,0016-0,0025
Бензин (t=15°C)	0,0083-0,0093	0,0006-0,00065
Минералды май	0,313-14,5	0,0275-1,29
Мұнай (t=15°C)	0,081-0,093	0,007-0,008
Сынап (t=20°C)	0,0011	0,0015
Спирт (t=20°C)	0,0151	0,0012

**Кесте 4. Газдардың кинематикалық тұтқырлығы және үлесті газ тұрақтысы**

Газ	$v \cdot 10^4$ , м <sup>2</sup> /с, әртүрлі температурада, °C				R, Дж/кг
	0	20	50	100	
Ая	0,133	0,151	0,178	0,232	287
Метан	0,145	0,165	0,197	0,256	520
Этилен	0,075	0,086	0,104	0,138	296

**Кесте 5. Судың тығыздығының ( $\rho$ ), кинематикалық ( $v$ ) және динамикалық ( $\mu$ ) тұтқырлығының температурага ( $t^{\circ}\text{C}$ ) байланыстырылғы**

$t^{\circ}\text{C}$	$\rho$ , кг/м <sup>3</sup>	$v \cdot 10^4$ , м <sup>2</sup> /с	$\mu \cdot 10^3$ , Па·С
0	999,9	0,0179	1,79
4	1000	0,0152	1,57
20	998	0,0101	1,01
40	992	0,0066	0,65
60	983	0,0048	0,48
80	972	0,0037	0,36
90	965	0,0033	0,31
99	959	0,0028	0,27

**Кесте 6. Судың көлемдік сыйылу коэффициентінің мәндері ( $\beta_c \cdot 10^9$ , Па<sup>-1</sup>)**

$t^{\circ}\text{C}$	әртүрлі қысымда				
	$50 \cdot 10^4$ Па	$100 \cdot 10^4$ Па	$200 \cdot 10^4$ Па	$390 \cdot 10^4$ Па	$780 \cdot 10^4$ Па
0	5,4	5,37	5,31	5,23	5,15
5	5,29	5,23	5,18	5,08	4,93
10	5,23	5,18	5,08	4,98	4,81
15	5,18	5,10	5,03	4,88	4,70
20	5,15	5,05	4,95	4,81	4,60

**Кесте 7. Су көлемінің жылулық ұлғаюы ( $\beta_t$ , 1/град.)**

Қысым, Па*10 <sup>4</sup>	әртүрлі температурада, °C				
	1-10	10-20	40-50	60-70	90-100
10	1,000014	0,000150	0,000422	0,000556	0,000719
980	0,000043	0,000165	0,000422	0,000548	0,000714
1960	0,000072	0,000183	0,000426	0,000539	-
4900	0,000149	0,000236	0,000429	0,000523	0,000661
8830	0,000229	0,000294	0,000437	0,000514	0,000621

**Кесте 8. Жер шарының кейбір пункттеріндегі еркін тұсу үдеуінің (g) мәндері**

Пункт атаулары	φ, град.	g, м/с <sup>2</sup>
Полюс	90 <sup>0</sup>	9,831
45 <sup>0</sup> ендік	45 <sup>0</sup>	9,806
Экватор	0 <sup>0</sup>	9,781
Астана	35 <sup>0</sup>	9,797
Алматы	30 <sup>0</sup>	9,791
Москва	55 <sup>0</sup> 45 <sup>1</sup>	9,815
Санкт-Петербург	59 <sup>0</sup> 56 <sup>1</sup>	9,819
Киев	50 <sup>0</sup> 27 <sup>1</sup>	9,811
Тбилиси	46 <sup>0</sup> 42 <sup>1</sup>	9,803

Ескерту. Әдетте, деңгендегі еркін тұсу үдеуінің сан мәнін (техникалық есептеулерде), 9,81 м/с<sup>2</sup> деп алады. Ал оның дәл мәні сол жердің географиялық ендігіне ( $\phi$ ) және теңіз деңгейінің биіктігіне ( $h$ ) байланысты мына формуламен анықталады,

$$g = 9,806056 - 0,025028 \cos 2\phi - 0,000003h.$$

**Кесте 9. Эртүрлі материалдардан жасалған құбырлар үшін эквивалентті бұжырлық**

Құбырдың түрі және материалы	Құбырдың күйі	$\Delta_3$ , мм
Түсті металдан және әйнектен жасалған	Жаңа, техникалық жылтыр	0-0,002
Жалғанбаған, таза	Жаңа, ұқыпты сақталған	0,01-0,02
Болат	Таза, жаңа	0,03-0,10
Жалғанған	Шамалы тottанған Қатты тottанған	0,3-0,7 2-4
Мырышталған	Жаңа, таза	0,1-0,2
Шойын	Жаңа, ластанбаған Бұрын тұтынуда болған	0,2-0,5 0,5-1,5
Асбест-цемент	Жаңа	0,05-0,1
Бетон	Жаңа Бұрын тұтынылған Өндөлмеген бетон	0,15-0,3 0,3-0,8 1-3
Полиэтилен	Таза, жаңа	0,003
Резинадан жасалған шлангілер	Таза, жаңа	0,03

## **ПАЙДАЛАНЫЛҒАН ӘДЕБИЕТТЕР**

1. Әбдіраманов Ә. Гидравлика. – Тараз, 2010, 472 б.
2. Әбдіраманов Ә., Жолдасов С.Қ. Гидравлика. Лабораториялық практикум. Тараз, 2009, 154 б.
3. Әбдіраманов Ә. Манақбаев Б.Х. Су техникасы терминдерінің орысша-қазақша сөздігі. Алматы, «Рауан», 1991, 150с.
4. Андреевская А.В., Кременецкий Н.Н., Панова М.В. Задачник по гидравлике. –М., 1970, 565с.
5. Штеренлихт Д.В. Гидравлика, Энергоатомиздат, -М.:184, 640 с.
6. Справочник по гидравлическим расчетам (под ред. П.Г. Киселева) М. Энергия, 1972, 312 с.
7. Мостков М.А. Гидравлика. –М., 1958, 347с.
8. Избаш С.В. Основы гидравлики. –М, 1952, 423с.
9. Емцев Б.Т. Техническая гидромеханика –М. 1978, 463с.
10. Альтшуль А.Д., Животовский Л.С., Иванов Л.П. Гидравлика и аэродинамика. –М. 1987, 414с.

**Әбдіманап ӘБДІРАМАНОВ,  
техникалық ғылымдардың докторы, профессор**

# **ГИДРАВЛИКА**

**Есептер мен жаттығулар жинағы**

**Редакторы**

**Корректоры**

**Компьютерде беттеген:**

**Төлеғенов Ш.**

**Жолдасов С.**

**Паримбеков Н.**

Басуға 07.06.2010 ж. қол қойылды. Қалыбы 60x84 1/16.  
Офсеттік басылым. Шартты баспа табақ 8,84. 9,5 баспа табақ.  
Таралымы 500 дана. Талсырыс №1987.



«Сенім» ЖБО ЖШС-де басылды.  
Тараң к., Төле би кеш. 22 үй. Тел. 43-32-84.  
E-mail: [senim-taraz@rambler.ru](mailto:senim-taraz@rambler.ru)